

Бақыт Кәрібаева

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ
ЛИРИКАСЫНЫҢ
ПОЭТИКАСЫ

Әдеби-сын мақалалар



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1988

83.3 Қаз
К 24

Пікір жазғандар:

Т. ГОКБЕРГЕНОВ, Т. ӘСЕМҚҰЛОВ

Кәрібаева Бақыт.

К 24 Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы: Әдеби-сын мақалалар.—Алматы: Жазушы, 1988.—152 бет.

Бұл кітапта қазіргі қазақ лирикасының ерекшеліктері зерттеледі және болады. Автор бұл жанрдың дәстүрлі даму жолдарына барлау жасап, оның бастау бұлақтарына бойлайды. Еңбекте М. Мақатаевтың, Т. Айбергеновтың, Қ. Мырзалиевтің, М. Шахановтың және басқа да қазіргі белгілі ақындардың шығармаларын талдауға көңіл бөлінген.

К $\frac{4603010202-115}{402(05)-88}$ 17-88

83.3Қаз

ISBN 5-605-00017-9

© «Жазушы» баспасы, 1988



БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдебиеттану ілімі — қашаннан да синкретті ілім. Тарих, философия, этика, эстетика және де бүгінгі таңда айрықша өркендеп отырған математика элементінің енуі әдебиет мәселесінің күрделене түсуінің көрінісі. Міне, осындай жағдайда ғылым мен оның методологиясы қатар даму заңдылығы туады.

Әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелеріне ерекше ыңғай ала отырған жағдайда Бушмин, Барабаш Поспелов, Храпченко сияқты ірі ғалымдарымыздың теориямен бірге методологиялық мәселелерді алдыңғы орынға жылжытып отыруы ғылымдағы жауапкершілік, азаматтық деп білу керек. Мәселен, А. Бушмин өзінің «Наука о литературе»¹ деген үлкен монографиялық еңбегін тұтастай әдебиеттің методологиялық мәселелеріне арнайды. Бұл мәселеде бүгінгі күннің ең көкейкесті сауалдарын көтереді.

«...Теория литературы, включая в качестве своей составной части методологию литературоведения, развивается в процессе обобщения и философско-эстетического осмысления всей совокупности фактов историко-литературного процесса, основывается на свидетельствах истории литературы и литературной критики и, в свою очередь, вооружает их руководящими идеями и принципами»² деп ғы-

¹ А. Бушмин. Наука о литературе. М., Современник, 1980, с. 334.

² Сонда. 36 б.

лымдағы демократтық бағытын айқын танытады. Мұның бәрі көркем шығарманың ішкі ерекшелігін, құрылыстық жүйесін зерттемеу деген сөз емес. Әңгіме оның методологиялық бағытында. Ғалым тағы да сол еңбегінде: «Горячо дискутируется вопрос о применении структурных методов в области поэтики. Однако, дело пока ограничивается преимущественно замещением понятий содержания и формы понятиями элемента и структуры» деп ең негізгі мәселеге көңіл аудартады.

Шындығында да көркем шығарманың таза құрылыстық «моделі» оның поэтикалық ерекшелігін құрай ма? Немесе, түр туралы Аристотель салған белгілермен бүгінгі әдебиетті өлшей аламыз ба? Аристотель кезіндегі әдебиет пен бүгінгі әдебиет дамуы бір ме? Бұлар — қазіргі әдебиеттану ғылымының даму барысында аттап өтуге болмайтын сауалдар.

Әдеби жанрдың қай-қайсысы болмасын, оның ішінде біз арнайы сөз еткелі отырған лириканың поэтикалық ерекшеліктерін ашу үшін әлгі сауалдарға тереңдеп үңілмей, зерттеу жүргізу мүмкін емес.

Соңғы жылдары әдебиеттану ғылымында поэтика, эстетика мәселелерінің өз алдына объект етіп қойылуында да мән бар. Поэтика мен эстетиканы әдебиеттің көркемдік ерекшелігі тұрғысында ғана емес, оның идеялық бағытын айқындау құралы ретінде де тану қажеттігі туып отыр. Бұл салада Ю. Барабаштың «Вопросы эстетики и поэтики»¹ деген зерттеуі — айтары мол еңбек. Ғалым: «сенікі дұрыс емес, менікі дұрыс» деу үшін қай ілімнің де түп-төркінін зерттеу керек, ғылым деңгейде зерттей отырып көз жеткізу керек» дейді. Өзі де осы қағиданы қалытқысыз ұстанады.

20-жылдардың өзінде формалистермен күресе отырып, стиль, түр мәселесінде Веселовский, Жирмунский, Бахтиндер бағалы ғылыми жаңалықтар ашты. Сөздің ішкі мәніне үңілуде оның поэтикалық қабаттарын зерттеуде, маркстік-леннидік эстетика-

¹ Барабаш Ю. Вопросы эстетики и поэтики. М., Современник, 1979, с. 416.

лық принципке сүйенген алғаш совет ғалымдарының легі еді бұлар.

Поэтиканы бүгінгі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесіне айналдырып отырған Ғалым М. Храпченко ілімі де осылардың озық дәстүрінен нәр алады. Бұл саладағы Храпченко қойып отырған маңызды методологиялық ғылыми мәселелер бұл ілімнің жаңа бағытта жандануына жағдай жасап отыр. Мәселен, ғалым бір уақыттарда поэтика деген ұғымның көмескіленіп, әдебиет теориясының ішіне еніп кеткенін, ал, бүгін оның пән ретінде бөлінуі керектігін батыл көтереді. Поэтиканың бір жақты — не тіл, не әдеби категория ретінде қарастырылуының терістігін көрсетеді.

М. Храпченко мәселеге нақты келеді: «Вопросы, разрабатываемые поэтикой и стилистикой, выходят далеко за пределы того, что по традиции обозначается понятием «структура художественного произведения». Сюда никак нельзя отнести изучение, например, творческих методов, жанров, стилевых течений и т. д. Стремление придать поэтике и стилистике подсобный, вспомогательный характер только задерживает их развитие. В то же время несомненно, что углубленная разработка проблем поэтики и стилистики очень важна и для подъема общего уровня литературоведческих исследований, и для совершенствования литературной критики»¹ дейді.

Біз бұл айтылғанды қазіргі таңдағы ең алдыңғы қатардағы ғылыми пікір деп танымыз. Өйткені, жалғыз формалдық ізденістердің ешқайсысына да орын жоқ. Сыңаржақтықтан аулақ, қоғамдық өмірдегі әдебиеттің ролін биіктету көзделіп отыр. Әдебиет жайлы ілімнің өз өрекшелігіне қатты мән беріледі. Міне, мұның бәрі маркстік-лениндік философияның түбегейлі мақсат-мұратымен тамырлас жатыр.

Поэтика мәселесінде ертеден келе жатқан даулы нәрсе — стиль. Жалпы жазушы стилі әдебиетшінің бе, жоқ тілшінің объектісі ме? Немесе, лингвистикалық поэтика деп бөліп алып оны тілшіге, ал әдебиетке көркем шығарманың образдық жүйесін

¹ Храпченко М. Б. Художественное творчество, действительность, человек. М., 1976, с. 353.

жүктейміз бе? Мұндай пікірлер де біраз уақыт үстемдік еткен. Бірақ, оның көркем туынды табиғатынан алшақтататын зиянды жағы да жоқ емес. Бұл пікірімізді лингвистикалық ілімді танымау тұрғысында айтып отырғанымыз жоқ. Чичериннің айтуы бойынша, алғашқы кезде Потебня Фосслердің (неміс филологы) ықпалында көбірек болған. Ал, Фосслер өнерге тән эстетикалық принциптің көпшілігін лингвистикаға жүктеген. Алайда, стиль жайлы ілімнің философиялық терең мәніне жетелейтін де сол Потебня болатын. Ол өзінің алғаш «Мысль и язык»¹ деген кітабында тіл дегеніміз «постоянная работа духа» деп анықтама берген болатын. Әдебиет пен тіл заңдылығына жетік ғалым екі ілімнің ара жігін тым нәзік ажыратады.

Бұл тұрғыда ғалым Бахтиннің де ролі ерекше. Ол кісі де мүмкіндігінше әдебиет пен тіл мәселелерін ортақтастыратын категорияларды назардан тыс қалдырмайды. Сонымен бірге нәзік өзгешеліктерін логикалық жүйеде дәйектейді. Ұғымға жететін шындық негізінде дәлелдейді.

Поэтика мәселесі стильмен тікелей байланысты. Поэтика ауқымы стильден кең деген Храпченко пікіріне біз де қосыламыз.

Стиль жайлы ғалымдар арасындағы тартысты сонымен бірге стильге берілген анықтамаларды саралап шығу мүмкін емес, қажет те емес. Көпшілігінің пікірі, әрине, форма мен мазмұнның бірлігіне саяды. Сол сияқты, стильдеп шығарма авторының көз-қарасын, образ, композиция, метод т. б. көптеген компоненттердің тұтастығын көретін ғалымдарымыз да баршылық. Осының бәрінің шындығын мойындай отырып Храпченко «Стиль — высшее единство всех этих категорий» — дейді. Бұл пікірден біз бір сәт стиль мен поэтиканың тұтасып кеткенін көреміз. Неге десеңіз, ғалым стильді барлық «заттық» ұғымнан тазартып тұр ғой. Өнер рухымен өлшеп айтып отыр. Поэтикаға да осы тұрғыдаи келуімізге әбден болады. Көркем шығарманы эстетикалық тұрғыда ғана тану жөніндегі тенденция осы-

¹ Потебня А. А. Полн. собр. соч. Одесса. Гос. изд-во, 1922. т. 1., Мысль и язык — с. 188.

дан шығатын болу керек. Ғалым В. Виноградовтың да көркем шығармадағы экспрессивтік сөздерге ерекше ден қоюы да осы тенденциямен байланысты сияқты. Алайда, шығарманың эстетикалық қасиетінің өзі тек экспрессивтік мәнді сөздер арқылы тумайтынын Бахтин орынды дәлелдейді. Яғни, көркем шығарманың барлық сапалық артықшылығы оның эстетикалық әсерін күшейте, арттыра түседі.

Ендеше стиль компоненттерін жан-жақты қарастырудан эстетикалық нормаға нұқсан келмейді және келтірмеу керек.

Ғалым В. В. Виноградов көркем шығарманың поэтикалық стилін үш салада — образды жүйеде, тілдік және өзгеше лингвостиль тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Бірақ, бұлайша шекара қойып, бөліп тастауға Храпченко қарсы. Жалпы қазіргі ғалымдарымыздың әдебиеттану ғылымын көркем шығарма табиғатынан алшақтатпауы, өмірмен байланысын көздеуі — игі іс. Ғылымға деген осы көзқарас тарихи поэтика мәселесінің күрт көтерілуіне жағдай жасап отыр. Бұл салада Лениндік сыйлықтың лауреаты Храпченконың батыл қадамы көзге түседі. Әсіресе, тарихи поэтикаға байланысты Веселовский ілімін ілгерілеті, әдебиеттану ілімінің актуальды қырларын ашып отыр. Ол Веселовский іліміне нақты творчестволық түзетулер енгізіп, уақыт салдарынан кеткен кемшін тұсын анық көрсетуге тырысады. Сонымен бірге ғалым жоғарыдағы еңбегінде тарихи поэтиканың әдебиет тарихынан, стилистикадан (бұлар бір-бірімен тым жақын пәндер) өзгешелігі мен байланысын да жақсы көрсетеді. Расында да жазушының ұстанған көркемдік бағытын, стиль ерекшелігін сараламай, оның поэтикасын түсіндіру мүмкін бе? Әдеби компоненттердің даму эволюциясын, оның эстетикалық функциясын пайымдау үшін де бізге әлгі компоненттер аuadaй қажет.

Мәселенің түп-төркіні — біздің отандық әдебиетіміздегі көптеген зерттеу еңбектерімізде жанр, стиль мәселесінің қарастырылуы жоғарыдағы ғылыми ой дамуының негізгі принциптерінен алшақ жатуында. Сондықтан ол әр түрлі поэтикалық тәсілдің құрғақ тізімі болып шығуына апарып соқтыруы

да мүмкін. Сөйтіп диалектикалық бірліктен айрылады. Ғалымның көздеп отырғаны осы тұтастық.

Жоғарыда шолып өткен теориялық байламдар— қазіргі әдебиеттану ғылымын өрістетуде үнемі назарымызда ұстап, салмақтап отыруға тиісті принципті мәселелер. Ендеше өлең сөз поэтикасын зерттеуде де біз осынау өміршең методологияға сүйенгеніміз жөн сияқты.

Яғни, біз бүгінгі лириканы сөз еткенде ертеден келе жатқан, ғұмыры ұзақ бұл жанрдың өміршеңдік сыры, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, дәстүр жалғап келе жатқан иегізгі қасиетін, көркемдік критерийлерін көздеуге тиіспіз. Осы биіктен барып көркемдеу құралдарына, образ даму эволюциясына, амал-тәсілдеріне қарай ойысамыз. Әрине, мұның бәрі жанды процесс күйінде көрініс беруге тиіс.

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ

Жазба әдебиетіміз Ұлы Октябрь революциясымен тығыз байланысты екені баршаға аян, ал ауыз әдебиетіміздің ежелден келе жатқан дәстүрлі байлықтары бар. Алайда, оны екшеу, саралау мәселесі әлі кешеуілдеу дамып келе жатқанын жасыруға болмайды. Біз сөз етіп отырған лирика, оның поэтикасы жайлы да осы пікірдеміз.

Бұл тұрғыда біздің қазақ әдебиеттану ғылымының алдында зор міндеттер тұрғанын айта кету ләзім. Жалпы бұл жанр жайлы сөз сараң, арналы зерттеу жоққа тән. Бұл мәселе поэзия жайлы жалпы зерттеулердің ішінде түйір қанттай еріп кетіп жүрген жәйі бар. Жанрлық жүйесі, даму тарихы өз мәнінде типтендіріліп, ғылымда айтарлықтай сипат алған жоқ. Сондықтан бұл саладағы ғылыми тәжірибе мүлде аз. Алайда, арнайы монографиялық деңгейге көтерілмегенімен пікір жүзінде болса да салынған жол жоқ деуге болмайды. Ең алдымен тілге тиек ететін елеулі еңбек—*Ө. Тәжібаевтың «Өмір және поэзия»*¹. Әдебиеттану ілімінің тым жас

¹ *Тәжібаев Ө. Өмір және поэзия. Алматы. Қазмемкөрәдбас, 1960. 482-б.*

тәжірибесі зерттеуге салқынын тигізгенімен, оның авторының көрнекті лирик екендігінің өзі еңбекке ерекше сипат береді. Жанр табиғатына, ақын лабораториясына етене жақындық зерттеу объектісінің өзіндік спецификасын аша түсуге мүмкіндік туғызады. Сондықтан да Әбекең қарапайым түсінікпен болса да, ғылыми пайымдауларын аңғартып отырады. Мәселен, белгілі ақындарға арналған монографиялық еңбектердің қажеттігін, лирика поэтикасына байланысты еңбектің жасалуы керектігін атап көрсетеді.

Қазақ өлеңіне баға беру өткен ғасырда-ақ өрістей бастады. Өзімізден де гөрі өзге жұрт өкілдерінің, оның ішінде, орыс ғалымдарының назарын өзіне аударды¹.

Ал, шын қазақ өлеңінің ұлттық мән-мазмұнын түсініп, оның зерттелуінің ғылым негізін салған тұңғыш ғалым — Шоқан Уәлиханов еді. Ғалым лирика жанрын арнайы зерттемесе де бұл жанрға қатысты көптеген құнды пікірлер айтты. Ш. Уәлихановтың бұл дәстүрі қазақ әдебиеттану ғылымында әрі қарай өрістеді. Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, Е. Исмаилов, З. Қабдолов, З. Ахметов, Т. Қәкішев, Б. Уахатов т. б. монографиялық еңбектерінде қазақ өлеңінің мәселесі әр қырынан жан-жақты зерттеу объектісіне ілінді. Олардың ішінде, өлең сөздің поэтикалық сипаты қоса қарастырылып отырады.

Поэтика мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында орталық мәселе ретінде қойылып, өз мәніндегі шешімін тапқан жоқ. Жаңа дамып келе жатыр. «Поэтика» деп ат қойып, айдар таққанымызбен ол әлі бастау ғана. Алғашқы сөз ғана. Өйткені бұл сияқты күрделі мәселе бірлі-жарым еңбекпен шешіле қоймайды. Мәселен, Т. Қәкішевтің «Сын сапары» атты кітабында «Халықтық арна» деген тарау бар². Онда сонау фольклордан мәлім болған халқымыздың рухани әлемі, әсемдікті айрықша қадыр тұтатын талғамы, рухани мұраны екшей білетін сыншылдық қабілеті дұрыс көрсетіледі. Құрғақ сөз

¹ Бартольд В. В., Березин Н. Н., Якушкевич А., Радлов В. В. т. 6.

² Қәкішев Т. Сын сапары.— Алматы, Жазушы, 1971. 176-б.

түрінде емес, деректі материалдарға сүйене отырып, ғылыми дұрыс методологиялық жүйемен дәлелденеді.

Т. Қәкішевтің әдебиеттану ғылымы негізінде қарастырып отырған мәселесін, яғни, қазақ халқының өнерге, сөз өнеріне жетік болғандығын өзге ғалымдар өкілдері де дәлелдей бастады. Мәселен, М. Мұқанов «Ақыл-ой өрісі»¹ атты монографиясында халық қиялының аса бай, терең де жай-жақты екенін эксперименттік тұрғыда ғылыми дәлелдеп шықты. Халықтың ақыл-ойының кемелденуіне олардың өнерге ерекше жақындағыны зор ықпалын орынды көрсетеді. Төркіні халықтық мұрада жатқан халқымыздың мол рухани қазынасы әлі талай буындар сабақ алатын эстетика мектебі ғой. Ендеше, сол халықтық шығармалардың тілдік-эстетикалық сипаттарын салалайтын, жанрлық даму эволюциясын көрсететін еңбектерге суеап-ақ отырмыз.

Фольклор жайлы әлі жалпы, асып кеткенде тарихи зерттеулерден босана алмай келеміз. Сол үлкен арнаның көркемдік астарына ұласқан, поэтикалық эволюциясын ашатын еңбектер де бізде жоққа тән. Яғни, тарихи поэтика мәселесі — қазақ әдебиеттану ғылымында әлі қолға алынбаған тың мәселе. Ал, Т. Қәкішев монографиясында осы ілімнің көтерілуіне, қанаттануына түрткі боларлық тың пікірлер баршылық. Сол сияқты өлең сөздің поэтикасы нақты сөз болатын. З. Қабдоловтың², З. Ахметовтың³ монографиялық еңбектерін құрметпен атай аламыз.

Лирика негізінен өміршең жанр. Бір ғана дәлел — халық әндеріне негіз болған өлең ешқашан ескірмейді. Құнын жойып, бояуы солғын тартпайды. Халық әні, халық өлеңі дегеннің бір ұғымға айналып кетуінде де сыр бар.

Лирикалық шығармалардың поэтикалық ерек-

¹ Мұқанов М. Ақыл-ой өрісі. Алматы, Қазақстан, 1980. 169-б.

² Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, Мектеп, 1970. 377-б.

³ Ахметов З. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, Наука, 1970, с. 207.

шелігіне арнайы өзек етпегенмен жалпы қазақ поэзиясының тілі, бейнелеу құралдары жөнінде М. Дүйсенев, М. Базарбаев, Қ. Өмірәлиев, С. Негимов т. б. зерттеу еңбектерінде біршама сөз болады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын қазақ поэзиясының көркемдік ерекшелігін жаңаша ғылыми-методологиялық аспектіде қарастыруға ұмтылатын еңбектер. Біздің мақсатымыз — бұл еңбектерге талдау жасау емес, сондықтан тізімді де шектеп отырмыз. Біздің мақсатымыз — нақты поэтика мәселесіне, онда да лирика поэтикасына қатысты пікір, ғылыми жүйелілік ізін іздеу еді. Осы тұрғыдан келгенде Б. Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңі» (Алматы. Ғылым, 1974, 230-б.) және Қ. Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» (Алматы. Ғылым, 1983, 240-б.) атты еңбегін атап өтейік. Көріп отырмыз, екеуі де соңғы жылдар жемісі.

Құлмат Өмірәлиевтің зерттеуінде лирикаға жанр тұрғысынан қарап нақты үңілуі, сол сияқты жанрға тарихи әрі көркемдік бүтіндік позициясынан келуі жағынан ұтымды, қызықты. Зерттеуші түр, мазмұн, стиль, мәселелерін бір-бірінен бөле жарып қарамайды. Көркемсөз мәселесінде бұлай зерттеу Одақ көлеміндегі озық методологиямен үндес жатқанын сезінеміз, құптаймыз. Әсіресе, зерттеушінің ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің түрлік, мазмұндық айырмашылығын, байланысын ашатын Дулат, Абай шығармалары арқылы лирика жанрының эволюциясына үңілуі, оның тарихи мотивтерін іздеуі еңбекке ғылыми сипат береді. Сөздің тарихи және көркемдік сырын ұштастыруға тырысады. Сондай-ақ еңбектің полемикаға шақыратын жақтары жоқ емес. Бірақ, бізді осы әдеби зерттеудің жаңаша бағыттағы формасы, тәсілі, түрі болашақ зерттеушілерге әсер етері, ықпалы мол болары ақиқат.

Ал, біздің объектімізге тым жақын тұрған Б. Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері»¹ атты монографиясының «Лирика» атты тарауы. Тарау болғанмен тұтас жанрдың поэтикалық эволюция-

¹ Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974, 230-б.

сына тереңдеп бойлайтын құнды зерттеу деп білеміз. Жанрдың поэтикалық ерекшелігін оның генезисімен сабақтастыра қарастырады. Сондықтан біз, осы еңбекке сүйене отырып, сөз сабақтауды, ой өрбітуді жөн көрдік.

Зерттеуші халықтық лириканы түркологтардың, Ш. Уәлихановтың стилінде зерттегені аңғарылады. Жанрдың өнерлік қуаты, поэтикалық астарынан гөрі тарихи сарын, тарихи дәлел-жүгініс негізгі бағыт алып отырады. Поэзияның жалпы ұлттық сипаттарын ашып, кейбір түрлік құрылымдардың генезисіне барады. Ол лириканы «қара өлең», «тарихи өлең» деп бөліп қарастырады. Әрине, мұның бәрінде ғалым өзінің зерттеу мақсатына орай ғылыми тәсіл қолданып отыр. Алайда автордың өлең құрылысының генезисіне үңілуі — сөз жоқ поэтика мәселелерімен түйісетін тұсы. Мәселен автор ұйқас туралы ғылыми деректерге сүйене пікір айтады: «Әр сөздің бір-бірімен сырттай да болса үйлесіп, үндесіп тұруы — табиғи құбылыс. Бірақ, көне заман адамдары сөздің бұл кереметін бірден түсіне алмай, әуелгі кезде тек оның сиқырлы жұмбақ сырына ғана елтіп, әсерленген болса керек. Дегенмен, жылдар жылжып, уақыт өткен сайын фонетикалық жағынан бір-біріне жақын, туыс, үндес дыбыстар сөйлем ішінде әлденеше рет қайталанып келіп, ойда жоқ жерде тыңдаушысын да, сөз несінің өзін де таңдандырғаны ақиқат. Демек мұндай табиғи жолмен пайда болған ұйқастар ғалымдардың пікірінше кенеттен туып, келе-келе соның өзі белгілі бір дағдыға, ереже қалыпқа айналған тәрізді»¹. Көріп отырмыз, зерттеуші сөз өнерінің спецификалық ерекшелігін қатты ескере сөйлеп отыр. «Табиғи жолмен пайда болған ұйқастар» дегенді автор тегін қолданып отырған жоқ. Өнер сырын үнемі тарих қойнауынан іздеудің сыңаржақтылығын сезіне айттып отырған сияқты. Осы ойын түбегейлі дәлелдеуге ол асықпайды, нақтырақ айтқанды мақсат етпейтін сияқты. Ұйқасқа қатысты соңғы түйіні сондықтан шашыраңқылық сипат алады. Ұйқас жәйлі көптеген ғалымдардың пікірін салыстыруы орынды-

¹ Сонда, 47-бет.

ақ. Сөзіміздің дәлелі үшін ғалым З. Ахметовтен бір үзінді келтіре кетейік: «...Сөз арасында туған мұндай үндестік, әрине, байқалмай қалған жоқ, тіпті мұның кейін функциялық қызметі біршама анықталған кезде, бұл әр түрлі формада, алғашқыда жеңіл, кіші-гірім поэтикалық формада (мақал-мәтел), ал, онан соң өлең-жырда бекіп, орныға бастады»¹.

Шығыс зерттеушісі Т. Ковальский «ерте замандағы түркі тектес тайпалар мен халықтардың арасында ұйқасқан поэзияның өзгеше ошағы бар» деп білген. Ал, В. М. Жирмунский мен Х. Т. Зарифов түркі поэзиясындағы ұйқастың тууына ұйтқы болған нәрсе — синтаксистік параллель сөздердің үндестігі» — дейді.

Т. Ковальский өлеңнің о бастағы жасалу формасын екі жолға әкеліп саяды. Сол екі жол келе-келе төрт жолға ауысқан деген жорамал жасайды. Бірақ, ол төрт тармақ өлеңнің бірте-бірте екіге бөлініп кету мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Ал академик В. Г. Горлевский екі жолдан тұратын өлең шумағын «ырғақты сөздердің ең алғашқы жабайы түрі» деп түсіндіреді. Оған түркі халықтарының мақал-мәтелдерін мысал етіп келтіреді. Сөз жоқ бұл пікірлер өлеңнің генезисіне үңілуде ғылыми құнды гипотезалар. Ғылым осындай жан-жақты пікірлерден шындалып шығады. Сол сияқты, Уахатов та бұл пікірлердің аясында қалып қоймайды. Өзінің ой-пікірлерін қарсы қоя алады. Мәселен, мақал-мәтелдерге қатысты ойын батыл айтады. Яғни, Бекмұрат мақал-мәтел көркем өнердің көне түрі дегенге келіспейді.

«...Сондай-ақ қазақ арасына көп тараған өлең түрлерінің бірі — қара өлең ылғи төрт тармақты, он бір буынды болып келеді» деп дұрыс байқап отыр. Жалпы буын өлшеміне орай қорытынды пікірін жинақтай айтуында да ешқандай оғаштық жоқ: «Сонымен, қазақ өлеңдерінің арғы төркініне көз жіберсек, ол бірде жеті-сегіз буынды, бірде он бір буынды болып аралас шыққанын көреміз. Рас, бір дәуірде жеті-сегіз буынды өлең өлшемі басымдық

¹ Ахметов З. А. Казахские стихосложение. А., 1964, с. 114.

етіп, көбірек қолданылған болса, екінші бір дәуірде он бір буынды өлшеммен өлең шығару шындыққа айналды» — дейді де, оның себебін мынадан көреді. «Бұл әрине, қазақ халқының өміріне сол өмірден туатын ел мүддесіне байланысты өзгеріп отырған»¹. Байқап қарасақ соңғы абзац алдыңғы ғылыми дәйектемелерге логикалық жағынан қабыспай тұрған секілді. Ел мүддесі оның өмір-тіршілігі өлеңнің генезисіне, поэтикалық өзгеріске ұшырауына жанама қатысы болуы мүмкін, бірақ тікелей байланыстыру қалай болар екен? Өлеңнің мазмұны мен формасында сөз жоқ, бірлік бар. Бірақ тікелей көркем шығарма формасының қалыптасу, даму тарихын халықтың әлеуметтік тарихымен ғана шектеу дұрыс бола қоймас деп ойлаймыз.

Өнердің жалпы тарихпен сабақтастығына қоса өзіндік заңдылықтары бар дегенді зерттеуші жоғарыда өзі де байқатқан сияқты еді ғой.

«Демек мұндай табиғи жолмен пайда болған ұйқастар ғалымдардың пікірінше кенеттен туып, келе-келе соның өзі белгілі, бір дағдыға, ереже қалыпқа айналған тәрізді» деген сөйлемнің мәнін аша түссе, динамикасын бақыласа дейміз. Ол жағына зерттеуші бойламайды. Яғни, өлең құрылысының генезисіне барғанда автор оның поэтикалық заңдылығынан гөрі сыртқы шарттылығына бой ұра береді. Біз мұны неге айтып отырмыз? Ғылыми құнды еңбектің бағасын түсіру ме? Жоқ, әрине. Біз өзіміз зерттемек мәселенің ұшығын табу. Сол төңіректе қолда не бар? Оны қалай жандандыруға болады? Қалай өріс ашуға болады? Осы мақсатпен үңіліп отырмыз.

Біздің көкейімізді тесетін нәрсе — лирика жанры туралы сөз еткенде біз оның образдық жүйесіне тиянақты көңіл бөлмей келе жатқанымыз. Жаир ретінде таныған жерде оның поэтикасы түбегейлі зерттелуге тиіс. Ал бүгінгі лирика поэтикасын сөз еткенде де біз оның образ динамикасын білмесек, сабақтасатын түйіндерін ажырата алмасақ байыпты талдауға бара алмаймыз. Сондықтан да бұл мәселеде кейбір ойларымыздың басын ашпай бол-

¹ Уахагов Б. Қазақтың халық өлеңдері. А., 1974, 51-б.

майды. Және бұл орайда жоғарыда ескерткеніміздей жаир табиғатының тарихи поэтикасын, динамикасын арнайы объект ете зерттегендіктен де біз негізінен осы еңбекпен әлі де біраз полемикаға баруға тура келіп отыр.

Б. Уахатов «қазақ өлеңі», «халық өлеңі» деген тараулар арқылы өлең түрін бөле қарастырады. Ол кісі таныған принциптік айырмасы мынау: «Қысқасы қазақ өлеңдерінің композициялық құрылысы жыр, толғау өлеңдеріндей емес, тұрақты, жинақты, қысқа болып келеді де, белгілі бір сезімнің төңірегіне құрылады. Толғау, термелер мұндай емес, композициялық құрылысында шашыраңқылық бар». Жақсы, келісейік. Ал енді мына салыстыруды қалай түсінеміз.

«...Ал халық өлеңдеріне келсек, мұның жәй-күйі мүлде басқаша, демек ол өлеңдердің қайсысын алсаңыз да, оның композициялық құрылысынан үнемі айнымай кездесетін мынадай тұрақты компоненттерді көреміз. Қазақ екі өлеңнің бірінде төрт түліктің түр-сипатын суреттейді.

Астында аиа қырдың жылқы жатыр,
Жылқымның жатқай жері былқып жатыр.
Сыдыртып мына қырға шыға келсем,
Кербездің кешкі ойнаған жұрты жатыр.

немесе:

Ауылым көшіп барды ылай жаққа,
Жарасар жапсам кілем иартайлаққа.
Көңілің шынымсеіеі болса менде,
Жамылып ала шапай шық аулаққа,—

деген жолдардың алдыңғы екі жолы мал баққан көшпелі ел тұрмысынан алынған»¹ дейді.

Біріншіден, «халық өлеңі», «қазақ өлеңі» деп отырған өлеңдер — лирикалық өлеңдер. Бұлайша бөліп тастауына берік дәлелі жоқ дейтініміз қазақ өлеңіне беретін анықтамасы мынау: «Қазақ өлеңдерін орындаушы ақын я әнші дегеннен-ақ өзінің өлең құмар, ән құмар әуесқойлығын айтып, біраз желпініп алады. Осындай жеңіл-желпі белгі-бедерлеріне қарап классификация жасай берсек ғылыми жүйеліліктен айрыламыз ғой. Өлеңнің композиция-

¹ Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. А., 1974, 56-б.

лық құрылысын талдау үшін халық өлеңінің мазмұнын егіншілік, күн көріс, кәсіп төңірегінен іздестіреді. Мәселе сонда, соның бәрін зерттеуші өлеңнің шығу тегіндегі негізгі факторлар деп біледі. Бұлай түйіндеу — сөз жоқ қарабайырлыққа жетелейді. Мәселен, жоғарыдағы шумақтың бастапқы екі жолы еуропа тұрғыны емес, мал баққан көшпелі ел тұрмысын бейнелейтіні бесенеден белгілі емес пе? Бірақ, өлеңнің сол бесенеден белгілі элементі оның поэтикалық мазмұны бола ала ма? Мәселе сонда.

Әдетте халық өлеңдерінің әдепкі екі жолы соңғы екі жолға тура мағыналық жағынан жуыспай, алшақ жатады. Көптеген ғалымдар оны ұйқас үшін алынған жолдар деп біледі. Олар әдеттегідей психологиялық не синтаксистік параллелизм немесе шендестіру де емес.

Орыстың халық өлеңдерінде ұйқас құрайтын соңғы сөз бір сөз табы не ыңғайлас синоним сөздер болып келеді. Ал, қазақ өлеңдері үшін әлгі тәсіл қалай пайда болды? Біздіңше, бұл жолдардың символдық мәні зор. Соған назар аударуымыз керек. Потенция өлең сөздің басты элементі символ деп біледі. Шынайы поэзияның өзге көркем сөзден түбегейлі айырмашылығы ой-қиялымызды шарықтағып ту алысқа меңзейтін символдық белгілерге ерекше ден қояды. «Шығыстағы ерекше ұйқас ошағы», ендеше сол терең символдық мәнімен де тығыз ұштас ұйқас.

Радлов сияқты Гордлевский де, кейінгі зерттеушілер де қазақ өлеңдеріндегі алғашқы жолдардың тексте айтылатын ойға қатысы жоғын көргенімен оның қандай поэтикалық жүк көтеріп тұрғанын көре алған жоқ.

Үстіме пешпент кидім ніл қарадан.
Ілгегін інжу-маржан кім қадаған.
Алыстан арып-ашып келгенімде
Көзіңнен аймалайын бір қараған.

Рас, алдыңғы екі жол мазмұндық жағынан соңғы жолдарға қатысы жоқ. Ал, шумақты тұтас оқығанда алатын әсеріміз жікке бөлінебейді. Ендеше алдыңғы екі жол мен соңғы екі жолды байланыстыратын бір құдырет бар. Тікелей айтқалы тұрған ойға қатыссыз жолдар — ауызға кездейсоқ түсе салған

жолдар емес сияқты. Өлеңді өлең етуге қызмет етіп тұрған талғамның түп төркіні осында жатыр. Арудың бір қараған көз жанары мен ніл қара пешпенттің інжу-маржан ілгегі расында бір түйсікпен сезетін ұқсастың бары рас. Бірақ оны әдебиет теориясындағы параллелизмге жанастыра алмаймыз. Мүмкін бұлай образды сөйлеу бейнелі тілдің жетілген түрі шығар. Солай деген күнде суреттеу көркем ойлаудың ең жоғарғы түрі деп кесіп айту да қиын. Өйткені, көркем өнер динамикасы оның үдемелі даму диалектикасына үнемі сәйкес келе бермейді. Яғни, көркемдік түр құралдарының бұрын не соң туғандығында емес, мәселе мәңгілігінің сырында, ұзақ ғұмырында болса керек. Дәл осы жерде өнер спецификасы ескерілсе екен. Халық өлеңдерінің ескірмеуінің түп-төркініне көз жіберуіміз содан.

Етікті әуел баста нәл сақтайды,
Бәйгіден еркін жүйрік алшақтайды.
Өлеңді айт дегенде қоя бермей,
Несіне әнші жігіт жалтақтайды.

Қолына домбыра ұстаған екі ақынның бірі ойланбай айта салатын сыралғы жолдар сияқты. Алайда, құлақтың еті өлген қарапайым жолдарда қаншалықты поэзиялық қуат, мінез жатыр. Қазақ әнінің өміршеңдік сыры ендеше поэзиямен тыныстауында. Шынайы поэзиядан әсем әуен қанаттанатындай. Мәселен, жоғарыдағы шумақтың мазмұнын әнші жігіттің әнді оңды-солды айта білетінін хабарлау деп түсінсек, оның өлеңдік негізгі қасиетін мүлде елемегендік болып табылар еді. Бақсақ, осы шумақтың поэзиялық өрісі алдыңғы «мағынасыз» екі жолда жатқан сияқты (Қазақ әдебиеттануында бұл мағынасыз екі жол тұтас шумақты талдауда әзір еш қызмет атқарып көрген емес) княлымызды шарықтатады. Бір сәт тіршілік уысынан босанып, алдымыздан өзгеше кеңістік ашылғандай болады. Міне, тілдің қоғамдық қарым-қатынас құралы болудан басқа семантикалық қызметі, функционалдық қолданылуы дегеніміз — осы.

Көркем туындыны оның ішінде поэзияны тану үшін тіл табиғатын жете меңгеру қажет. /Өйткені,

сөздің поэтикалық көп астарлылығы тілдің сол екінші қызметі деген сөз.

* * *

Ә. Тәжібаев: «Лириканың негізі — халық өлеңдерінде әсіресе сал-сері атанған: Ақан, Біржан, Жаяу Мұса, Ыбырай, Әсеттерде жатыр»¹ — дейді. Өте дұрыс пікір. Сонымен бірге, бүгінгі әдебиеттану ілімінде дәлелдеуін аса қажет ететін пікір. Біз жоғарыда да лириканың ішкі табиғатына үңілетін еңбек қазақ әдебиеттану ғылымында жоқтың қасы екенін айттық.

Б. Уахатов «ән тексін музыканттар үлесіне қалдырдық» дейді де лириканың «қара өлең», «қайым өлең» түріне тоқталып кетеді. Яғни, жоғарыда аттары аталған әнші-композитор поэтикасы назардан тыс қалып келеді. Е. Исмаилов: «Ақан сері бүкіл Сарыарқаны аралап ән салады, серілік құрады. Ақанның жанында үнемі 15-20 жігіт жолдастары болады. Бұлар жүрген жерінде жалғыз ән салып, өлең айтып қоймайды, айтысады да, қосылып (хормен) та ән айтады, ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп, аударысып ойнайды. Өздерімен бірге аттарын да ойнатады. Елдің балуан жігіттерін жинап, күрес ашады. Шілдехана, қыз ойнақ кештерін жасайды, жақсы әнші, жақсы ақын жігіттермен қыздардың сөздерін, әндерін сынға алады, жұртқа тыңдатады»² — дейді. Міне, бұлар кең сахараны сахна жасаған театр өнерпаздары. Онда да опера-балет, драмалық, музыкалық т. б. театр актерлері мен орындаушылары. Майталман мерген, циркач, әдебиет зерттеушісі, сыншысы, музыка зерттеушісі, ең соңында көкірегі сызды мұң мен отты жігерге толы әнші-композитор, көңілінен көк ала үйрек ұшқан аруақты ақын. Бұлардың қай өнері болмасын бір-бірінен кем түсті дей алмаймыз. Керісінше, бірін-бірі толықтырып отырғаны белгілі.

Дегенде де, сол сал-серілер алдымен ақын болды-ау деген ой бізді қажай береді. Бұл ойымызды Е. Исмаилов былай деп бекіте түскендей:

¹ Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. А., 1960, 265-б.

² Исмаилов Е. Әдебиет жайлы ойлар. А., 1968, 96-б.

— «Шын талант иесі өмірлік құбылысқа бейтарап қарамайды. Ойын-сауыққа қанша қызықса да өзі толғантқан жайларды аттап өте алмаған. Ақын серілік дәурені жүріп, көптеген ән-өлеңдері халық арасына кең таралып жайылған шақтарда да заманы, жақсылық пен жамандық, бар мен жоқтық, достық пен махаббат, араздық пен татулық жайына көптеген өлең, толғаулар шығарып айтады. Біржан айтып таратқан әлеуметтік мәні бар өлең-жырлардың оннан бірі ғана сақталып бізге жеткен»¹. Яғни, әлеуметтік мәні бар өлеңдер жазып, азаматтық деңгейге көтерілген ақын оған дейін де көптеген ақындық мектептен өткен, өмір парқын жете түсінген, бұрынғы-соңғы шежірелермен таныс сұңғыла ақын еді деген сөз. Міне, бұлар халықтық тіл қазынасының шынайы жалғастырушылары, халықтың рухани байлығының шын мұрагерлері еді. Біржан, Ақандар халықтың бай тілдік мүмкіндігін, образдық жүйесі мен ойлау арсеналын тың күшпен молықтырған да тұлғалар. Бірақ бұлар бірден-бірге жалғасқан қазақтың сөз өнерінің бір түлегі ғана. Бұлар сусындаған бұлақ көзін біз қашан да аршып отыруға тиістіміз. Өйткені ол жеке — жарым кісі ғана емес тұтас ұрпақ, келешек буын сусындайтын, тартылып, таусылмайтын мөлдір бұлақ көзі. Бұл үзілмес алтын арқауды ғылыми дәйектеуіміз керек: әдеби, тілдік, поэтикалық тұрғыда өзінің спецификалық заңдылықтары негізінде тереңдете тиянақты зерттеуіміз керек. Тарихи поэтикаға біздің зәрулігіміз әр жерден осылайша сезіліп-ақ қалады.

Ел арасында көне көз қариялардан мол мәлімет жинаған зерделі зерттеуші Е. Исмаилов бұл мәселе жөнінде де аса құнды деректер қалдырды: «Шыңғыс, Тұрлыбек, Тезек төрелер өзінің мәжілістес ақын, шешендерін көтермелеп, сыйлықты үйіптөгіп беріп отырғандарын ескермеске болмайды.

Орынбай мен Арыстанның, Шөже мен Тезекбайдың, Шөже мен Орынбайдың айтысқан өлеңдері Біржанның жас кезінде зор ықыласпен тыңдап, жаттаған репертуарына айналыпты. Біржан бұрынғы шешендердің нақыл сөздерін де, атақты майтал-

¹ Исмаилов Е. Әдебиет жайлы ойлар. А., 1968, 100-б.

ман, суырып салма ақындардың сөздерін де үлкен өнер үлгісі ретінде кейін есейген шағында еске түсіріп айтып отырған. Орыбайдың Сералы қожаға қарсы:

Шарифат айтар болсаң кітап ұста,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам.

Нұркей ақынға қарсы:

Жақсы көрген кісіммен піскесемін
Жаман көрсем айғырдай тістесемін.

Тоғжан ақынға қарсы:

Мен дария жайлаған жайын едім,
Шынымен мен туласам қайтар едің,—

деген сөздерін айтып отырады екен»¹.

Осы сөздердің Біржан көкірегінде мәңгі қалуында терең сыр бар. Әрбір сөз көкіректе жаттала бермейді. Қазақ өлеңі жанын толқытпаса, оны бой тұмардай қаснет тұтпаса «қазақтың өлеңінде нең бар, қожам» деген Орынбай сөзін тұтып қалмас еді. Қазақ өлеңінде кездесетін тіліп түсер шындықты, оралымды тапқырлықты өз жүрегінен шыққандай сезініп, келешек өлеңіне арқау етеді. Ол — ақын лабораториясында балқып қорытылды деген сөз. Осы бір нәзік процестің біз көбіне жеріне жете мән бермейміз. Сондықтан кейде сыңаржақтылыққа баратын кездеріміз де болады. Мәселен, Біржан творчествосын жап-жақсы зерттеген Е. Исмаиловтың «Рас, Біржан лирикасы халық өлеңдерімен тамырлас, халық өлеңдерінің әсемдік, лирикалық сарын-күйлерінен туып дамыған. Бұл Біржан лирикасының терең халықтық сипаты бар артықшылығы болумен бірге міні де»² деген пікірін қалай түсінуге болады. «Неге міні?» зерттеуші оны дәлелдемейді. Мүмкін Абай биігіне, Европалық аренаға көтеріле алмады дегені шығар. Бірақ ол мін емес қой. Қемшілік те емес. Ерекшелік. Сол сияқты фольклордан бермен қарайғы халқымыздың өлең жанры арқылы жалғасып келе жатқан эстетикалық өріс тікелей ұлттық колоритпен сабақтас. Сол ұлттық болмыс, ұлттық тіл дарыған өлең ғана өнер

¹ Исмаилов Е. Әдебиет жайлы ойлар. А., 1968, 96-б.

² Сонда. 110-б.

мұрасы бола алады. Тарихи формациялардың өнер-өлеңнің ішкі мүмкіндігіне қол сұға алмауы содан. Өнер трансформациясының өз заңдылығы бар деп қайталай беруіміз де содан.

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ
Алдымнан шықты сәулем — апақ шапақ.
Қиғені қара қамшат оқаланған,
Басында бір шоқ үкі бұлғалақтап.

(Біржан)

Бұл біз жоғарыда талдаған халық өлеңдеріне тән алыстан орағыту, бейнеліліктің символ мәндес үлгісінің көшірмесі емес. Мұнда нақты сурет бар. Теңеу емес, тыңнан қосылған метафоралық үлгілер бар. «Айдай сәулем» деп тұрған жоқ, «Алдымнан шықты сәулем апақ шапақ». Бұдан артық реалистік сурет бола ма? Сезім өткірлігі, таным тереңдігі бой көрсетеді. Бірақ ол халық өлеңдерінен қара үзіп кетті деген сөз емес. Өнер мұраты үшін қара үзіп кетудің қажеттігі жоқ, кете алмайды. Үйткені өнерге ұлттық нәр керек. Өлең эстетикасын оның ұлттық маңызына бөле аласыз ба? Халық өлеңдеріндегі символдық мәнің реалистік мазмұнға айналуы — Біржанның енгізіп отырған жаңалығы. Абай оны тіпті тереңдетіп әкеткенін білеміз.

Яғни, бұл сияқты сөз қолданыс, образ үлгілерін Біржан түп-түгел халық өлеңінен алды десек бір-жақтылық болар еді. Дара талант ерекшелігіне қиянат болар еді. Ол бейнелі тілдің пластикалық әсемдігін халық мұрасынан үйрене отырып, оны байытты да ғой. Дәстүр арнасы дара таланттар арқылы кеңиді. Ендеше Біржан, Ақандар мен халық творчествосының арасында биік дуал жоқ. Еш уақытта жоққа шығарылмайтын бір шындық — олар халық творчествосымен тығыз бірлікте болды. Бірде үйренсе, бірде сайысқа түсті. Бірде тең, бірде кем түсті.

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.

(Халық әні)

Аққуым айдын көлде жеке жүзген,
Көңілімде көлеңке жоқ сепен өзге.

(Халық әні)

Танадай көзін жарқылдап,
Алтынды кебіс сартылдап.

(Қыз Жібек жырынан)

Бұл жолдардан Біржанды тыс қарастыру мүмкін емес. Қайта Біржан, Ақандар тәлім алған эстетикалық мектеп осылар десек, қателеспейміз. Бұл сияқты ұлттық поэтикалық тілдің қайнар бұлағы уақытқа төтеп берері сөзсіз.

Өз тұрғыластарының ішінде Біржан творчествосының орны ерекше. Біржан творчествосы негізінен лирика жанрымен тікелей байланысты. Бұл жанрмен оны жақын еткен тек сұлу қыз, серілік, әсемдікті сүю деген сияқты жалпы сөз ақынның зор тұлғасын ашуға аздық етеді. Біржан эстет ақын емес, символкадан гөрі суретке, романтикадан гөрі өмірге жақын адам. Оның өршіл романтикасы реализммен суарылған. Бірақ ол форма мен мазмұнда тым тосындық танытпайды. Оның өсуі, ілгерілеуі тым нәзік жолдармен, табиғи қалыпта, ұлттық сана-сезімге зәредей де зақым жасамай отырып іске асады. Ұлттық поэзиямызға неше түрлі өзіндік нақыс, өрнектер енгізді. Сол арқылы көркем өнерді жаңа рухани кезеңге көтерді. Ендеше, Біржанды халық поэзиясынан бөліп алып қарастыратын мезгіл әлдеқашан жетті деп ойлаймыз. Оған Сара қызбен айтысының көркемдік ерекшелігі айқын дәлел. Әрине, айтысқа дейін ол көркемдік шындалу, кәдуелгі творчестволық кезеңдерден өтті.

Біржан көптеген өлеңдерімен халық поэзиясынан бөліне бастады. Ол жерінуден емес, уақыт талабына орай түлеу еді. Мәселен, біз жоғарыда айтқан символ мәндес, меңзегіштік тәсілді Біржан кейініректе көп қолдана қоймайды. Халық өлеңінде жиі кездесетін мағынасыз жолдарды, олардың қосарлана қайталанатын тәсілін, параллелизм түрлерін де жиі пайдаланбайды (бұл тәсілдер мүлде сөнді деп түсінбеу керек, оларды жаңғыртып жаңа тәсіл ететін уақыт бәрібір келеді).

Қарағым айшалайын көз көргенім,
Бұралған тал шыбықтай қыпша белім.
Сөзің бал, тісің меруерт, беу, қарағым,
Есімде мен сендік деп сөз бергенім.

Осы шумақтағы кейбір бейнелі тіл қолданыстары, теңеу, метафора реттері Абайдың классикалық үлгісіне бейім тұр. Біржан: «Сөзің — бал, тісің — меруерт», Абай: «Иісің — гүл аңқыған, нұрың — күн шалқыған». Тек Біржанның иірім-қайырымдары халықтық. «Беу қарағым», «Мен сендік деп сөз бергенің» сияқты оралымдары қара өлеңді әлі үзіп кете алмауының белгісі.

Абай Біржан өнерін тегін құрмет тұтпаған. Оның творчествосынан тың тыныс сезінгені ақиқат. «Сырғақты», «Жонып алды», «Жанбота» ән-өлеңдерінің өлеңі де, әні де Абай өнерімен түбегейлі мұраттас екенін танытты.

Ақтүйғын құс қолымда сырғақты ма,
Басып-басып алайын ырғақтыма.
Бозбала, саған айтар өсиетім,
Жақын жүр әлпештеген ардақтыға.

Өлеңнің оптимистік рухы ақынның эстетикалық биік талғамымен жарастық тапқан. Бұл жерде тіл айшығынан гөрі ауқымды эстетикалық ой салмағы басым. Бұл сипатты өлеңдерге «Жамбас сипар», «Талай заман» өлеңдерін жатқызуға болады. Мысалы:

Ал десе еркін жүйрік ағындаған,
Ақылға кейбір надан бағынбаған.
Жігіттік бойға біткен бір гауһар тас,
Қартайсаң қайта айналып табылмаған.

Бұл дидактика емес. Біржанның бұл қатарындағы өлеңдерінің қай-қайсысы да дүние нарқын поэзияға айналдыруда ақынның өнерлік қарымын танытады. Адамның өмірден ілер сң қымбатын адамның асқақ сезімімен өлшейді. Шынайы өнер туымен көтереді. Ақынның аз сөзбен тұнықты сүзіп, тереңді шайқауы — әрине, оның өнер құдыреті: ақындық диапазон кездігінің кепілі.

Кейде лирикада әсер бар, бірақ тіл айшығы жетіспей жатады, әсіресе, ғылыми дәлелдемеге материал болмай қалатын кездер жиі болады. Ақын жаныңа тым жақын келеді. Тылсымына ілестіреді, бірақ керемет қарапайым сөйлейді. Мұны тіл жұтаңдығы деуге бола ма? Бұл — тілдің ішкі жанрлық ерекшелігіне байланысты нәрсе. Тілдік жанрдың нәзік іздерін көріп, көркемдік сапасын анықтау үшін

ақынның дәл сол кездегі көңіл-күйінен, қала берді жалпы творчествосынан жекелеген өлеңді жырақ қарастыруымыз керек. Бұл сияқты тілдің ішкі жанрлық ерекшелігін сезіне отырып байқау үшін әдеби-тілдік талғам қажет. Ақынды ғана емес, ол өмір сүрген ортаның көркем ой биігіне бойлайтын білім қажет. Мұның бәрі ескермей ақын көтерілген эстетикалық биікті тани алмаймыз.

Үлкен ғалым М. Бахтин көркем шығарманың эстетикалық сипатын этикалық сәтті ескермей толық аша алмайтынымызды жіті байқаған.

«Содержание не может быть чисто познавательным, совершенно лишенным этического момента; более того можно сказать, что этическому принадлежит существенный примат в содержании».

...Эстетический анализ должен понять его связь с этическим моментом и его значение в единстве содержания»¹ — дейді.

Шын мәнінде, Біржан өлеңдеріндегі тілдік, композициялық тұрғыдан жаңа мазмұнды жұрт шөліккей қабылдауында ақынның қоғамдық өмірмен тікелей қарым-қатысқа түскендегі сезімдік ассоциациясының айрықша деңдеуі роль ойнайды. Көркем туындының психологиялық, әлеуметтік, эстетикалық қырлары этикалық сәтке белгілі мөлшерде бағынышты. Бұлардың бәрін бір-бірімен тығыз бірлікте қарастырғанда ғана талдау толық ғылыми сипат алады. Бұған біздің көбіне дәлел етіп келтіретініміз Біржанның әлеуметтік лирикалары. Себебі, ақынның идеялық-эстетикалық деңгейі осы әлеуметтік лирикалары арқылы ашыла түседі. Еңдеше әдеттегідей тақырыбын ғана сөз етпей, оны ақынның терең сыршылдығымен ұштастыруға тиіспіз. Біржан, Ақан, Мәди, ұлы Абайлардың әлеуметтік лирикаларының көмейден төгілетін құштарлы әнге айналып кетуінің осындай сыры бар. «Қаракесек», «Жанбота», «Құлагер», «Сегіз аяқ» бұл ойымызға толық мысал бола алады. Халық сүйіп айтатын әсем ән қоғамның өткір сауалымен суарылған. Өлең өнерлік, өмірлік деп жіктелмей тұтас мұратқа

¹ Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. М., Худ. лит., 1975.

жұмылып тұр. Сөйтіп адамзаттың өзек жарды арманына, жарқын идеясына ұласады. Ұлттық шеңберді үзді деп осыны айтады. Ұлы гуманизммен үн қосады.

Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,
Көңілдің күйін шерткен көркем сәнді.
Болғандай бойға қуат, жанға азық,
Балқытып еріткендей тербеп жанды.

Өнердің қуаты жайлы әсерді бұлай реалистік үлгіде дәл, көркем етіп жеткізу халық поэзиясында көп кездесе бермейді. Ол — Абайға етене тән үлгі. Соған орай өлең құрылысындағы өлшем (ұйқас, ырғақ, бунақ) тұрақтала түскен. Ежелгі қара өлең өлшемі ырғақтық, интонациялық мазмұнмен байи түскен. Бұл да тек Абай орнықтырған көркемдік шешім-тін. Өнер, аттың сыны, саятшылыққа орай Біржанның бұл тәсілін Абай классикалық дәрежеге көтерді. Дегенмен, бұл саладағы яғни өлеңнің өнерлік табиғатын игерудегі Біржан көтерілген биіктердің поэзиямызда алатын өз орны бар.

Біржан творчествосының шоқтығын биіктете түскен, жалпы ақындық өнердегі талант мүмкіндігін көрсеткен — оның Сарамен айтысы. Бұл айтыстың тұтас қазақ поэзиясына әсер етудегі ролі күні бүгінге дейін еш төмендеген жоқ. Ұлттық поэзиямыздың өлмес, өшпес бояуы уақытпен бірге құбыла, түрлене беретін рухани байлық қорымыздың қымбат қазыналары қатарынан орын алады. Мәселе айтысқа тән импровизаторлық қасиеттен гөрі образдылықты қара өлең бойындағы поэзиялық қуатты еселей дамытқандығында болып отыр.

Қазақ халқының ақындық өнерін зерттеген Е. Исмаилов айтыстың көркемдік қасиетін айта келе: «Жалпы қазақ поэзиясына, ақындық өнердің дамуына орасан зор ықпал жасады» деп атап көрсетті. Сол сияқты бұл айтыс өлеңде лирикалық сипат мол. Екі ақын да алдымен өз сезім-күйлерінен, дүниетаным, өнерге талғамынан хабар береді. Тағы да Е. Исмаиловтың «Айтыс өлеңдерінде айтысушы ақындардың лирикалық кейіпкердің өз тұлғасы әрқашан орталық образға айналып отыратын болса, осы ерекшелік Біржан, Сара айтысында кемел

ақындық дәрежеге көтеріледі»¹ деуінде шындық бар.

Ақ нық мұз балақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес...

Осы екі жолдағы күрделі эпитетті метафоралардың өзі-ақ Біржан творчествосын халық поэзиясынан бөліп алып отыр.

«Рүстем Дастандаймен дәл өнерге, меңгеріп кісі билей алмайтұғын» деген Біржанның өнердегі шынайы образы. Сол сияқты өзінен кейінгі ақындар— Ақан, Ыбырай, Әсет, Жаяу Мұса, Естай т. б. ой-сезімдерінің жетілуіне ықпал етіп, жалпы халықтық мәні бар эстетикалық мектеп болғанын да атап өткен жөн.

Мәселен, сұлулық сырын түсінген, оны тұрпайылықтан қорғай білуде күрескерлікке көтерілген Ақан серіні алайық.

Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
Қастарың харіп мәттей сүрмеленген.
Сүмбіл шаш, лағыл еріп асыл қалқам,
Іш бауырым ғашық отпен тілмеленген.

Өлең өрнегінде, сөз қолданысында қазақтың халық өлеңдерінің өлшемінен тосын өзгешелік аса көзге ұрып тұрмағанымен шығыс поэзиясының романтикалық сипатына бой ұрғаны, оны ақындық деңгейде меңгергені көрініп тұр.

Ой, қалқа, біздің көңіл қайда жатыр?
Толқыған он төртінде айда жатыр,
Ат тұрса, атан тұрса көз салмайтын
Арғымақ мың теңгелік тайда жатыр,—

дегендегі серілік үнінде, өлең өрнегінде Біржан әсері жоқ деп айта алмаймыз. Таза лирикалық сипатты өлеңдегі қиыннан қнысып келген бейнелеу құралдарының ұлттық ұғыммен берік жымдасуы дара талаиттың өз қолтаңбасын айғақтай түскенімен Біржан поэзиясының жұпарын сездірмей қоймайды. Біз бұларды бір-бірімен сапалық салыстырудан аулақпыз. Әңгіме үзеңгілес екі таланттық өнердің көп мәселесінде көзқарас талғамымен туыстығын,

¹ Исмаилов Е. Әдебиет жайлы ойлар. А., 1986, 110-бет.

ойландырған сауалының ортақтығын, өлең сөзде қабілет-қарымның шамалас түсуінде жатыр. Бұл тұрғыдан алғанда алғашқы сөзді Біржан айтқаны тарихи факт. Ақан Біржанды ұстаз тұтқаны да тарихи шындық. Алайда, әлгі жолдардан Ақанның өз үні естіледі. Өзіндік талғамы танылады. Сол арқылы ақын қайталанбас образ сомдайды.

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына.
Лашынға лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба? —

дегенде де Ақан талғамын айнымай танимыз.

Ақын асылдың бағасына жетіп отыр. Биік таланти арқылы махаббатты биіктетіп отыр. Сезім дүниесіне жаңа мазмұн, жаңа сапа әкеліп отыр. Бұл жолдар өзіне лайық биік әуен, өзгеше саз тілеуі заңды. Қазір жеке-жеке отау тігіп отырған өнердің бұл екі саласы ақын болмысында жігі ажырамастай тұтастық сипат алады. Бұл ән шырқалғанда сұлу Көкше өңірі әсемдіктің тылсымында бөрітіп, құлпыра түскен болар-ау.

Ақан өлеңдеріндегі тың өрнектер де көздің жауын алады. «Ой, қалқа, біздің көңіл қайда жатыр» деген өлеңінде оның асқақ жаны талпынатын сұлулық тап басып танылады. Елтуден гөрі таиым басым. Ақанның бұл өлеңі — көркемдік кестесі жағынан да мінсіз. Техникалық тұрғыда да суыртпақ, шашау шықпайтын, ырғақ пен ұйқас заңдылығынан ауытқымайтын білікті өлең. Бірақ, мәселе, бұл шарттардың мүлтіксіз орындалуында болмаса керек. Мәселе, сол ұйқас құрап тұрған сөздің тегінде, ақын тіліне оралған әрбір сөздің кең мағына шашуында. Мәселен, «Толқыған он төртінде айда жатыр» деген тіркес ақын қолданысында жаңа мәнге ие болғандай. Ал, «Ат тұрса, атан тұрса көз салмайтын, арғымақ мың теңгелік тайда жатыр» деген тың тіркес. Мұндағы бейнелілік, символдық межесім тым ұшқыр. Сол арқылы таным тереңдігін танытады. Көңіл тоят табары — ат, атаннан тұратын дүниенің, байлықтың молдығы емес, сұлулық ләззатында деген мағынада айтып отыр. Арғымақ бұл жерде сұлулық символы ретінде көңіл тербейді. Оның өзінде де мән бар. Сұлулық жайлы ақын тү-

сінігі бой көрсетеді. Әдеміліктің өзін заттық ұғымнап, әдеттегі бояудан бөліп алып, сезімді сергітіп «арғымақ» сияқты ұшқырлықпен пара-пар көреді немесе, «Гүл шашақ, жасыл бояқ жайлауында, көңілім ел қонбаған сайда жатыр» дегенде пәктіктің, тазалықтың, мөлдірліктің керемет образын метафоралық тәсілмен шебер жеткізеді. Балап тұрған екінші затының өзінде терең символдық мән жатыр. Осының бәріде де ол сұлу қыздың рухани әлемін яғни ішкі портретін айғақтап тұр. Қыз туралы жалғыз ауыз сөз жоқ. Бірақ ақынның сүйіп отырғаны, аңсап отырғаны қыз бойындағы қасиет. Қыздың өзі бұл жерде символдық қызмет атқарып кетеді.

Бұл қазақ поэзиясында Ақан сияқты снрек таланттар көтеріле алатын шеберлік үрдісі еді.

Дәстүр, жалғастық дегеннің өмірде де, өнерде де үлкен ролі бар екенін дәлелдеп жату артық. Ендеше бұл сияқты ақындардың поэзиямызды өркендетуде айрықша қызмет еткенін, жаңа сөзді айтушылар екеніне кім таласпақ. Мәселен, жүйрік ат қай ел тарихында да бар ғой, бірақ оны сұлу қыздан кем ардақтамай үкілеп, арудай аялап, жақсы көрген, поэзияның шок жұлдызына айналдырған да осы біздің сал-серілер.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап,—

дегенде ұлы Абай өнерден жырақ, желік сөзді шенеп отыр. Өнердегі Абайдың биік рухы ендеше Ақан, Біржандарға да айрықша тән екенін әрдайым көрсетіп отыру ләзім.

АБАИДАН БАСТАЛҒАН ЖАҢА ӘДЕБИЕТ ЖАЛҒАСЫ

Дәстүр жалғау, дәстүр жаңалау дегенді де бір ғана аспектіде қарастыру — өнерге қиянат болар еді. Творчестволықпен меңгеру жоқ жерде дәстүр жаңалау мүмкін емес. Өйткені творчестволық деген сөз өнердің жекелеген компоненттерін үйренуден емес, табиғи игерумен байланысты екені мәлім. Сол

сияқты әңгіме өнердің жекелеген компоненттері төңірегінде болса, сөз жоқ формализмге ұрынамыз. Сондықтан не нәрсені болса да түп тамырымен, сол кесек күйінде, тұтас қалпында ұғынудан бастаған жөн. Мәселенің биігінен көз жібере білсек, етектегі дүние ешқайда қашпас еді. Бұл принциптің әдебиеттану ғылымына бірден бір қатысы бар деп ойлаймыз. Мәселен, біз көбіне фольклордан, Абай мектебінен өтпегей ақын жоқ дей саламыз. Бұл жерде олардың барлық қасиетін қанға сіңіріп, бар құнарын сарқа пайдалануы жағын өскере бермейміз. Шеберлік мектебін сол құнарлы мазмұнды ұғынбай сөз етуіміздің нәтижесіздігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Ұлылық арналары ақындыққа қол созған әрбір ақынның уысына сия бермейді.

Толстой «Пушкин және халық» деп бірімен-бірін тегін қатар қоймаған. Пушкин тұтас халықтың ғасырлар бойғы жнған асыл жиназын тал бойына сіңірген. Сондықтан — есімі халықпен бірге жасайтын жан-жақты талант. Сандаған таланттық бнігіне шыға алған ақын. Халықтан бөтен теңдесінің болмайтыны содан.

Абайда — ұлттық поэзиямыздан озып, халықтық деген ұғыммен теңескен ақын. Жазу мәдениетімен ғана емес, философиялық-эстетикалық бніктік жағынан да дара тұр. Абайды зерттеуші ғалым, суреткерлеріміздің қай-қайсысы да ұлы ақынның бұл сияқты ірілік сипаттарын әр кез атап өтіп отырды.

«Жазды күн шілде болғанда» сияқты фольклордағы жыр түрімен жазылған өлеңнің өзі де сырты ғана ұқсас сияқтанғанымен, ішкі мазмұны фольклордан аулақ, жазба поэзиямен қолтықтасып жатады» — деп жазды С. Мұқанов Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы мен Абай поэзиясының тілі» деген кітабына алғы сөзінде.

Ал, академик Қ. Жұмалиев: «Түсі жағынан үш нәрсені алып, солар арқылы төртінші нәрсені көзге елестеткенін көреміз. Бұл Абайға дейінгі әдебиетімізде кездеспейді»,¹ — деді.

¹ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі А., 1960, 293-бет.

— «Өз халқының шын мәніндегі ұлы ақыны, нағыз ұлттық ақыны болған Абай бүкіл адамзаттық мәдениетке үлес қосты»¹.

«Абай — бүкіл дәуірдің перзенті, перзенттен көтерілген ұстазы»². Бұл келтіріліп отырған пікірлер Абайтанудың ғылми негізі бар ұтымды тұстары. Бірақ Абайтану жеке пікірлерден емес, ғылми жүйедегі жота-жоталардан тұрады деп білу керек. Абай бнігінен қарасаң Абайтану әлі де болашақ ісі болып келе жатқанын мойындауға мәжбүр боламыз.

«Абай перзенттен көтерілген ұстаз» деген анықтаманы ғылми нақтылықпен әлі ажырата алғанымыз жоқ. Я ұстаз боп басқа жақтан келе қалған жоқ, ұстаздыққа перзенттіктен көтерілді. Алдымен өз ана сүтімен ауызданды, марқайды, сонан соң барып әлемдік әдебиет нәрінен сусындады. Сөйтіп барып төл өнеріміз дүнне жүзілік мұхит, теңіз суларына Абай арқылы өзіне қажетті қышқылы мен тұздарын алды.

Абай батыстың ең озық үлгілерін, өзімен мұраттас халқы жатырқамайтын қасиеттерін қабылдады, идея жағынан гуманизмді, реализмді таңдады. Байқап қарасақ, бұл екеуі уақытпен қоса жасара беретін өнердің алтын қойнауы іспетті. Сондықтан да Абай тұлғасы ұлттық өнерімізде табиғаттың өзі жасап берген асқар тау сияқты.

Абай қазақтың қара өлең-лирикасы арқылы қоғамның тарихи-психологиялық суретін салып берді. Сол арқылы жанр аясын кеңітті. Өркенін өсірді. Абайдың ешкім деңдей алмайтын биік тұсы — осы. Осы тұста ол — суреткер. Табиғат, қоғам, адамға қатысты өз қоғамынан әлдеқайда озық сөзді ол осы жерде айтты. Өйткені өзіне дейінгі данышпандықтың қай түрімен де ақыл — парасатын мөлшерден тыс молықтырған еді.

Жана мәнге ие болған «ескі» сөз қазақ өнерінде жұлдыздай жарқырау сыры осында. Оны ақын:

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?

¹ Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы, 1966, 44 бет.

² Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. А., 1978, 51-бет.

Сөккенің оны ұнар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ,—

— деп шынайылықпен мойындайды. Көріп отырмыз, Абай тым арналы ақын. Сондықтан да Абай тасасында көп уақытқа дейін талант терезесі тең жатқан өнер иелерінің, ақындарының көрінбей қалуы заңды еді. Көп ақындарымыз тек Абайға еліктеді, талантты, сауатты ақындарымыз әуелі Абай мектебінен өтті.

Абай — біреу. Ол деңгейге ешкім көтерілген жоқ. Ал, дәстүрі — сан торап. Оны игеру, алға дамыту қазақ поэзиясының түпкілікті мұраты.

Қазіргі мәдениетті өнерімізде дәстүр жалғастығының ізі тым нәзік. Солай болуға тиісті, біз оған қуанамыз. Бірақ сол дәстүр жалғастығының алтын арқауынан жаңылып не адасып қалуға болмайды.

Аңсаған арман ілгері кетті,
Қайтадан жел де ұйқыға батты.
Сол кезде бір ән талмаурап жетті,
Жалт етіп арман қанатын қақты.
Айсыз түн, тынық алаңсыз аспан,
Жәй ғана демін алады арман.
Әзірдей нәзік бастауға дастан
Сүйгенін тапқыш ізденгіш арман.

Өзіндік стилін іздеп шарқ ұрған ақынның романтикалық асқақ үні, ізденіс іздері сайрап жатыр.

Бұл қазақ совет лирикасының негізін қаласқан, қазіргі лириканың дамуына көшбасшылық ролі бар Ә. Тәжібаевтің сонау алғашқы іздерінен-ақ өз стилін іздеп шарқ ұрғанын, үнінде заманына сай романтикалық үн, талант ерекшелігіне тән лиризм шуағы барын байқаймыз. (Интонацияның, ырғақтың жаңалығы қазір де сезіледі. Қезінде үлкен жаңалық болғаны белгілі). Десек те, мәдениетті поэзияға қолы ерте жеткен ақынның көп табыстарынан Гете, Гейне, Байрон жырларын жетік түсініп, көбірек жастанғаны байқалатын. Әбділда қаламынан туған не түрлі әуезді жырлардың бір тамыры «солар» деп соғып тұрғандай сезілгенімен ол шын өлең тілінде сөйлеуді, әрине, Гейнеден емес Абайдан үйренді. Маңайындағының бәрін поэзиялық мөлдірлікпен бағалап өлшейтін, ақын «Желсіз түнде жарық айды» оқып ақындық болмысын та-

бнғат болмысымен ұштастырғаны айқын. Ақынның көңіл-күйі табиғатпен табысудан Әбділдалық шынайы сезім туындыларын береді.

Қүркірете көгімді
Көк ала бұлт сөгілді
Отты көзі жалтылдап
Бір шолып қап жерімді.
Нөсерлетіп ақтарды.
Аспан толы теңізді
Жапырақ қандай жаңарды
Жаным қандай дем алды.

Романтикалық пафосты өлең. Талант дүниесі. Бірақ ақынның осылайша ұштала түсуіне Абайдың мына жолдары ықпал етпеді ме екен дейміз.

Қүлімсіреп аспан тұр
Жерге ойлантып әр нені.
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма екен пендені.

Үніле түссек екі өлеңдегі параллелизмдердің тегі біреу ғой. Мұндай процесті ақынның өзі байқамауы мүмкін. Еліктеу емес, творчестволық ықпал ізі тым нәзік деуіміз содан. Қазақ поэзиясына лирикалық сипат әкелген мұндай өнімді тәсіл үшін Әбділда ғана емес, Абайға барлық лириктеріміз қарыздар. Әсіресе,

Көкала бұлт төгіліп
Қүн жауады кей шақта
Өне бойың егіліп
Жас ағады аулақта
Жауған күнмен жаңғырып
Жер көгеріп күш алар
Аққан жасқа қаңғырып
Бас ауырып, іш жанар,—

дегендегі психологиялық параллелизмдер, сол арқылы туындаған табиғи контраст қазақ лирикасы үшін үлкен жаңалық еді. Абай оны қайдан алған жағына дендеп жатпаймыз, өйткені ол өз алдына үлкен арна. Айтпағымыз — қазіргі ақындар аса күрделі психологиялық өріске құрылған, шыны терең сыршыл лирикаға бастауды Абайдан алды.

Бүгінгі лириканың образдық, тілдік жүйеде өскендігін мойындай отыра Абайдың:

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуақытта
Төмен қарап мұңдасар
Ой жіберіп әр жаққа,—

деген жолдарын оқығанда сөздің өшпес бояуына қайран қаласыз. Абайдың ой мен сезім тереңдігін дөп жеткізген реализмін тереңдету мүмкін бе деп ойға батасыз. «Жұртым-ау, сөздің ішін ұқсаңдаршы» деп Абай таусыла айтқанда сөздің астарындағы мазмұн байлығын көздеп тұр ғой. «Қуатты ойдан бас құрап, еркелетіп шығар сөз» дегенде де эстетика көзінің өзі — қуатты ой екенін тағы да баса көрсетіп отыр. Лирнка Абай арқылы сұлулық көзі ғана емес психологиялық, философиялық, әлеуметтік категориялардың эстетикалық функциясын айқынырақ атқара бастады. Ақан, Біржан лирикаларындағы әлеуметтік арна кеңіді.

Реалистік әдебиеттің ең басты ерекшелігінің өзі әр ақын жазушының өзіндік стиль қалыптастыруында ғой. Өзіндік стиль қалыптастыру үшін әр ақын түсінік, түйсік, тіл төңірегінде күрделі процестен өтіп барып дараланады. Мәселен, Ә. Тәжібаев жоғарыда біз келтірген өлеңдеріндегі ұлы ақынға қоянның көжегіндегі ғана ұқсап тұрған параллелизмдерінен 1936 жылы «Сырдария» өлеңі арқылы арылды. Психологиялық параллелизмді жазба әдебиетке орнықтыруда Абай аясында қалып қоймай, Абай «құдыретінің» мысы басып кетпей, қарапайым болса да өзіне шақ отау көтеруі — Әбділданың ғана емес, тұтас қазақ лирикасының жеңісі еді.

Есінде ме кездескенің, қарағым,
Есімді алып сонша неге қарадың.
Жүрегіме лақтырған бір шоғыңнан
Енді, міне, лаулап жанып барамын,—

деген жолдарда да ешкімнің ортағы жоқ, ақынның өз еншісі.

Қазақ лирикасында Абайдан кейін, тура өзіндік дербестік танытқан, өзгеше поэтикалық әлем ашқан тұлғалы ақындарымыздың бірі — Қасым Аманжолов. Қасым да Абай сынды өлеңді өнер деп қана, бір қырынан қараған жоқ. Қара өлеңнің өрісін ашып көкжиегін кеңітті. Сыршылдығына сыншылдық қосты, изіктігін ерлікке ұластырды. Қоғам-

дық-әлеуметтік астар берді. Мұның бәрі де Абай лирикасына сіңісті қаснет еді.

Қасым Аманжоловтың поэтикалық ерекшеліктерін саралайтын күрделі мақалалар жазған Т. Әлімқұлов та, Қасым поэтикасын ақын, әрі зерттеуші ретінде жіті бақылап отырған Ә. Тәжібаев та Қасым поэзиясын Абаймен үндестіріп, Лермонтовпен рухтастырды.

«Қасым әрине, жаңа заманның, жаңа дәуірдің ақыны. Оның тақырыптық жағынан Абайға, Лермонтовқа ұқсауы мүмкін емес. Бірақ сезімталдық, өткірлік, нені айтса да ағынан жарылып айту, жалын боп жанып сөйлеу жағынан Лермонтов пен Абай дәстүрі Қасымның да мектебі» — дейді Ә. Тәжібаев («Ленншіл жас», 1981, 29/IX). Олардың Қасымға мектеп болғаны да рас, сонымен бірге Қасымның олармен рухтас, қуаттас екені де ақиқат. Лирика жанры тұрғысынан қарасақ, тақырыптары да ұқсас болып шығар еді. Өз стилін таба келе Қасым тақырыбы да — адам, қоғам, табиғат болды. Осы тақырыптар арқылы оның ақындығы өзінің шарықтау шегіне көтерілді. Қасымның лирика композициясына және өлеңнің түріне қосқан жаңалығы да алдымен мазмұннан, ойшылдықтан бой көтеріп барып көркемдік категориясына айналуы тұрғысынан да Абай мектебін еске салмай тұрмайды. Мұның бәріне ақын қолы бірден жеткен жоқ. Сүйген жар, туған жер тақырыбын ақын алғашқыда бірінші жақтан айтылатын дәстүрлі лирикалық «менің» көңіл күйі, сезімі түрінде шынайы, қарапайым жеткізуге машықтанды, Қасымдық пафос та байқалмай қалған жоқ. Айтпағымыз, ақын біртіндеп суреткерлікке көтерілді.

Ақын біртіндеп ойшылдықты меңгерді. Рухани биіктеген сайын лирикасы да сан салада жетіліп, ақын мұзасы маңайына сиқыр сыр үйіре берді. Мұның бәрі ақынның творчестволық биографиясын, өлең эволюциясын зерттеген кісіге ап-айқын көрінетін жәйттер.

Ал, ақынның Абай, Лермонтов орбитасынан көрініс беруінің себебі не? Әбекеннің түсіндіруі бойынша бұлармен тақырып ортақтығы жоқ, яғни, ортасы бөлек. Қасым жаңа заман ақыны. Бұл жер-

де ұқсастық ақынның «ағынан жарылып айтуында» ғана болмаса керек. Әңгіме бұл жерде ақынның күрескерлік тұлғасы, ымырасыз айбаты, орақ ауыз, отты тілінде болуы керек. Оның бәрі сөз жоқ тағы да сол ортамен қарым-қатынастан туады. «Лирика» атты арнайы монография жазған проф. Поспелов лирика негізінен объект пен субъектінің тікелей қарым-қатынасынан туатынын дәлелдейді. Тіпті, лирикадағы сезім тереңдігін де тікелей объектімен байланыста қарастырады. Осы ғылым негіздеуде үлкен шындық жатыр деп білеміз. Ұлы ақындардың қай-қайсысын да сынаққа салатын, сезімін ширатып, алмастай суаратын қоғамдық орта. Сол қоғаммен қоян-қолтық араласқан сайын өлеңнің әлеуметтік салмағы артып, ақынның азаматтық даусы айқындала түседі. Әр қоғам өз ақыын туғызған, әр ақын өз заманының тыныс-тірлігін танытқан ғой. Осы тұрғыдан келгенде Пушкин, Абай, Некрасов, Лермонтов т. б. поэзиясы, олардың сыншыл реализмі күрескерлік позицияны айқын аңғартады. Әсіресе, олар нақты қоғамдық мәселеге бетпе-бет келді. Табиғи сезім күйіне қоғамдық мәселелер арқау болды. Тұтасып, бірігіп кетті. Мәселен, Абай мен сол қоғамды бөліп көрші. Шыншылдығымен, мөлдірлігімен, саф сезім, шамырқанған шабытымен әлемді аузына қаратқан шығыс жұлдыздарынан Абай осы тұста даралана берді. Қоғам сауалына жақындаған сайын ақын айқындала түсті. Қоғаммен қарым-қатынасқа түскен сайын өлең өзегіне жан бітті. Дндактнкадан арылып, сөз іске, әрекетке айналғандай. Тақырыптық тұрғыдан талдап жүрген «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Интернатта оқып жүр» т. б. айтпай-ақ ақын өзегін қақ жарған «Сегіз аяқ», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» т. б. таза лирикалық сипаттағы өлеңдерінен сол кездегі қазақ қоғамының трагедиясы шынайы шындығымен қаны сорғалап тұрған жоқ па? Ғашықтық, табиғат лирикаларында да ақын материалистік шындыққа қол созғанын көреміз. Абай лирикаларындағы терең психологизм, философиялық түйіндеулер ақын тылсымында екселген сол қоғамның астарлы шындығынан өзге

ештеңе де емес. Олай болса Абай лирикасы сәттік сезім, көңіл-күйдің бір бұрауы емес, адам мен оны қоршаған ортаның күрделі көрінісі. Тың образ, соны суреттер, халықтық тілден екшелген жаңа мән, жаңа сапалы сөз де сол қоғамға, адамға нақты көз-қарас, нақты талдаудан туған күрделі формулалар еді. Ақын жанр аясын осылай кеңітті.

Қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді шешуде ақын филозоф, тарихшы, ал, әдебиет-өнер мәселесінде ғалым зерттеуші, тіл мәселесінде зергер, шешен, жазушылықта кесек суреткер. Алайда, Абайдың жан-жақты данышпандығы мен терең тұлғалық бітімі лирика арқылы көрініс беруінде мән бар, ойланарлық мәселе. Жоғарыда тізіп өткен сонша мәнді «прозалық» мәселелер ақынның эстетикалық деңгейімен тұтасып кетті.

Қоғамдық-әлеуметтік мәселе Қасым Аманжолов творчествосында Абайға қарағанда басқаша сипат алды. Қоғам қайшылығына орай Абай күрескер ретінде лириканың сатира жанрын көбірек қару етті. Ал, Қасым құралы сырлы лирика болып қала берді. Даналыққа бастайтын Абай ойшылдығы Қасымда жанрға тән бейнелілікке бет алып, эстетика мен философия жігі көріністей жымдасты. Философия ой айту арқылы емес, сыр айту арқылы жететін болды. Абайдан Қасым осы жерден енші бөле бастайды. Ақын мұзасы өмір сырларын көбірек азық еткендей.

Қасым Аманжолов творчествосын зерттеушілер ақынға Ұлы Отан соғысының айықпас әсер, тың толғаныс, мол тақырып бергенін дұрыс байқап жүр. Ақын шын өмірде шындалып, шын қиындықта сынналмақ. Соғыс Қасым үшін осындай сынақ еді.

Елдің ері төзетін қиындықта оның шабыт көзі ашылды. Сөйтіп барып оның шын тұлғасы төбе көрсетті. Осы шын тұлғадан шынайы поэзия туды. Осы кезеңдегі қазақ лирикасын тақырыптық қана емес, мазмұндық, көркемдік дәрежесін көтерді. Мәселен, «Үстімде сұр шннелім» өлеңі осы соғыс жылдарының жемісі. Қайнаған соғыс, қып-қызыл от ішінде адымдап келе жатқан қорқыныш, үрей бойын билемек тұрмақ кәперіне енбей, дүнге аса бір биіктен үңіліп тұрған, үкім айтып тұрған үлкен адамға жо-

лығамыз. Бұл жерде ақын өз болмысынан биіктеп жынтық образға айналады. Бірақ ол образ «Ақын өлімі туралы аңыздағыдай» романтикамен емес, өмірлік ситуация, қарапайым өмір шындығы арқылы көркемдік шешім табады. Ақын құдыретті реализмге нектартады.

Өлең небәрі төрт-ақ шумақтан тұрады. Әрбір шумақтың екі жолы «Үстімде сұр шннелім, ақсаңдай басып келемін» деген сөйлемді қайталайды. Қалғаны сегіз-ақ жол. Осы сегіз жолмен ақын еш үлкен ой айтпайды, шабытты сезім күйі де ойнамайды. Бірақ, қарапайым шындық соншалықты типтенеді. Жүрек әніндей қоздап, бір-бірімен жамыраса табысады. Сөйтіп, тұтастай уақыт шындығына қол созады. Қезең келбетін кескіндейді. Өмірдің қатал, сұсты суреті ақынның сұсты парасатымен параллель келеді. Міне, ақын осы арада шеберлік танытады. Жанрға жаңалық әкеледі. Лирикалық өлең көңіл-күй әуені функциясынан босанып кең тынысты өмірлік-философиялық положно жасайды. Елге деген сағынышын ақша бұлт арқылы бейнелеген Әбу ізін Қасым баспайды, жасытпайды. Басқа стиль таңдайды. Көркемдік тәсілдерінде біз фольклордан бермен карай жазба әдебиетке жалғасып келе жатқан психологиялық және синтаксистік параллелизмді жақсы білеміз. Осы өлеңде ақын синтаксистік әрі психологиялық параллелизмді сәтті пайдаланады. Алайда, ақын олардың үлгісінде пішіп, көлеңкесінде қалмайды. Жазба әдебиетке тән нәзік психологизммен, философиялық ойлау деңгейімен өзіндік өрнек салады. «Үстімде сұр шннелім, ақсаңдай басып келемін» әр шумақтағы қайталаудан туатын өлең динамикасы, ұйқас ырғақ үндестігі, өлеңнің ішкі дыбыстық әуезділігін құрайтын интонациялық келісімі өз алдына (мұның бәрі өлеңнің техникасын мінсіз етіп тұр) әлгі екі жолы үлкен образдық қызмет атқарып тұр. Ол ақынның ғана образы, ойлау жүйесі қызметінен биіктеп, бүкіл жеңістің иесіне айналады. Сол тұлға мен соғыс, сол тұлға мен өмір, сол тұлға мен ақын философиясы үнемі қатар алынып, беттесіп отырады. Сөйтіп барып образ сомдалады.

Сол кездегі қазақ лирикасына осы өлең, сөз жоқ, жаңалық болып қосылды. Стильдік даралық көрсетті. Алайда, бажайлап қарасақ, өлең өлшемі, құрылысы, түрлік тұлғасы ешқайдан келген жоқ, қазақ өлеңінің табиғатынан туған. Тек сол заңдылықпен ғана жасалған. Біріншіден, өлең 7-8 буынға лайықталған көне де кәнігі үлгіде жазылған. Екіншіден, ұйқас — қазақ өлең құрылысында ежелден бар ақсақ ұйқас. Және төрт шумақтың әр тармағы, буын саны, ұйқас түрі, логикалық екпін бірдей симметрия сақтайды. Өлең өлшемімен сонша дәл шығу, математикалық жүйе бізді ұйқасқа қаматамайды, ақын ойы ұйқаспен тұйықталмайды. Өлеңнің тым өміршеңдігі, шынайы шеберлігі осында жатыр. Керісінше, сонша нақты өлең — эпикалық тынысты. Техника қатты ескерілген өлең мазмұнға сонша бай. Сонша сүзгіден өткен сөз байырғы да қарапайым. Сонда, жазба әдебиетіміздің жылдар бойы ізденісі, көркемдік биігі оның шынайы демократизмінде ме дейміз. Қасымның әлгі өлеңіндегі қарапайымдылық — халық тілінің тазалығы мен жүрекке тура жетер анықтығының терең мағынасындағы көрінісі, ауызекі тілге тым жақындығы, оқырманмен тікелей тілдесуде поэзияны құрал ете білуі, сөздің халықтық сипатын арттыру нәтижесінде туындайтын көркемдік тенденциясы болса керек.

Үстімде сұр шиелім,
Ақсаңдай басып келемін,
Қағып-соғып жығар ма,
Оңайлықпен мені өлім.

Өлең өрнегінде мін бар ма? Шашау шығар дыбыс, басы артық буын не бунақ жоқ. Ал, поэзия тілінде осыдан қарапайым сөйлеу тіпті мүмкін емес қой. Ұйқас құрап тұрған сөздердің мағынасы, үйлесімі өзара өзгеше өнер екенін ескере отырып «қағып-соғып жығар ма, оңайлықпен мені өлім» сияқты қарапайым сөйлем контексте қаушалық көркемдік салмақ алып тұрғанына көз жеткізуге болар еді. Қарапайым сөйлемнің астары қалың, тура мағынасындағы ұғымды беріп тұрып-ақ бейнелілікке бастайды. Сөйлем мағыналық аясын кеңітеді. Филологиялық ойдың өзі емес, қазық. Бұл да көркемдік

кепілі. Көркемдік дамудың әлденеше тарихын өткізген елдер әдебиетінде де көркемөнердің тұспалдық белгілері бүгіннің өзінде ерекше мәнді элемент саналып отыруы тегін емес. Жоғарыдағы екі жол қайталана келіп:

Ұмытса да достарым,
Ұмыттар ма мені елім,—

деген егіз қозыдай ұйқас төгіле салғанымен, дәл әлгіндей көркемдеу тәсілі мүлде басқа мағына береді, басқаша мазмұнға лайықталған. Тың ойдың шетін шығарады. Сөйтіп ақын өлеңді қайталау тәсілін аяғына дейін пайдалана тұра, өзін-өзі қайталамайды, ойдан-ой өрбітеді. Яғни, ақын сөзге қанша сараң болса, мазмұнға бай поэзия тудырған. Бұл тәсілдің тиімділігі — оқырманның өзі ойлануға жағдай жасайды, өлеңнің өнерлік сипатын арттырады.

Қасымның осы қатардағы лирикаларына «Қызғалдақ», «Дариға сол қыз» өлеңдерін де жатқызуға болады. Символ, тұспалды сөйлеу қазақтың халық поэзиясына етене жақын болғанымен, поэзияда реализм әлі орныға қоймаған кезде Қасымның бұл өлеңдері шын мәнінде қазақ поэзиясын жаңа көркемдік сатыға көтергендей болды.

Қасым лирикасына музыкалылық, саздылық ерекше тән. Ақын жанындағы өзгеше әуен өлең құбылысынан, сөз, дыбыс үндестігінен-ақ айқын сезіліп тұратындай. Бұл да — халық поэзиясының жанды элементтері, ұлттық өнер ерекшелігі. Алайда, ақын халық поэзиясы мен Абай реализміне суарыла тұра, екеуінің де ықпалында қалмады. Ол қазақ поэзиясында қасымдық жол салды. Қасым поэзиясының үрдісін өзіндік стилі мен рухында деп білу керек. Көркемдік көкжиегін осы бағыттағы төл қасиеті мен ерекшелігінен іздеп, ешкімге ұқсамайтын тұсын тап басып тану керек. Ал, стиль — аса күрделі нәрсе. Стильдің тұтастығын оқи жөнелгенде бір өлең екінші бір өлеңнің баласындай ұқсас болуында ғана деп түсінбеу керек. Мәселен, Қасымның бір өлеңі екінші өлеңімен сөз саптау, көркемдік тәсілі жағынан еш ұқсамай жатады. Ендеше стиль — тәсіл емес. Көркем шындық таза профес-

сионалдық деңгейге көтерілгенде стильдің тәуелсіздік сипат алуы — көркем өнер спецификасы. Халық өлеңдерінің көбінің авторын іздей қоймауымыз содан. Қасымның да авторлық билігі, «жүрмей қалатын» өлеңдері бар. Олар: «Қызғалдақ», «Дариға сол қыз», «Үстімде сұр шинелім» т. б. «Қызғалдақ» көркемдік амал-тәсілімен, тақырыбымен, кезеңімен «Үстімде сұр шинелім» өлеңіне жақын. Екеуінде де символ ерекше роль атқарады. Ол жағдай «Қызғалдақта» тіпті айқынырақ көрінеді. Өртеніп кеткен өңірден қып-қызыл қызғалдақтың аман қалуы, ақынға ұшырасуы, сөз жоқ, терең де астарлы мағына туғызады.

Өртенген үй жұртында
Қып-қызыл боп желбіреп,
Қалай өстің сен мұнда
Неңдей сыр бар, неңдей кеп.

Мұнда да «Үстімде сұр шинелім» сияқты сурет пен ой әдемі ұштасқан. Үй орнында қалған қызғалдаққа қол созған солдат, тіпті сол кезеңнің бүтін көрінісін, түтін, оқ-дәрі иісіне дейін сезінгендей боламыз. Ақын бізге байқатпай сурет салады. «Қалай өстің сен мұнда, неңдей сыр бар, неңдей кеп» деген қарапайым сұраулы сөйлемдердің мәні зор. Жауабы күрделі. Мәңгілік мәселе, өмірдің барлық маңызы мен қуаты жатыр. Осынша эпикалық шындық пен тамырлы философиялы ой лирика тілінде ешкінің асығындай жеп-жеңіл. Осы ойнақы сезімді ақын мына жолдармен бекітіп, өлеңнің салмағын арттырады:

Қансың ба әлде тамған бір,
Күнәсіз жас жүректен.
Осы екенсің жас өмір,
Ескі жұртты күзеткен.

Иә, киіктің лағындай ойнап тұрған өлең өзгеше арнаға ауыса қояды. Енді сезім мен ой салмағы теңеседі. Ендігі сезім де өзгеше сипат алады. Лириканың өнерлік сипаты мен өмір шындығы беттеседі. Сөйтіп өлең қабаттарынан ақыл, парасат парақтары беттеле бастайды. Өлсннің поэтикалық қабаттары да осылар ғой.

Үш-ақ шумақтан тұратын шағын өлең поэзиямыздың бүгінгі биігінен бағаласақ та оңай олжа

емес. Қазақ поэзиясын дәстүрлі, озық поэзиямен теңестіретін көркемдік сапа, эстетикалық құн қосатын сирек өнер мүлкі болып қала бермек. Оның енді бір себебі, Қасым талантының темпераменті мен температурасы жоғары, ерекше эмоционалдығына қарамай әлгі өлеңдегі сабыр мен салиқалылық мінез кездейсоқ құбылыс емес. Ақынның тасқын сезімін тудыратын кең «тылы» бар артында деген сөз, толғаныс толғақты ой тудырады. Сезім содан қуат алады. Бірін-бірі байытады дегенге саяды.

«Дарига сол қыз» да ақынның әсер біткеннен тұлғаланған тұсындағы туындысы. Бұл өлең жоғарыдағы екі туынды стилінде жазылған. Бірақ көркемдік сыр-сипаты, берер әсері өзгеше. Мұнда да пенделік ізі жоқ, мәңгілік өлмес рух бар. Сол рухтың дүниенің сиқыр-сырларымен берік одағы бар.

Шағын лирика өмір туралы толғау іспетті. Өмірдің бір мағынасы мен түйіні әсемдік әлемі арқылы жарқырай көрінеді, аспандай шырқалады. Алайда, асқақ романтика қатаң реализммен өріктеледі. ақындық болмыс бәрі бір екінші планға, ойлылық бірінші орынға шығуы сондықтан. Қалай болғанда да сыр мен сымбат, махаббат пен ерлік, жалын мен жігер симфониядай дыбыс шығарады. Асқақ күйдің нотасы дәл табылады.

«Дарига сол қыз» ақынды жаңа белеске көтерді. Ақын көріп, түйіп, бақылаушы емес, «құдырет» кіндігіне енді өзі айналып бара жатқандай. Лирикалық кейіпкер емес, ақын толығынан объектіге айналып кетеді. Шабыт та, әи де, шыидық та өмірдің төл баласындай. Әдебиеттануда қазір сыншыл реализммен бірге «магиялық реализм» терминін ара-кідік болса да қолданып қоюы тегін болмаса керек. Жазушы инндупциясы, ақын шабыты — тұтас әлем оны ашу, зерттеу керек, ерекшелігіне үңілу, түсіну қажет. Көркем өнер үшін бұл негізгі факторлардың бірі. Қайталап айтамыз, Қасым өз бойындағы ұшан-теңіз ақындық стихия жетегінде кеткен жоқ. Мәлдір муза өмірдің кермегімен үзеңгі қағып қатар отырады. Яғни, өнерлік қана емес, өмірлік те мүдде көздеді. Сондықтан ол өмірдің «прозалық» жағымен көп беттесті, керек жерде бет

жыртысты. Ол ақының гуманистік тұғырының биіктігін, идеал үшін, табаны таймас күрескерлігін көрсетеді. Ұлы Абаймен жең ұшынан ғана емес, әріден табысатын мұраттастығы да осында. Абай бұл мәселеде көбіне ащы сатираны қару етсе, Қасым сырлы лирикамен-ақ түпкі ойынап, идеясынан хабар беріп отырады. Бір ғажабы — оның характеріндегі күрделі драматизмі ақын творчествосында өзгеше ассоциация ашады. Ақынның реализмнен табан аудармау сыры да осында. Өнердің шексіз кеңістігінде қанша ұшса, қанаты бір талмайтын қыран Қасым бұрылысы мен бұлттарысы, қиын-қыстауы көп өмір парқын назардан тыс қалдырған емес. «Серінің сертке таққан семсеріндей, өлеңнің өткірін бір алшы менен» дегенде ол Лермонтовқа еліктеп отырған жоқ. Надандыққа келіспеген, беріспеген, ақын принципіннің өзі-ақ семсердей еді. Нәзік лиризм мен өршіл романтика осылайша ұштасады. «Дарига сол қызда» да осындай әдемі үйлесім бар. «Тауды теңселтіп, жауды жеңіп, келе жатқан хас батырдың жүрек қылы неткен нәзік еді. Қайран қаласыз. «Теңіз тебіреніп, шын шайқалған заманның ері «нәзік сәуледен» ғана бойына қуат жинайды. Сол сәуле түспесе «сірі» жаны бір минут та ғұмыр кеше алмастай. Ендеше, шын ерлік махаббаттан көктейді. Өмір содан ғана сабақ тартады. «Дарига сол қыздың» философиялық түйіні — осы. Өлеңнің негізі қай заман, қандай жағдайда да бұзылмастай беріктігі де осында.

Сөйтіп, жүрек әні өмірдің мәні екені өлең-жыр табиғатына қапысыз құйылады, жинақтала сіңіседі. Өнер мен өмір қоян-қолтықтасады. Қасым өлеңі сол өмірмен жарысқа түсердей бітімді шыққан. Өмірдің өзіндей шексіз де терең. Сан қырлы, бір сырлы.

Мазмұнды өлеңнің бейнелеу құралдары да ауыз әдебиеті емес, жазба әдебиетінің жетілген үлгісінен үйренгенін байқатады. Бұл мәселеге қатысты кейбір пікірімізді алдыңғы өлеңдерді талдау үстінде біраз айтқанбыз. «Дарига сол қыздың» стилі, көркемдік тәсілі олардан алшақ емес. Тек ақын тұлғалана түседі. Қанатын кеңірек жайып, өмірді одан да гөрі молырақ камтуға ұмтылады. Өмір

шырынын барынша қоспасыз жинауға машықтана түскендей. Жаи жылуын көбірек бөліп, өмір сауалын сезім отына орап береді. Бұл — ақынның өмірге жақындай түсуі, сол арқылы рухани биіктеп бара жатқанының кепілі.

Осынша мазмұнды өлеңде бәлендей сюжет жоқ, ақын көп сөзділікке барып, ашынып-шашылмайды. Сыбызғы сазындай сыздықтата отырып сыр шертеді, сезім үйіреді, шындықты айтады. Бұның бәрі сөз жоқ, көркемдік құдырет арқылы көкірекке өзі құйылып жатады. Шынында да «Дариға сол қыз» көркемдік жағынан қазақ поэзиясының жауһарлары қатарынан орын алады. Классиканың еш үлгісін еске салмайды. Ақынның тасқын судай стихиясын тұмылдырықтап, кімді де болса мойындататын, мәңгілік өлең монументін тұрғызуы ақынның ғана емес, қазақ поэзиясының бақ жұлдызы еді. Лермонтов пен Пушкиннен мол сусындамағанда, аудармалар жасап, өлең табиғатына тереңдеп енгенде шедеврлікті пайымдауы мүмкін емес еді. Поэзия үшін ғана жазылатын, ерекше әдеби дайындықпен игерілетін өлең-өнердің көбі халыққа жетпей жатады. «Дариға сол қыздың» қарапайымдылығы — боямасыз шындықпен пара-пар келуінде, ақынның натуралистік емес, реалистік полотно жасауында, сол арқылы халық жүрегіне мықтап орнығуында.

Қасым Аманжолов лирикасын сөз еткейде оның 28 шумақтан тұратын «Өзім туралы» атты ұзақ өлеңін айтпай кету мүмкін емес. Бұл ұзақ лирикалық дастан ақынның тұтас творчествосынан бастау алған қарапайым өмірдің философиялық арқауына тұрады. Ол ақын өмірінің жиынтығы, қорытындысы іспетті. Мұнда да автор стилі өзгермейді. Лирикалық болмысы мен эпикалық тынысы сәтті ұштасады. Мәселен, Пушкиннің «Мыс салт аттысы» поэма болғанымен, эпикалық тыныс сюжеттен емес, ақынның философиялық ой-сезімінен өрбиді ғой. Мұнда да, сюжеттік желі тартылмаған, бірақ, ақынның философиялық сезімі-күйі логикалық тұтастық табады.

Ал, лирикалық түр мәселесіне келсек, қазақ лирикасы тарихында бірінші жақтан баяндалатын, кейде өмірбаяндық сипат алатын ұзақ лирикалық

өлең (толғау емес) кездесетіні бар, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі бұған айқын дәлел бола алады. Қанша ұзақ болғанымен бұл екі өлең де таза лирикалық сипатты туыды. Өлеңнің композициясы, ұйқас, ырғақ, интонация көркемдік компоненттері түгелдей дерлік лирикалық өлшеммен қабысады. Ал, мазмұндық жағынан объект таза лирика объектісі. Ақынның арман-мұңы, қиял-сезімі драмалық коллизия деңгейіне көтеріліп, ерекше пластикалық қабаттар құрайды. Қуанышы — өмірлік жігер, мұңы мұқалмас муза түзеді.

«Дарига сол қыз» лирикалық объект ретінде қабылданса, «Өзім туралы» ақынның жан-сыры ретінде қабылданады. Бірақ қатардағы қара қасқа пенденің сыры емес, өзгеше интеллект, айрықша талғам иесінің сыры. Соныдықтан ауызекі тілге қанша жақын тұрғанымен профессионализм үстем. Шынайы гуманистік идея, сезіммен қанаттас отыратын өрелі ой өлеңнің өзегіне айналады. Ал, өлеңнің эстетикалық деңгейінің, сезімге әсерінің биік рухани сұраныс талабынан табылуы — шығарманың кіндік қазығындай. Яғни, өлеңнің мән-мазмұны жалаң алынбайды, дидактикаға телінбейді. Күрделі өмір шындығы нәзік эстетикалық арқау арқылы шым-шымдап ашылады. Сонымен бірге, бұл сыршыл өлең ақын дүние танымын, идеялық концепциясын өнер тілінде айқын жеткізеді. Сайып келгенде, ақын идеал биігі, талант тегеуріні субъективтік емес, объективтік сипат алады. Сөйтіп өлеңнің автобиографиялығына қарамастан ақынның көркемдік көкжиегінің кеңі түскенін, суреткерлік тұрғыдан жетіле түскенін байқауға болады.

Енді өлең тексіне жақындай түсетін болсақ, қолға ұстатып, көзге көрсетер нақты заттық ұғымнан ақын әлдеқайда биік екенін байқаймыз. Тылсым сырдың буына балқып, ұшқыр сезімге ілесіп қиялыңыз шексіз кеңістікті кезіп кетеді. Мұнда тұлкіге еркін шүйіле алмай арманда кеткен қаршыға күйі, жанып өткен отты өмір, нұрлы ақыл мен ыстық жүрек кезекпе-кезек алмасып ақын өмірінің мағыналы шындығын паш етеді. Яғни, өлеңнің мазмұнынан да стилінен де поэзияға тән өнерлік сипат

үстемдік ала береді. Оның үстіне бұл өлеңге ақынның ән жазуы да тегін емес. Яғни, осынша ұзақ өлеңнің поэтикалық өзегі еш әлсіремейді, стильдік қатары бұзылмайды. Керісінше, оның осы баяндау стилі, нәзік лиризмі биік философиялық-эстетикалық самғауға өріс ашып отырады. Т. Әлімқұлов: «Қасым Абай емес» — дейді.

Келісеміз, Қасым — Абай емес. Тек бұл тұжырым сапалық салыстыруға айналмасын. Және бұл пікір ақынның тарихи қоғамдық орнына орай айтылған пікір сияқты. Ал, көркем сөз оның ішкі ізденістері жағынан ғылыми барлау, эксперименттік байқаулар жасасақ Қасым поэзиясының жаңашылдық сипаты айқындала түсер еді. Өзіндік стиль қалыптастырған ақынды жаңашыл деп қарау керек. Сол стильдің өзі көп пәрсенің айқындаушысы. Ал, Қасым стилі сөз жоқ жеке ақынның көңіл-күй әуені ғана емес. Оның сезімдік әлемінде де, ойлау жүйесінде де жалпыхалықтық сипат бар, сапа бар. Өрісі биік парасат бар. Егер оның бәрін ақын ұғынықтылықпен, тек халық тілімен ғана бедерлесе, оның өзінде көркемөнер талабына жауап бар. Сондықтан ол ақын көркемөнер сиқырын меңгерді деген сөз. Барлық классикалық әдебиет осы үрдіс арқылы — мәңгілік. Шынында, Қасым Абай дәстүрі арқылы қазақ поэзиясын жетілдіре түсті. Өзгеше қырларын ұштай түсті. Әсіресе, өнердің эмоциялық шындығын өмір шындығымен тереңнен сабақтастырды. «Ақ сәуле», «Жас дәурен», «Өзім туралы» т. б. өлеңдердегі ән сазының кең құлаш, ауқымдылығының өзі Абай дәстүрі емес пе. Бірақ ол бізге анық Қасым даусы болып естіледі. Қасымдық ақиқат болып танылады.

Қасым өлеңдері үлкен өнердің есебінен туған дүниелер. Ақынның сол таным-талғамы, шынайы образы қылдай нәзік лирикалық стильде жазылған. Мұндай құбылыс «Өзім туралыда» жан-жақты ашылады. Қылдай нәзік лирика шын өрлік пен ерліктің, кейде құрбаидықты керек ететін шыншылдықтың болмыс бояуын нәшіне келтіре жеткізеді. Бұл өлеңде ақын табиғатындағы ерлік қана емес, Абайдағы «ыстық жүрек», «нұрлы ақыл» жігер, намыс отында суарылады. Яғни, гуманистік идея

бір жақты көрінбейді, көркем шындық бар күрделілігімен, тамырлы құрамымен эстетикалық категория ретінде шешім табады. Айта берсеңіз, өлеңде соиша биікке көтерілген ерлік, асқақтық, гуманистік арналылық өмірдің қиын сынақ сауалдары алдында бас иіп, тізе бүгетін тұстары да, тағдыр алдындағы сәбндей дәрменсіздік көрсеткен сәттері де аз кездеспейді. Көркем туынды құралы құдыретті реализм болғанда ғана шындық қабаттары осылайша ашылмақ.

Өлеңде күйректік жоқ, мұң шақырар сағынышпен астарланғанымен шынайы оптимизм, жеңімпаз өмір рухы мол. Алайда, өлеңнің лейтмотиві, пафосы ұран емес, салтанатты мейрам да емес, ақын рухының жеңісі. Яғни, романтикаға толы пафосты поэмасы «Ақын өлімі туралы аңыздан» стильдік айырмашылығы бар, өршіл романтика өзек болған бұл лирикалық өлең бір сәттік ерлік емес — сол рухтас адамның байыпты, парасатты ғұмыр жолындағы қайшылықты өмір диалектикасы. Осы қайшылық барынша толық қамтылған сайын, ақын тұлғасы айқындалып, лирика сомдала түседі. Яғни, өлеңнің мәңгілігі оның реалистік стилімен терең тамырлас жатыр. Бұл ұзақ лирикалық өлеңде поэтикалық сюжет бар. Ақын сол реалистік стилі мен поэтикалық сюжеттің тұтасуынан акорд алады. Гажабы сол, сол биік нота 28 шумақ бойында бір төмендемейді. Бауырын жазған «тұлпар» бір қалыпты көсіліп отырады. Яғни, өлеңнің эстетикалық тыйысы кең, философиялық мәні терең, реалистік арқауы берік. Шығарманың енді бір көзге түсер ерекшелігі — тікелей жанды өмірден бастау алуында. Өлеңнің поэтикалық өзегіндегі мұқалмас муза өмірден ғана тыныс алып тұрғандай. Сондықтан өлеңнің пішімдік бітімінде, тосын өзгешілік байқалмайды. Силлабикалық өлшемдегі он бір буынды қара өлең. Ұйқасында ара кідік егіз ұйқас кездесіп қалғанымен негізінен қазақ поэзиясына тән ақсақ ұйқас үлгісінде жазылған.

Жүзінде қара жердің әжімі көп,
Ізімді табарсыңдар әзер іздеп,
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,
«Досың да, туысың да біздерміз» деп!

Осы ырғақ, осы ұйқаспен ақын біз жоғарыда сөз еткендей өмірлік те, өнерлік те мәнді мәселелер қозғайды. Жыр жазады, сыр айтады. Әлгі төрт жол таңдап алынған жоқ, соған қарамастан өлең тілінде кедір-бұдыр кедергілер немесе кездейсоқ сөз ұйқасқа телінбейді. Мағынаға ғана лайықталған сөздер бір-бірімен мағыналық та, дыбыстық та үйлесім тауып, терең мазмұнға ұласып жатыр. Алайда ежелгі форма ескілік ету орнына қазақ лирикасына жаңа көркемдік сапа ұсынып отыр. Көркем шындықтың жаңа иірімдері ашылып, байырғы сөзден тың образ түлейтіндей... «Жүзінде қара жердің әжімі көп, ізімді табарсындар әзер іздеп». Алғашқы тармақтағы мүлде тың образ (Қасымға дейін қара жердің жүзінде әжім барын ешкім айтқан емес), екінші жолмен қосақтала айтылғанда туатын метафоралық ұғым тағы да поэзияға тән тылсым үйіреді. Қоғамға жарық сәуле түсіру үшін өмірмен көп жүз шайысқан Абай түңіле отырып: «Мен келмеске кетермін түк өндірмей» — деп күңіренсе, Қасым да сол типтес ситуациялармен ширығады. Бірақ сол қарама-қайшылыққа толы, ширыққан сезім өзгеше стилдік жол табады. Бұл жерде Қасым жанр табиғатына көбірек жүгінетіндей. Бейнелі тілді ұтымды пайдалану арқылы айтпақ ойын, идеясын шығарманың тереңіне жасырып, тамыр-тамырына бойлатып жібереді.

Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана,
Қайтейін, жетер емес, қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана,—

деген жолдарда ақынның айтар ойы Абайдың көп өлеңдерінде кездесетіндей («Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қалың елім — қазағым, қайран жұртым» т. б.) сөз, ұғым контексте тура мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Тұспалдай айту — символ, метафоралық тәсілді ақын байқатып отырады. Алайда, бұл бейнелілік фольклорға тән сипатта емес, жазба әдебиетті жатырқамайтын, соған етене тән тәсіл ретінде қолданылады. Мәселен, символ көп жағдайда елестету, меңзеу ұғымы функциясымен бірге, бұл жерде жазба әдебиетіне тән психологизмді тереңдетіп тұр. Ақын профессио-

нализмі сонда — ол әдеби тәжірибе түрлерін астастыра біледі. Сөйтіп барып өз талант ерекшелігін тауып, стилін қалыптастырады.

Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін М. Әуезовтің «паспорттық өлең» деп бағалауында үлкен мәні бар: жазба, профессионалдык әдебиет мұратын көздеп айтқан. Қасымның осы бағыттағы ізденісі, әкелген жаңалығы 60-жылдары күрт көтерілген талантты лириктеріміз үшін сабақты дәстүрге айналды. Мәселен, Мұқағалидың «Қулары қырдың қызыл түлкісі дер, момыны біздің үйдің кірпіші дер», Өзіммен мәңгі бірге алып кеткен, Менің нәзік жанымды кім түсінер»,— деген жолдары Қасымның «Жүзінде қара жердің әжімі көп, ізімді табарсыңдар әзер іздеп» деген жолдарымен әрі сарындас, әрі жеткізу машығы, бейнелеу тәсілі жағынан ұқсас. Бірақ өлеңнің ішкі иірімі, интонациялық индивидуалдык стилі басқа. Дәстүр өрбіту, жаңалық енгізу осы сияқты творчестволық жолмен жүзеге асатыны мәлім. Ейдеше бүгінгі қазақ лирикасы мен Қасым қабыса байланысып жатыр. Бүгінгі қазақ поэзиясына Қасым арқылы келген дәстүр тармақтары жеке зерттеуге тұратын арнайы проблема.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Лирика өзінің табиғатында сезім мен ойдың поэтикалық нәтижесі ғой. Веселовскийдің бұл жанрға поэтикалық формула тұрғысынан қарағаны тегін емес. Бірақ көркем туындының тарихы адаммен оның сезімімен үнемі тікелей қарым-қатынаста болуы себепті уақыт өзіне тән эстетикалық норма талап етуі заңды құбылыс. Біз осы жанрды зерттеу саласында оны үнемі ескеріп отыруға тиіспіз. Өнердің спецификалық ерекшелігі дейтін негізгі қасиетінің құрамды бөлігі десе де болғандай.

Осы тұрғыдан үңілгенде қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық арсеналдары қандай? Бұл сауал — поэзия, өнер зерттеушілерін ойлаңдыруға тиіс, қазіргі әдебиеттану ілімінің ең көкейкесті сауал-

дарының бірі деп ойлаймыз. Бұл жеңіл сұрақ емес. Өйткені, өнерде жетістікті санмен өлшейміз бе, сапамен бе? Әрне, сапамен деп бірдеі жауап береміз. Ал, сол сапа дегеннің өзі өнерде қалай салмақтаймыз? Мәселен, өлеңнің құрылыстық жағынан ба, көркемдеу құралдары тұрғысынан ба, мазмұн тереңдігімен бе, әлде сұлулыққа ара қатынасы жағынан ба? Мұның бәрі бір ақынның бойынан табылуы да мүмкін, әр ақынның даралық ерекшелігіне шағылып кетуі де мүмкін. Өнерде сапа өлшемін шығарудың өнер ерекшелігіне орай осындай қиындықтары бар. Сөз, әрине, озық үлгілер, даралық сипат танытқан шығармалар төңірегінде болуға тиіс. Әйтпесе, формализмге ұрынамыз.

Мәселен, Біржанның мына бір өлеңіне үнелейікші:

Мен, Біржан, қызға барман аяғымнан...
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан,
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,
Онымды тастамаймын өзім өлмей.
Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер,
Қарамай қатты сөйле өлгеніме.

Өлеңнің тілі мейлінше қарапайым. Айқайы жоқ, шуы жоқ, сезім селін ағызар, шабыт көзіне түрткі болар балендей фактор да жоқ. Алау да жоқ, от та жоқ. Біржанның «өліп-тірілетін» талай сезімдік дүниелерін біз білеміз. Ал, бұл өлең олардан гөрі басқашарақ сияқты. Несімен?

Құрылыстық жағынан алғанда бұл жолдар ерікті өлең өлшемі. Ақын ұйқасты қатты қадағалап отырған жоқ. Яғни, өлеңнің композициялық құрылысындағы бүтіндік, динамикалық өріс өлеңді өлең ететін ұйқас күшімен өрбімейді. Керісінше, ой мен сезім ұйқассыз құрылған әр тармақта шашырап жатыр. Сонда бұл өлеңде поэзия жоқ па? Оның сапасы немен өлшейміз?

Біріншіден, бұл өлең Біржан секілді тегеурінді ақынның қолтаңбасы екені бірден байқалады. Сезімге психологиялық даярлық, алғы шарт бары байқалады.

Екіншіден, өлеңдегі поэзияға тән серпінділікті ұйқастан емес, сөздің түпкі төркіінен, мазмұндағы

таным мен сезім қуатынан іздеген жөн. Сонымен өлшегеіде ғана бұл өлеңнің бағасына жетеміз. Біржаи осы тәсілге неге барды? Біздің қазіргі лириктеріміздің біразы осы тәсілмен жазып жүргенін айтар едік. Бұл, әсіресе, Т. Айбергенов, Ж. Нәжімеденов сияқты мықты лириктер арқылы айқындала түсті. Бұл тәсіл, әрине, форма жаңалау мақсатында туды демесек те, поэзиядағы табиғи ізденіс көрінісі екені анық. Бұл тәсілмен көп елігіп кеткендер «ұтар еді» дегенді біз айта алмаймыз. Бұл пікірді теоретик ғалымдарымыз да ескертіп келеді. Тіпті талантты деген Жұмекеннің өзінің соңғы кезде тұйықтала бастауына осы форма ықпал еткен сияқты.

Ал, Біржанның жоғарыдағы өлеңінің жөні басқа. Сөз жоқ, ақынды бұл жолға формалық ізденіс жетелемегені анық. Сезім еркіндігі рифмаға қамалудан басқа да бір жол іздегендей.

Дей тұрсақ та, қазіргі поэзиямызда осы тәсіл сирек те болса неге жаңғырып отыр? Бұл форманың екінші бір жағы — Асан қайғыдан басталатын философ-жырауларымыздың даналық ойларын жеткізетін оңтайлы тәсіл еді ғой. Толғаулардың көбі сезімнен гөрі ойға құрылады. Тамаша лирик Т. Айбергенов осы тәсілді творчествосында өнімді пайдаланғанын білеміз.

Жатады сенің күз кеудең толқып басылып,
Ойнайды сөзім жүзінде сенің от болып,
Эндерін сенің тауларға занғар басы бұлт
Барады мені бектеріп.
Ақ дидарыңнан жапыма бір шоқ түсті ме,
Алдымда менің алаулап жатқан қыр қандай,
Қатпар да қатпар мың жылдық қырлар үстінде
Қызғалдақ қаптап тұрғандай.

Жоғарыда Біржан өлеңімен салғастыра қарастыра болсақ, бұл өлеңнен нендей сапалық айырма көрер едік? Біз бұл салыстырудан сапалық айырма іздеудің теріс екенін көз жеткіземіз. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен халық мұрасының қай-қайсысы болсын өзіндік эстетикалық салмағымен құнды. Өнер иелерінің творчествосы негізінен ерекшелікке саяды, ал сапасы талаит қуатымен өлшенеді. Төлеген жолдарын да осы тұрғыдан бағалаймыз. Бұл жолдардың түр-тұлғасы мен түйдекке лирикалық мазмұны

жағынан жоғарыдағы Біржан өлеңімен тектес. Неге десеңіз, негізгі фактор — сезім, дидактика салқыны сезілмейді де. Өмір жайлы толғау да емес. Ендеше, бұл — таза лирикалық өлең. Өлеңнің сыртқы құрылысында жаңалық бар, шарқ ұрған таланттың ізденісі бар. Алау сезім өзгеше бедерлеуді тіленгеі танылады. Сондықтан ақын ерікті ұйқасқа барады. Сөйтіп ақын сөз тіркесінің аңысын аңдиды, сол арқылы қызуын ішке түсіреді. Жалының бәрін жоққа, мазмұнның бәрін маңызға айналдырады. Ендеше, екі өлеңнің де сезімдік қуаты тең жатыр. Дәстүр жалғау дегеннің осындай тәуелсіздік жақтары да болады. Тек сыртқы ұқсастық, тәсіл қайталау — поэзиядағы дәстүр бола бермейді. Дәстүр кей жағдайда өнер табиғатына тән интуициямен берілуі де мүмкін. Сезім ұштасып, ой суарылса — талант тұтанады. Гәп — ақынның рухани түрленуінде.

Өміршең дәстүр тез қаулайды, қазақ лирикасында мұндай өлеңдер біршама табылады. Әрі олар жаман жеміс бермегенге ұқсайды. Мәселен, ең жас ақын Т. Садуақасовтың мына жолдарына мән берейікші:

Асқақтығын асқар-асқар таулардың
Етегінде жүргенде елемейді екенсін.
Алыстасаң мұзарт шықты мұнартып,
Тұрады екен құмартып.
Кімге айтарсың, кінә артып,
Кеш бағалар қадірін бар алтынның.
Бәрімізде бар осындай бір салқындық.

(«Жұмбақтас», А., 1982, 31-бет).

Жас ақында еліктеуден гөрі пайымдылық басым. Дәстүрді бойға сіңіру гадеті бар. Біз, бүгін қазақ поэзиясында көрініп қалып жүрген, ерікті ұйқас лирика табиғатына сіңісті ме деген төңіректе сөз қозғап отырмыз. Біздіңше, ерікті ұйқас, негізінен, жанр табиғатымен тым сіңісті боп кете алмайды. Біз сәтті оралымдарды келтіріп отырмыз. Ненің де түйіні талант шешеді ғой, дегенде де қазіргі қазақ лирикасының биігінен көз жіберсек, эстетикалық өріс ерікті өлең ұйқасынан бастау алып тұр дей алмаймыз. Тамаша лирик М. Мақатаевтың қара өлең ұйқасын таңдауы тегін емес деп ойлаймыз.

Ғалым З. Ахметов те ақ өлеңнің қиындығын орынды байқаған: «Ерікті өлең сапалы, келісті шығу үшін әр сөз, сөз орамы мағыналы, мәнді болмақ керек, ырғақ-интонациясы жағынан оқшауланған әр сөйлем, қысқа сөйлемшелер ширақ, жинақы, оралымды болуға тиіс. Ал, өлеңді жәй ғана қара сөзге айналдырып алмай, сөз ырғағын ширақ етіп келтіре білу, өлеңге әр сөзін салмақтап айрықша лебізбен оқуға сай қасиет дарыту — бұл үлкей ақылық шеберлікті талап етеді»¹ — деп орынды байқаған, әрі сақтандырып отыр.

Қазақ поэзиясының, оның ішінде, қазақ лирикасының эстетикалық аренасы кеңейгендігі талас тудырмайтын шындық. Бірақ, біз жоғарыда қатты ескерткен пропорцияны үиемі есте ұстай отыра көз жіберуге, бағалауға тиіспіз. Сәкен, Ілияс, Қасым, Әбділда аясында түлеген бүгінгі Тұманбай, Қадыр, Мұқағали, Төлеген, Сағи, Өтежан, Жүмекен, Мұхтарлар лириканың жанрлық мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Бұлар өздерінен алдыңғы топтың ең қажетті деген дәстүрін бойға жиды. Көзсіз еліктеуден, жалған жалау көтеруден аман болды.

Қашанда әдебиеттің бетін айқындап, дәуір талабына үн қатып, оның қоғамдық қажетін өтейтін де жеке озған дарын, өнер саңылақтары екенін тегін айтып отырған жоқпыз. Олай болса біздің де жанр сипаты мен ерекшеліктерін ғылыми екшегенде солардың творчествосына сүйенуіміз заңды.

Жоғарыда аттары аталған бүгінгі талантты ақындарымыздың өзіндік эстетикалық мектебі бар екенін айта отырып, бұдан олар жеке-жеке тұйық көл деген ұғым жасамауымыз керек. Керісінше, олар бір-бірімен тығыз ұштасқан, бір-бірінен қуат ала, тізе қоса отырып өрледі, поэзиямызды дамытты. Олардың бір-біріне ықпалы дегенде 60-жылдардан бермен қарайғы қазақ лирикасына М. Мақатаев пен Т. Айбергенов әсері үстемдеу болған сияқты. Бұл мәселеге де арнайы ғылыми зерттеу жүргізуге болар еді.

Тыныстың кеңдігі, сезімнің ауқымдылығы, қиялдың сергектігі, ойдың тереңдігі жағынан Мұқа-

¹ З. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. А., 1973, 207-бет.

ғали өзгелерден оза шапты, дараланды. Ал, төлеген іздері қазір қазақ лирикасында тіпті көп. Өзінің поэзияға тәи құштарлығымен, еріп кететін сезім жомарттығымен ақын біткенді маңайына магнитше үйіреді. Ол өлеңнің қара дауылын тұрғызып поэзия теңізіи шайқайды. Оның асқақ та өршіл рухы лирика айдынында армансыз жүзді.

Төлеген Айбергенов — табиғатында лирик. Лириканың ең негізгі қасиетіне Төлеген творчествосын еркін ақтара отырып көз жеткізуге болады. Дәл осы сипат тұрғысынан үңілсек, әлі де ақынның орны бөлек, биік тұр.

Төлеген дәстүрі бірнеше арнада жетілді, бірақ сезімдік салада тереңдеді деу қиын. Әр ақынның сезім көлемі өлшенетін, негізгі өлшемі — оның оқырманға әсері ғой. Әйтпесе, біз Сағидың, Қадырдың, Тұманбайдың, Өтежанның сезім-лабораториясы Төлегеннен тапшы деуден аулақпыз. Бірақ, бұлар Төлеген сияқты көп жағдайда сезімді бірінші орынға шығармауы да мүмкін. Көркемдік тәсіл ретінде де олар сезімді туындының екінші, үшінші қабаттарына жасыруы да ықтимал. Соның салдарынан баллада, сюжеттік өлең, толғау т. б. лирика жанрлары өздеріне жаңаша өріс ашты. Яғни, сезім тең түскенімен, тәсіл бөлек. Ал, Төлеген болса, қашан да лирикалық «менің» заңғарына қол созумен болды.

Керсең ғой, шіркін, бәрін де көзбен көрсең ғой
Жатыр-ау менің жазыра далам өлшенбей.
Осынша сөзбен ынтызар қылған аймаққа
Бір әсем дарин керек-ақ екен дәл сендей
Қуаты керек мендегі асқақ арынның,
Құдыреті керек Әбділдалардағы дарынның
Қара орман керек, қап-қара орман, түп орман
Көзіндей менің жарымның

(Сонда, 35-бет).

Ой да, ойлылық та оның сезімінде қақталып, дапдайын боп пісіп алдыңызға келеді. Сондықтан көбіне ойдаи гөрі сезімге елтисіз. Жаныңызды алмастай суырады. Жоғарыдағы жолдардағы динамика, жанды сезімнің тасқын легі бөтен ой, бөгде қылыққа жібермейді. Шырын сезімге шыр айналған дүниені алқымға әкеп бір-ақ тірейді. Міне, осы тұста оның сезім байлығына көз жеткізесіз. Бұл ақын үнемі осы тәсілмен жазады деген сөз емес.

Керісінше, табиғатқа байланысты толғаныстарында уақыт, кеңістік негізгі объект болады. Алайда, дүние жұмбағының өзі өзгеше бір тылсым дүниеге айналып поэзияның мысы басады. Сондықтан, тұрып-өскен жерге деген іңкәр махаббатын ол қашаида сөзбен емес, сазбен толғағандай әсерде отырасыз. Осыдан заңды сұрақ туады. Сезімдік өлеңдерде көркемдеу құралдарының ролі қандай? Мәселен, Төлеген әлгі өлеңді қандай көркемдеу құралдарымен тұзақтайды? Мұнда бәлендей айшықты тіл өріегі жоқ. Жалпы Төлеген образды тілді пайдаланса, тыңнан ойып жаңа үлгі жасауға ұмтылады. Ол — ақын творчествосының өзгеше жемісті саласы. Бірақ ақынның жүрек лүпілі қайткенде оқырман жүрегіне жетуі — негізгі нысана ғой. Айшықты образды көл-көсір пайдалана берудің өзі сауатты поэзияға жанаса бермейтінін ескерген жөн. Әңгіме — әриәрсені дарытуда, нәзік талғаммен пайдалана білуде. Сол арқылы сезімдік қабат жасау. Содан барып табиғи ұйқас, ырғақ туындату. Мұның бәрін біз шеберлікке теліп жүрміз, әрине. Қім білсін, басқа да сыры бар шығар.

Қарап отырсақ «Қара орман керек, қап-қара орман, түн орман көзінде менің жарымның» деген екі жолдағы интонация мен «орман» сөзін қайталау арқылы туатын екпіннің байланысынан-ақ динамикалық өріс жасалып тұрған жоқ па? Оған барып «Меіндегі асқақ арынның, Әбділдадағы дарынның» ұйқастарын, онда да керемет мағыналық ұйқастардың, ара қатынасын пайымдасақ айтылғалы тұрған ой сезім дүниесіне айналып жүре бермей ме? Поэзияның құдыреттілігі сонда.

Экспрессивті сөздерді Төлеген өте шебер пайдаланады. Табиғи пайдаланады. Тексте ешқашан көзге ұрмайды. Мәселен, «Көрсен ғой, шіркін, бәріңді көзбен көрсен ғой» дегенде әрине «шіркін» сөзінің атқарып тұрған ролі ерен. Ол сөзді алып тастасақ сезімдік дүние емес, сұрқай хабарлама болып шығар еді.

В. Виноградовтың экспрессивтік сөздердің поэзиядағы қызметін ерекшелеуін кейбір ғалымдар (мысалы, Чичерин) қоштамаса да мәні беруге тұрарлық пікір ме дейміз. «Жатыр-ау менің жазир:

далам өлшеібей» дегендегі «ау» шылауының қызметіне қараңыз? Бұл — грамматикалық форманың поэзия құрауы. «Грамматика поэзий, поэзия грамматика» деп Виноградов тегін баламайды. Төлегеннің құштарлығы асқындағанда «ау», «ақ» шылауларына маңдай тірейтіні анық. Сезім сол жердеи тоят табады. Поэзия шамы да жанады. Мысалы, экспрессивтік сөзді пайдаланбайтын Төлегеннің мынандай жолдары да бар:

Сенбісің сияқты орман күй ақтарған,
Ұзатқан қыздың көші сияқтанған,
Жаныңда сөз қалды ма, наз қалды ма,
Сан тұлпар дүбірлеткен тұяқтардан.
Қиналсам талай-талай асырдың бел,
Жауымнан жасырдың жол жасыл гүлдер.
Сөйлесем жаңғырып бір, сән көріп бір
Жырлады тау тілімен, тас үңгірлер.

(Қаратауға арналған өлең)

Экспрессивтік сөз жоқ. Бірақ одан поэзия жұтап та тұрған жоқ. Бұл жерде поэзия жүгін ұйқас атқарып тұрғандай. Қалай дегенде де өленнің көркемдік компоненті жекелеген элементтен тұрмасы хақ. «Ұзатқан қыз көшіне» теңеуі немесе «жырлады тау тілімен тас үңгірлер» сияқты метафоралары я болмаса, «жауымнан жасырдың жол жасыл гүлдер» дегендегі дыбыстық қайталаулар өлең формасына көркемдік нәр беріп тұрғаны анық. Біз өлеңнің түрін мазмұннан бөле қарастырғалы отырғанымыз жоқ. Сөз жоқ, бұл поэтикалық тілдің мазмұнға белгілі мөлшерде қатысы бар, алайда, ақындық тұлға бой көрсететін поэзия мазмұны онымен шектелмесе керек.

Экспрессивтік ұтымды пайдалану арқылы сезімді жеткізе бейнелеу Қадыр Мырзалиевке өте-мөте тән тәсіл.

Мүмкін емес тындауым, елжіремей, балқымай,
Сөзбен жазбай тарихын, күймен жазған халқым-ай.
Мынау шешен шектерден сыр таптым-ау мен бөлек,
Бүкіл далам келді ғой көз алдыма дөңгелеп.

немесе:

Боз дала құшағынды аш қозың келді
Боз тарта бастадым-ау өзім де енді.

Міне, мұнда да жоғарыдағы Төлегеннің сезімді дәл жеткізудегі тәсілі ап-айқын байқалады. Қазақ поэ-

зиясында сезім тілінің грамматикалық осындай иірімдері осы екі ақында анығырақ сезіледі. Қазақ лирикасында алғаш тегеурін таныта сезім дүниесінің есігін айқара ашқан да осылар сияқты.

Төлеген осы тәсілдің биігінде қалды. Ал, Қадыр әрі қарай творчестволық ізденіс жолдарына түсіп кетті. Қадыр өлеңдері әрі қарай драмалық ситуацияларға, тартыс, оқушымен диалог, монолог т. б. элементтермен қазақ лирикасын жетілдіре, желпіндіре түсті. Лириканың философиялық, психологиялық трактатқа айналып кететін кездері де болады. Мұны жатырқай алмаймыз, жатсыбаймыз, неге десеніз соның бәрін ақынның шынайы сезімі арқылы беріледі. Егер олар шынайылығын жойған болса Қадыр дәл бүгінгідей оқырманын таппаған болар еді. Халық қашан да — өнердің барометрі.

Қазіргі қазақ лирикасының дамуы тенденция мен содан туындайтын түрлік өзгешеліктерін айқын көрсетіп отырған лириктеріміз: Т. Айбергенов, М. Мақатаев, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, М. Шаханов, Ж. Нәжімеденовтердің стильдік ерекшеліктері ойлау арсеналдары дара-дара болғанымен олардың басын біріктіретін уақыт өлшемі бар. Сондықтан да олар поэтикалық жағынан бір-бірінен алшақ кете алмайды. Ал өнерлік дәстүр, тілдің жанрлық ішкі ерекшелігіндегі ізденістері жағынан тіпті де бір-бірімен жақындай түседі. Мәселен, Мұқағали, Төлеген, Мұхтардың он бір буынды қара өлең ұйқасына жазған сезімдік өлеңдері ішкі иірім, ырғақ, интонация жағынан бір-бірімен тым үндес жатады. Төлегеннің:

Есен-сау бармысыңдар, армысыңдар,
Армысыңдар, қария қарлы шыңдар.
Төсінен керуен-керуен көш өткен тау
Сен менің керуен-керуен алғысымды ал.

шумағын Мұқағалидың:

Кең дүние, төсінді аш мен келемін
Кең дүние керемет қалпыңменен,
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

немесе «көктем келді ауылға, мамырлап бұлт, таңтамаша дүние, дабырлап жұрт» сияқты жолдар бір-бірімен тым ертеден туыс, бір-бірінен көп айырмасы жоқ жолдар сияқты. Қара өлеңнің бұл ырғақ-

гық өлшемі «Қаратаудың басынан көш келедіден» басталады. Мұқағалидың: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпей жауып өзіне қайтарамын» деуі содан. Қара өлеңнің бұл үлгісі лирикаға да, поэмаға да, сюжетті өлең балладаға да қолданыла береді. Мәселен, М. Шахановтың «Таиакөз» поэмасының жолдарын қараңыз:

Ізгілік пен ізеттің баулауында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау Мақсат тауының жайлауында.

Байқап қарасақ, қара өлеңнің буын өлшемі ғана роль ойнап тұрған жоқ. Негізгі тетік сол болғанымен, әр ақынның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты кейбір факторлардың да нәзік үндесуінде жатыр. Бұл алдымен табиғи бітім-болмыстың ұқсастығы. Дүниені қабылдау, образ орталығы. Содан барып ойлау мәнеріне, сөз қолданыстың, интонацияның ұқсауына апарады.

Сөз жоқ, қара өлеңнің жалпы ырғақтық үндестігі осы буын өлшеміне лайықталған әрбір өлеңпен белгі береді. Өтежан, Сағидың он бір буынға лайықталған өлеңдерінен де құлаққа таныс ырғақ, таныс үн жетіп жатады. Бұлардың арасын белгілейтін негізгі өлшем — интонациялық айырмашылық. Осы жерден келіп әр ақын стильдік даралық таныта бастайды. Стильдік ыңғайластық көрсете бастайды. Сөйтіп өнерде типтік жоталар қалыптасады. Біз жоғарыдағы үш ақынды іріктеуіміздің де осындай сыры бар. Дегейде де қазақтың қара өлеңі бүгінгі лириканың ана қаздай алдында тұрарын баса айтамыз.

Лириктеріміздің тілдік, образдық, жанрлық ізденістері осы қара өлеңнен тарап жатыр. Жоғарыда аты аталған ақындардың барлығы да қара өлеңнен бастаған. Сол арқылы жетіліп жаңа сөз айтты. Мәселен, Қадыр, Жүмекен, Мұхтарлар қара шаңырақ қара өлеңнен отау тігіп, енші алды. Ал, Мұқағали қара өлеңді өле-өлгенше «құдырет» көрді.

«Қазақтың қара өлеңі — құдыретім, ойда бір сұмдық сыр бар естілмеген» дейді. Қара өлең ар-

қылы ол көркемдік көгіне көтерілді, өнердін тылсымына бойлады.

Әр творчество тағдыры тарам-тарам.— Талаитың жетелеген жағына үй тігеді.

Әр талант өзін толық ашқанда барып өзіне тән стиль қалыптастырады. Ол бір өлеңде бола ма, бес, он өлеңде ме — бәрі бір. Ал өзін іздеу жолындағы өлеңдерден ұлттық поэзиямыздың әр қасбетін көруіміз — заңды құбылыс. Мәселен, М. Шаханов өз творчествосын сазды лирикадан бастап лириканың баллада жанрына сюжетті өлеңге ойысып кетуі оның өзін табуы.

Шын мәнінде ол балладалар арқылы өзіндік поэтикалық мүмкіндігін толық ашты дей алмаймыз. Қазақ лирикасына тыңнан бір соқпақ қосылды. Баллада бұтақты айтып отырғамыз жоқ, Жаир арқылы жаңарған тіл құнары, ұлттық тіліміздің поэтикалық тұтас қабаты қайта түлегендей болды. Осы жағынан Мұхтарды новатор ақын деуге әбден болады. Оның сезімдік көңіл күйі, сағынуы мен аңсауы, эпикалық үлгіге қалай айшық табады десеңші. Ұйыған сүттей дірілдеген сезім оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырады. Оның эпикалық баяндауының өзінде лирикаға тәи шапшаңдық, өткірлік үстем отырады. Ол шеберлік шыңдау үстінде тілдік жанрлық жаңалықтар енгізеді. Ауызекі тілге жақындату ниетінен, өлеңнің драматизмін тереңдету мақсатынан ұзынды-қысқалы тармақтар пайда болады:

Мосқал шебер күйіп-пісті:
Қарағым-ау, мұшын не?
Көпсінгенің осы нұрсыз, шабаталы күнің бе?
Енді қайттің?
Әлде басын өкпелі ме иығыңа?

Қалпымен драмалық элементтер өлеңге айиалып тұр. Ұйқас, ырғақ, динамика лирика табиғатынан бұра тартпайды. Керісінше, қара сөзге лайық ұғым мен мазмұн лириканың үлесіне айиалады. Бұл, әрине, жаңалық. Біріншіден, баллада жанры қазақ поэзиясында өте кеш дамыды. Және ондағы эпикалық баяндау сарыны немесе ақ өлең, толғау, түйдектерде кездесетін екпін интонация Мұхтарда жаңа сипат алып тұр. Неге десеңіз, өмірге лайық

жаңа мән, жаңа форма талап етіп тұр. Оның әрбір сөзі психологиялық дәлдікпен жұмсалады. Бәрі де есепте. Оның өлеңдеріндегі симметрия ерекше математикалық индукциямен есептелгендей. Осынша жаңалықтың бәрінде сөз көне, тілбайырғы. Сондықтан оның ұлттық бояуы қанық. Өзге тілге аудару қиын.

Шиллердің, Шекспирдің драматизмі оқиға қоюлығымен, адам психикасының тереңдігімен ерекшеленетін еді. Мұхтарда солармен бірге сөз, бейнелі тіл құдыреті айырықша орын алады. «Сезімнің төзім жібін албырттығын қиды ма?» деген өлеңің жалғыз тармағындағы образға қаншама сезім мен ой сыйып тұр. Ойымызды күнде бөлетін қарапайым ұғым емес, санада жарқ ете қалатын жаңа тіркес. Көбінде біз сезім отына төзе алмаймыз. Сезімге берілеміз, ләззат кешеміз, қадірлейміз, ардақтаймыз. Бұл — өмірде де, өлеңде де қалыптасқан ұғым, қалыпты шындық. Яғни, сезімді келістіре жырлау поэзиясының түпкі мақсаты, негізгі тенденциясы. Ал, Мұхтар осы ұғымға контраст бейнелілік енгізіп отыр. Сезімнің төзім деген нәзік жібі болады екен. Сол жіппен «тұзақ ойнау» — кісілік көрініс. Ақын идеялы мен сөз қолданыс осылайша дәл түйіседі де, поэзия оты тұтанады. Бұл сияқты мысалдарды Мұхтар творчествосынан көптеп табуға болады.

Ал, Қадыр өлеңдеріндегі драматизм табиғаты өзінше. Ондағы контраст оймен ойдың, ұғым мен ұғымның арасынан емес, жаратылыстың, өмірдің философиялық қойнауынан іріктеледі. Оны өнерлік өнге көтереді. Осы тұрғыда ол деталь ойнатуға шебер. Суретке ұста. Сонсоң оның тіліндегі осы шешендік қай түспірдегі шындық болса да суырып алардай соқталы.

Немене өзі?
Қорқақ болып кеттік пе?
Біреулерде ерлік деген жоқ тіпті!
Ешкімді де ақтай алмас
Сөйлемнің
Аяғына қоя берген көп нүкте.

Ең алдымен ойдың актуальдылығы, ақынның тікелей өмірмен арақатынасы жанды әсер тудырады.

Қарапайым сөйлеп отырып-ақ шыңырау шындыққа қол созуы ұнайды. Ал, анығырақ үңілетін болсақ қарапайым сөйлемдер арқылы поэзия жасау шеберлігі риза етеді. Ешбір бейнелі тіркес, образды сөз қоспай поэзия қалай туып тұр? Поэзин бұл жерде интонация соған лайық ырғақпен ғана жасалған. Сөзді интонация ізімен ие, бұтарлап сындыра отырып, поэзияда Қадырлық жол салады. Бұл — Қадыр өте көп барған тәсіл.

Бұл далада енді қанша жортамын?
Қалған өмір — орта шаттық,
Орта мұң...
Бақытқа да,
Қайғыға да —
Бәріне
Етім өліп кете ме деп қорқамын.

Бұл жолдарды тығыздап, байырғы ұлттық поэзия өлшеміне түсіруге әбден болады. Бірақ онда Қадырдың интонациясы шықпас еді. Мазмұн шыққанмен Қадырға ғана тән интонация соған байланысты әрбір сөздің ойнап, жанды қозғалысы — тіршілігі тоқтар еді. Яғни, Қадырға тән стиль тумас еді. Бұл өлеңдік негізгі шарт екені рас. Алайда өлеңнің құнын оның стильдік құрылысымен ғана өлшеу дұрыс емес. Көріп отырмыз, Қадыр байырғы қазақ өлеңінің композициялық құрылысын, өлең құрылысы нормасын жаңалап отыр ғой. Бірақ мәселе сол жаңа түрде тұрған жоқ, ақынның эстетикалық ой-сезімінің сол түрмен үйлесіп кете алуында. Қаншалықты дәрежеде бірлестік таба алуында. Сонда ғана түр мен мазмұн ажыратуға келмейтін тұтастық алады. Мазмұн түрге, түр мазмұнға айналады. Осы жерден ақын стилі туады, идеялық беті айқындалады, эстетикалық келбеті көрінеді. Мәселен, Қадырдың жоғарыдағы өлеңдеріндегі поэзия шартын жете түсінген шеберлігін ғана мадақтау кемшін болар еді (мадақтауға тұрарлық жаңалық бола тұра), ақынның шынайы стилін — философиялық стилін ажыратып айта алмағандық болар еді.

Шын мәнінде Қадыр өзінің поэзия тілінде сөйлеу стилімен қаншама идеал тереңіне бойлай алады. Әлеуметтік мәні бар мәселелерді айта алды.

Азаматтық деңгейге көтерілді. Осының бәрі Қадырдың тапқырлық, шешендік стилінде бейнелілікпен жеткізеді.

Иттігін көріп жақынның,
Жүдейсің іштей,
Жылайсың.
Айтқанын істеп ақылдың
Шыдайсың, бірақ,
Шыдайсың!

Қадыр стилін бірден ажыратқан болар едік. Сонда ұзынды-қысқалы тармақ, шумағының әр түрлі болып келуіне қарап қана тани аламыз ба? Жоқ. Дәл осындай ұйқас құруға машықтанған әр ақынанан да дәл осындай «графикалық» үлгіні кездестіреміз анық. Бірақ оның бәрінің Қадыр бола алмауында өзгеше сын, мән, сыр бар. Монолог үлгісіндегі әлгі өлеңде Қадырдың жан дүниесі жатыр. Небәрі он екі-ақ сөз алты тармақ құрап тұрса да адам характері мен психологиясы, жарқын идеалы, кісілік тұлғасы сыйып тұр. Осындай үлкен ұғым, кең түсінік аз сөзбен өрнек тауып, жеңіл ұғыммен бойға тарауын шеберлік деп мойындаймыз.

Ал, мына өлеңде:

Көк жиекте сағым ойнап сәскелік,
Көз көрмейді...
Қуаныштан жас толып,
Жолдан шығып,
Саясында жиденің
Жатады адам жұпар гүлге мас болып.

Бірғақ, интонациялық, шумақ — буын өлшем жағынан жоғарыдағы Қадыр өлеңдерінен бұра тартпайды. Ал, әсемдікті сезінуі жағынан, яғни тақырыбы жағынан терең жатыр. Табиғаттың әсем көрінісін пейзаждық құбылысты беруде ақын санаға сіңісті болған суреттеу тәсілінен бойын аулақ ұстап отыр. Суретті сезім арқылы беретін жалғыз Қадыр емес. Ол — басқа ақындарға да тән тәсіл. Бірақ Қадыр өзіндік интонация, өзіндік өң береді. Сөйтіп барып бұл жерде де оңашаланады. Хабарлы ғана ойды білдіретін сөйлемдер аһ ұрудан аулақ.

Эстетика мұратын бұл жерде өтеп тұрған — сөздердің заттық ұғымдағы күші ғана. Бұл да — ізденіс жемісі.

Көріп отырмыз Қадыр «қарапайымдылығының» тасасында қаншама қазына бар. Осы тәсілмен Қадыр уақыт тынысын танытады, философиялық ой айтады! Мәселен:

Бар дегенге сенбеймін ойдан асыл.
Өлең үшін табылар қайдан да сыр.
Мынау ғасыр, бауырым, байқайсың ба?
Алау ғасыр,
От ғасыр,
Майдан ғасыр.
Нұсқау алып әкеміз Октябрьден,
Намыс үшін сайысып өтті өмірден
Мен де сондай сарбазбын бұл ғасырда
Шинелінің етегін от кемірген,—

дегенде бүгінгі адамның, бүгінгі күннің идея биігі ақынның сезім-күйіне айналады.

Ой мен сезім тарам-тарам өзек алған сайын ақынның стилі тұрақтала түседі. Ақын стилінің тұрақталғаны сонша, ұзынды-қысқалы тармақтар бүтінделіп, кедуелгі он бір буынға айналса да, ептеген нитонациялық өзгеріс енгенімен, негізінен Қадырға сіңісті ырғақ сақталады. Және бір өлең ішінде олар алма кезек ауысып отыра береді. Одан өлеңнің композициялық құрылысына бәлендей нұқсан келмейді, тұтас қабылданады.

Қай ақын болмасын өзі өмір сүрген ортаның тынысын танытатыны рас. Ол сөз саптауынан да, образбен ойлау жүйесінен де байқалып отырады.

Мәселен, қазіргі қазақ лириктерінің (ең таңдаулыларының, әрине) таза лирикалық сипатты жырларының өзінен уақыт тынысын сезбей қоймаймыз. Біздің дәл қазіргі лириктеріміздің өзіндік бір ерекшелігі — уақыт қазанында әбден пісіп қайнауы. Ол не деген сөз? Ол — қазіргі лириктеріміздің ерекше сауаттылығында дер едік. Қлассикалық мұраның қай-қайсысымен де жетік сыралғылығында дер едік. Таланты тең түсетін ұлт әдебиетіміздегі көптеген ақындарды Абайдың сынауы тек осы тұрғыдан деп білу керек. Жаңа мәнді сөздің қадыр-қаснетін жетік білген Абай оларды өз биігінен сынап Абай қадіріне жеткен «жаңа сөз» дәстүрін біздің жоғарыда аты аталған лириктеріміз жалғап отыр. Қалай? Абай бастаң кешкен ақындықтың «азапты»

жолынан өту арқылы; тұңғыш Абай қолы жеткен дүние жүзілік мәдениет қақпасын қағу арқылы; сөйтіп барып өмір, уақыт тынысын таңыта алатын мәреге жетті. Сөйтіп барып олар тарихи кезеңнің әлеуметтік-эстетикалық қызметін атқара алып отыр. Бұл — Абай дәстүрінің, Абай мектебінің қазақ поэзиясындағы бүгінгі көрінісі, іске асуы деп білеміз. Біз жоғарыда да айттық, олар бұл дәстүрді бойға сіңірген сайын стильдік тұрғыда даралана түседі.

Маған деген құрмет кем бе,
Сый кем бе?!
Қай жұмысым келмей жатыр икемге?
Домбыраның көп тартылған ішегіндей
Байқап тұрсам,
Жұқарыпты жүйкем де!
Бірақ елге ыраза болып жүремін.
Миллиардын беріп жатыр жыр-егін.
Кремльдің сағатындай
Жалғыз-ақ
Бірағынан жанылмаған жүрегім.

Қадырдың осы жолдарын Абай өлеңдерімен текстологиялық салыстырулар жасасақ онымыз сауатсыздық болар еді. Бұл өлең тіпті, Абаймен рухтас демесек те, Абайдың поэзияға қояр критерийінің жауабы деуге әбден хақылымыз. Бұл жайды Қадырдың жоғарыда талданған өлеңдерінен бөле қарастыруға келмейді. Өлеңдік құны мен ерекшелігі де — сол. Ал, өлеңдегі кейбір психологиялық иірімдер бізге ой салуға тиіс. Расында да ақын жүйкесі неге жұқа? Ол — ақын жаны тоғышарлықтан сау деген сөз. Адам үшін жаны ауырады. Шындық үшін күйінеді. Әділдікті айта-айта шаршайды. Адам санасындағы жарықшақтармен идеал үшін күреседі. Міне, бұл Абайға сол сияқты басқа да гуманист ақындарға тән, ортақ қасиет емес пе? Бірақ олар сияқты тарихи заманына орай асқындап, күрескерлікке, бітіспес принципке жетелемейді. Қадыр ел ризалығынан, ел тыныштығы мен берекесінен жұбаныш көреді. Оны соңғы шумақта әдемі жеткізген, поэзия тілінде жеткізеді. Өйткені, ондағы бейнелілік те, теңеу де (кремльдің сағатындай, «жыр-егін») халық поэзиясындай айға, күнге емес, мүлде жаңа мәнді жаңа сөзден құрылған. Мәселе онда да

емес, әдеттегідей замандас жүрегіне жол табатын, көптеген фактілер мен факторлардан жол бас құрайтын Қадырдың сиқыр стилінде, яғни қазіргі лирикамыздың озық үлгілерінің көбіне Абайдың, Қасымның, Ілиястың өрнегі емес, өз үнін естіссек — дәстүр мен жаңалықты сол жерден іздеу керек.

Кейде стиль бөлек болғанымен мақсат біреу не көне стильдік формаға жаңа мазмұн сыйғызу өнерде бола береді. Ондай ауыс-түйіссіз өнер дамымайды. Оның бәрін қылдай бөлу болмаса да, тани білу ләзім. Өйткені, дәстүр мен жаңашылдыққа оның қатысы мол.

Бұл тұрғыда Мұхтар Шаханов пен Төлеген Айбергеновтің, Қадырдан гөрі жөні бөлектеу. Қадыр сөз ойнату, сөзге жан бітіру шеберлігімен дараланады дедік. Қадыр тереңін сол стилімен жеткізеді дедік. Кейде ақынның тереңдіктен де гөрі сол қиын да қызық тәсілін қызықтап кететін кездерін де назардан тыс қалдыруға болмас. Бірақ ондай өлеңдерін сылып алып тастасақ та, Қадырдың ортаймайтынын тағы ескеру керек.

Мұхтар мен Төлеген шешендіктен гөрі ой ұшығын көп қуатындай. (Стильге қатысты айтып отырмыз). Мұхтардың балладаға, сюжетті өлеңге келуінің түпкі себебі осы деп білеміз. Табиғатында лирик ақын сезімнен гөрі ойға көп жүгінгенін осы творчестволық бет бұрысымен дәлелдеп отыр. Неге десеңіз ол сол әдемі сезімдік лирикаларымен-ақ өз тұғырында отырар еді. Бірақ тым іздеугіш ақын, тым жаңашыл ақын барға місе тұтпайды. Ондай дүниені поэзия шуағын паналау деп түсінеді. Айтар сөзі, жаңа арна болмаса — ақын болып нең бар? Иә, талант тамыры осылай соқты.

Мұхтардың қуатты балладалары халыққа бірден жетті. Себебі онда халық мұрасының, поэзиясының дәстүрлі жолы жақсы сақталған. Төлегенде де осы қасиет бар. Мәселен, шешендік, көсемдік дарыған сері халық сүйексіз тілдің күшіне сеніп орақ орған жоқ, әріден қозғап, тереңнен тербеп барып сол қызыл тілден бал ағызды емес пе? Бұл екі ақынның екеуінде де халық даналығынан қалған сондай арналылық бар. Сезім серпінімен үзенгілесе отыра ақыл қорытып, ой толғайды. Төлеген нәзік

жанды лирик, философ тұлғаға айналды. Сезім серпінінің үзеңгісін қаға отырып, ой толғап, ақыл қорытады.

Емес ем қайғы ойлайтын шаққа құмар,
Шыным да аз емес шат боп ақтарылар,
Тек қана баурайы жаз заңғарлардың
Басында мәңгі жатқан ақ қары бар.

Ал мына философиялық әрі әдемі лирикалық жолдарда ақындық кредо, теңізге құяр бұлақтың тұптұнық көзі тұр. Төлеген бастау алар көзді жазбай танды. Ой-саиа мен көңіл күй, мұңды да асқақ сезім күйіне қалай айналғанын сезбейсіз де. Бұл жерде оның тілінің шеберлігі, жетіктігі айқын көрінеді. Ерікті ұйқас, 7-8 буынды жыр үлгісі, он бір буынды қара өлең ұйқасы, он төрт буынды жаңа өлең ұйқасы — бәрін де ақын сәтті пайдаланады. Бәрінде де ақынның тың ойы мен сезімі ақын тұлғаның тереңіне тартады. Кейбір шумақ жолдарының ауырлау ұйқасы да ақын ойының күрделілігімен сабақтас. Тілге жеңіл оралатын жолдар емес. Төлегенді ерікті ұйқасқа жетелейтін де осы күрделілігі. Мұның бәрінде біз өлең өнерге елігіп-елтуден гөрі мән-мазмұнға тәнті боламыз. Ойлау масштабының кеңдігіне куә боламыз. Күрделі ой оның тіл айшығына да әсерін тигізбей қоймайды. Көбіне ол метафоралық тәсіл қолданады. Бейнелі метафоралықтың қыртысты қабаттарын армансыз қопарған ақын — осы Төлеген еді.

Арманның жүгін алысқа тартқан нарың бұл,
Артыңнан шыққан орта түспейтін дарын бұл.
Сен көлсің үлкен, қайықтарыңды тербеткен,
Аяулы, іңкәр, ақ маңдай, ақ сұңқарың бұл.

Ылғи ғана күрделі эпитетті метафоралар ұйқасының өзі Төлегеннің күрделі ойына лайық ырғақ тұғызады. Терең мағына шашау шықпас ұйқасқа айналғанда оның сезімі, өлең астары қара қобыз үнін тілеп тұрғандай бір кеңістік ашады. Сөйтіп барып ұлттық дәстүрдің озық үлгісіне айналды. Оның бар асылын қайта тірілтумен өлеңдегі өз орнын анықтайды. Осы тәрізді қасиетті ашу үшін талант тегеуріні қажет екенін де Төлеген творчествосы дәлелдей түсті.

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым.
Аузыңда болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл тоғыспас жолдар торабы
Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын
Кес-кестеп барып кеуденді оғына тосу мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,
Жамау қып басу өзінді аузына барлық жыртықтың.

Бұл — жалғыз Төлегеннің не оның ұлтының ғана емес, поэзия біткеннің адал борыш, қаснетті міндеті, дүниеге билік етер құдыреті. Асқақ та азамат әуеннің гимні. Бұл сияқты биік тұғырға көтерілген ұлттық поэзиямыздың сирек тұлғаларының бірі де Төлеген еді. Бұл жолдардың басқа жұрт ұғымына өз бояуында жетпеуі қынжылтады. Әсіресе сезім жомарттығына қарамастан ақынның адамға, арға деген ақ шанқан адалдығы поэзия аруағын тіпті де асырады. Оны бір құдыретті тылсыммен сабақтастырады.

Дүмпүі күшті болмаса мұндай ақындық қопарылыс, сирек жарылыс болмас еді. Ендеше Төлегеннің жеңіл оралымдарының өзінде тіпті өлеңмен әуес бола қалған шабытының өзінен тіл болмысының ие түрлі сәулесін көресіз. Осының бәрі тіл сиқыры дарыған халық даналығының заңды жемісі демеуге хақымыз бар ма?

Кең құлаштылық жағынан қазіргі қазақ лирикасында Төлегенге тым жақын, рухтас ақын — Мұхтар Шаханов. Талант қайнарының деңгейлес, пайымдау мен бағалауда поэтикалық ортақтық сезінген Мұхтар Төлегенмен жарысқа түсіп стилін жасытпады. Дара қойды. Мұхтардың саналылықпен қазақ поэзиясынан өзіндік жол іздеуі парасаттылық көрінісі. Олай деуімізге оның бүкіл ақындық кредосы айғақ.

Даралыққа не жетсін көңілдегі
Бақытты жан мен болам төріндегі
Өлеңде де ешкімге ұқсамайтын
Мұрынымнан танысаң, елім мені!—

деген жолдар ақын тіліне тегін оралып тұрған жоқ. Шынында да, Мұхтар ізденіс жолына көп түскен ақын. Ол оның баллада жанрына көбірек баруы деп ұқпау керек. Күнде өлең жазып оны машыққа

айналдырудан қорқатын ақын арасы сирек-сирек туған әрбір өлеңі, не балладасы барлық жағынан ауқымды да жаңа дүние болып келеді. Шын мәнінде, Мұхтар стилі — полифондық стиль. Ойдың интонациялық реңіне лайық өлең өлшемін бір өлеңнің ішінде шектеусіз пайдалана береді. Біркелкілік симметрияны сақтайды. Одан өлеңнің логикалық жүйесі бұзылмайды. Динамикасы күшейіп, табиғи сипаты молая түседі. Мәселен, «Жанерке» атты балладасын негізінен он бес буын өлшеммен жазып келе жатып:

«Шіркін ана көргендей боп арманының таң құсын,
Жырға құмар жаудір көзге жаудыратып алғысын»
— Кел, Жанерке,
Кел, жарығым,
Қане төрлет,
Тоқтама.
Жақсы келдің, айналайын!»
— Деп қалбалақтап жатты ана,—

деген ұзынды-қысқалы тармақ кездейсоқтық немесе форма жаңалау сияқты арзан мақсаттан туған жоқ. Мазмұн тереңдігін көздеген шын көркемдік ізденіс кепілі. Небәрі екі парақ өлеңге төрт тарау арнап Саттар өмірінің түйінді тұстарын, кісілік қасиетін қыз сезімі арқылы шебер жеткізеді.

Әдетте сүйіктісінен онда да Саттардай азамат асылдан айрылған қыз күйін бұған дейінгі балладаларымызда немесе сюжетті өлеңдерде тіл жеткенше әдемі сөздермен жырлар-ақ едік. Қөбіне баяндау тәсілін құрал ететінбіз. Ал, Мұхтар белгілі тәсілден бойын аулақ ұстайды. Әрі өлеңнің финалы ретінде, әрі жеке тарауда айтылатын тұтас ойдың тобықтай түйіні ретінде жоғарыдағы төрт жолмен қаншама ой мен сезімді жеткізе алып тұр. Айту мәнерімен өлеңге өзгеше тыныс беріп тұр. Ширақтық таптып тұр. Өлең композициясындағы осындай оқыс шешім Мұхтар поэзиясына жаңа сапа береді. Соған байланысты көркем сөздің әсері артады. Яғни, Мұхтар өлеңдерінің композициялық құрылысындағы қолданар тәсілі мен сөз сабақтау әдісі төңірегінен сонылық леп еседі. «Мен қыз үшін ұялдым» деген сюжетті өлеңінде де он бір буын мен 7-8 буын аралас келеді. Экспозициясы шарықтау

шегі, шешуі бар тұтас дүние жалғыз-ақ беттен тұрады.

Өлеңнің экспозициясы аса байыппен эпикалық тыныспен баяндалады. Қәдуелгі — ертегі-жырдың, кәнігі қисашының бастауы:

Байқатпастан уақытты тез өткен,
Өнер толы өзекпен,
Жыр қанатын безеп кең.
Әнге басты жиналғандар кезекпен.

Алайда, өлеңнің ішкі динамикасы шапшаң да ұшқыр. Оқиға белгілі поэтикалық өріс жасауға, белгілі бір психологиялық жағдай туғызуға ұмтылыс анық байқалады. Мұның бәрі — тілдік жанрды дамытудағы ақынның өзіндігі, бейнелі тіл сырын нгеруі. Яғни, «Әлқисса» деген баяндаудағы байырғы тәсілдің орнын жаңа тәсіл алмастыру арқылы көркемсөзге бүгіндік белгі соғады. Ал, өлеңнің ширегу, шарықтау шегі тұсында ақын мүлде бөлек тәсіл қолданады. Тайбурылдың шабысын еске алады.

Сен ән салдың арындатып зарлатып,
Көздің жасын парлатып,
Айналайын нар тұлға,
Теңіз болсаң тартылма,
Өзен біткен шапқылап
Еріп жүрсін артыңда
Әлде шырқау таусың ба?
Ал, тау болсаң таусылма.
Қазақтың кең даласы
Жатсын сенің даусыңда.
Көз алдыма көлбеді,
Толқын құм мен салқын мұң,
Жарқын белес, жалқын күн,
Жатты сенің даусыңда,
Жомарттығы халқымның
Жатты сенің даусыңда,

Көріп отырмыз өлеңге ерекше динамика беріп тұрған бұл жолдар негізінен ұлттық поэзиямыздағы импровизаторлық дәстүрдің ізі. Импровизаторлық стильде сезім тереңі мен сурет негізгі объект бола бермейтінін ескерсек, ақын ұйқас пен ырғаққа шапшаңдық дарыта отырып, сезім суретін айшықтайды. Мұнда да Мұхтарға ғана тән тілдік қолданыстар мол ұшырасады. Сөздің мағыналық құнарына айрықша мән беретін ақын, жоғарыдағы жолдарда халқымыздың негізгі қасиеттерін жеделдете шолып

қана өтетіндей. Алайда, ұлттық ұғым, түсінік, тіл бояуына ешбір нұқсан келмейді. Қайта жаңарған жаңа сөз әлгі ұғымдардың тереңнен тамыр тартады. Мұхтар ұлттық поэзия дәстүрімен осылайша сабақтасады. Яғни, Мұхтар ұлттық поэзия дәстүрін тереңнеп танып, игерген сайын бүгінгі поэзия проблемасына жақындай түседі. Сыннан өткен халық даналығын бүгінгі өмірдің өзекті проблемасы етеді. Кейде осы көп проблемалылық Мұхтар поэзиясын трибуна немесе публицист ақын етіп жібергендей. Қалай дегенде де көне көз аңыз, ертегі формасы мен мазмұны Мұхтар талантымен өзгеше үндестік табады. Сол бір халық творчествосындағы дарқандық, көп қырлы, жан-жақтылық Мұхтар талантында тоғысып, ерекшелігіне айналған сияқты. Ақында еліктеуден гөрі немесе ұтымды үйренуден гөрі халық мұрасымен осындай бір табиғи табысу бар сияқты. Қарапайым әңгіме, таныс сюжет Мұхтар қаламынан жаңа ғана көзі ашылған бұлақтан ойнақтап шыға келгенде әрине, таңданасыз. Бұл деректің өзі ақынның публицист емес, суреткер ақын екенінің дәлелі. Ақынның бейнелі тұспалымен бірге пікірін ашық айтатын кездері де болады. «Түсінісу теоремасы», «Шың басыдағы оқиға», «Отан», «Жігерлендіру» т. б. адам үшін аса қымбат шындықты көзге көрсете, қолға ұстата айтады. Мұндай тұстарда, әрине поэзия қуаты ма, жоқ әлде шындық күші ме мысын басатын, байыптау қажет болады. Ақын қайткенде де бүгінгі оқырманды ойлы әңгімеге баулудың жолын қарастыратындай.

Қорыта айтқанда, Мұхтардың полифондық стилін біз ақынның жаңашылдығы, осы жолдағы ізденіс іздері деп бағалау ләзім. Поэзиядағы шарттылықтың бәріне де қарсы шығып, өмір шындығына жақындау, өнерді халыққа жақындату ниеті деп түсіну керек.

* * *

Творчество, ақындық лаборатория деген тым нәзік құбылыс. Өнер тарихына үңілу үшін өзгеше іждаһаттылық керек. Ал, бүгінгі өнер туралы сөз сабақтау қиынның қиыны. Оны қалыптасқан үлгі-

мен, белгілі әдіспен зерттеу мүмкін болмай қалады. Неге десеңіз, қазіргі өнерде психологиялық, философиялық, эстетикалық элементтері ұштаса, комплексті түрде тұтаса бел алып отыр. Қазіргі қазақ поэзиясын жалпы өнеріміздегі осы бір бетбұрыстан жырақ дей алмаймыз.

Біз жоғарыда лирикамыздағы жаңашылдық пен дәстүр сырын сөз еткенде өлеңге динамика дарытып тұрған бүгінгі үрдістің осындай жан-жақтылығын елестетуді мақсұт тұта талдадық. Дей тұрсақ та, өнердің негізгі өлшемі, критеріі — осы деп тастабандай тұрып қалу мүмкін емес. Неге десеңіз, бүгінгі рухани қажетімізді тек күрделі интеллектуал ғана өтейді деу әбестік. Талғам мен рухани қажеттіліктің мүмкіндігі де, талабы да шексіз, өсе береді, өзгере береді. Бірақ түп қазық — өнер қазығының мықтылығында ғәп. Мәселен, Ю. Бондаревтің, Залыгиннің философиялық-психологиялық көркем анализін Евтушенконың, Айтматовтың фольклорлық тақырыптағы туындыларынан жоғары қою мүмкін бе? Фольклор — көне, бүгінгі рухани қажетімізді өтей алмайды деуге бола ма? Сол секілді, поэзияда да интеллектуал ақын — мыналар, байырғы табиғи ақын — мыналар, деп белгі де соға алмаймыз. Өйткені, мұндай классификация өнер табиғатына жат. Алайда көркемдеу құралдары тым күрделі бүгінгі ақындар (таланттар) сөзі — синтездік сапасы жоғары екенін байқатып отыр. Екшеу үшін шартты түрде басымдау белгілеріне қарап отырып жіктегеніміз болмаса, орынды, орынсыз талшықтай беруді тұтас творчество көбінде көтере бермеуі де заңды. Мәселен, Қ. Мырзалиевтің уақыт тездігін танытатын, замана ұшқырлығынан хабар беретін «ақылды» жырларының кейбір сілемдері Қадырдан стилі мүлде бөлек Жүмекенде де жоқ дей аласыз ба? Немесе, Төлеген өлеңдерінде бүгінгі өмір сауалы, оқырман тілегі ескерілмеді деуге тіпті болмайды. Ендеше жаңа сөз ескі сөз дегенде айрықша талғаммен бағалау ләзім. Өнердің тек прогресс жолымен жүре алмауының бұл да бір айғағы деп білеміз. Олай болса, әдебиет тану ілімінің бүгінгі таңдағы өскелең талабы — математикалық-логикалық тәсілмен поэзия талдауы өнер мәселе-

сінде дұрыс нәтиже бере алар ма екен? Мәселен,
С. Жәнінбаевтың:

Еркелеп ойнап көктеммен
Жас гүлдер бүршік жаратын
Жазықта,
Жасыл бөктерде
Алқызыл от боп жанатын.
Солардан
албырт кеудене
Есетін жұпар қыр лебі...
Шыдайтын аптап желге де
Қырмызы қырдың гүлдері
Тұратын ылғи үлбіреп,—

деген жолдарда ешбір түр жаңалығы, сөз ойнату, образды сөйлеуге күштарлық мүлде сезілмейді. Алайда, ол өлең сапасына нұқсан келтіріп тұр ма?

Рас, өлең — қарапайым өлең. Тілі, ойы қарапайым. Сөз жоқ, қарапайым қара сөз емес, поэзия қуаты молыңан сезілетін, өмірлік тынысы кең, құны да өмірдің өзімен өзектес қарапайым. Өмірдің өзімен бағалас мұндай қарапайымдылық қай жанрда болсын қолға сирек түсер сый. Ия, бұл бір әдісті екіншісіне қарсы қою емес. Әрбір көркемдік тәсілдің, стильдің өз сыры бар. Өз бояуы, өзіндік көркем шешімі бар. Мәннің бәрі көркемдік шешімге тіреледі.

Иә, Сағи өлеңдерін оқу үстінде біз жаңа оралым, тың тіркестер іздеуден гөрі өзгеше бір лирикалық күй кешуге мәжбүр боламыз. Ақын өзінің сол жайсаң да сезімтал, шымыр да шынайы болмысын өлеңнің қалыпты формасын бұзбай-ақ, өзгеше түр іздемей-ақ жеткізе алады. Жеткізе алудың да көркемөнерде түрлері көп. Сағи өлеңдері «жеткізе алудың» қатардағы емес, биігінен табылады.

Қарапайым тілде ұғысу — қазіргі көркемөнердің өзгеше бір белесіне айналғандай. Ол деген сөз көркемөнер жүгі жеңілдеді деген сөз емес, керісінше, көркемдеу құралдары нәзіктене түсті деген сөз. Қылдан тайса, қарабайырлыққа ұрынары анық. Жоғарыдағы Сағи өлеңдеріне зер салсақ сөз таңдаудағы талғам қиыннан қиысқан ішкі шеберлік «сөзде» екенін ақын тереңнен ұғады. Құлаш-құлаш ой айту, көл-көсір бейнелі тілді жайып тастаудан гөрі сол мол қазынаны сөзге сыйдыруға асып-тас-

пай, ақын мінезбен бұрқ-сарқ етіп таусылмай, даурықпай сезімді шымыр-шымыр қайнатуға ақын жақсы машықтанған. Сондықтан да Сағидан артық-кем мінез, басы артық сөз, бөтеи қылықты іздесең таппайсың.

Сонша табиғи қабылданатын, еркін оқылып, еркінді алатын жолдардың симметриялық реті бізді ойландырады. Шеберлік сырларына тартады. Көптеген ғалымдарымыздың поэзиялық талдауды оның өнермен өрелестігінен іздеуі тегін емес болу керек. (Мәселен, Белинский, В. Виноградов, В. Жирмунский т. б.).

Сағи өлеңдерін біз тек өнерлік тұрғыда қарастыру арқылы ғана маңызына жетеміз. Сағи өлеңдерінің эстетикалық тағлымы мол. Қалыпқа күйғандай сегіз буыннан шашау шықпай отырып-ақ өлеңнің зерін, көңілдің хошын қатар келтіреді. Өлең қанша табиғи болса сонша тұжырымды.

Иә, ол ежелгі поэзияның тепе-теңдік симметриясын сақтайды. Буын саны ғана емес: әрбір бунақ бір-бірімен дәлме-дәл үйлеседі. Көбіне алғашқы бунақ үш буын, екінші бунақ бес буын, тұрақты сегіз буын өлшемі.

Әр ақынның өз орны, өз өрнегі болумен бірге өзге ақындармен үндестік, творчестволық ортағы болатыны мәлім. Осы тұрғыдан келсек қазіргі қазақ поэзиясында Сағи, Өтсжандарды бір қатарда қарастыру керек сияқты. Бұларды тұтастыратын көбіне таза лирикалық сипаты, жанрдың негізгі қасиетіне жете, тереңдете түсетіні болулары керек.

Сағи жырларына аға буын лириктеріміз Әбу Сәрсенбаев, Ғали Орманов ықпал-әсерін сезінуге болады. Мәселен, Сағи өлеңдерінен Әбудің «Ақша бұлты» мен Ғалидың лирикалық өлеңдерінің сарыны мен ырғағын жазбай танимыз.

Жарбиған жаман топ, тымақ
Жабысып кетті үстімде
Жанайын деген бір шырақ
Жалтылдап кетті ішімде,—

деп ең алғаш Ғали жырлаған еді. Бұл кезінде лирикадағы жаңа сөз болатын. Әрбір жаңа сөз сонынан дәстүр ертеді. Осы сөйлеу әдісі, ырғақ Сағи

өлендеріне етеие жақын. Немесе, Ғали Ормановтың мына жолдарына зер салайық:

Сылдыраған тас булақ,
Көрдім таудан қайнаған.
Жағасында жас құрақ,
Суын сипап ойнаған.
Көрінді ыстық ол маған,
Жас күндегі бір кезімдей.
Жас жігітке қараған,
Жас сұлудың көзіндей.

деген жолдарын Сағидың:

Көктемнің балғын кезі еді,
Әнші құс көкте ағылған.
Жемнің де жасыл өзегі
Көгілдір мұнар жамылған.
Сондай бір күннің бірінде
Жағаға келіп жаттым да,
Саусағым басы дірілдеп,
Атыңды жаздым ақ құмға.—

деген жолдарымен салғастырсақ ұйқас та, ырғақ та егіз өлең сияқты. Ұйқас пен ырғақ қана емес, өлеңнің барлық болмысы, дүннені қабылдаудағы эстетикалық талғам, сезімнің нәзік сәттері сөз саптаудағы ұқсастыққа алып келеді. Әсіресе, өлеңнің басты элементі ырғақтың бір жерден шығуында да әлгіндегі орталықтың ықпалы болған сияқты. Сонда, Сағидың осы өлеңін еліктеуден туған өлең дей аламыз ба? Жоқ, әрине. Ғалидың жыр-моншақтары бір кезде Сағиды қатты іңкәр етуі мүмкін. Талант күшіне еркін сенгендіктен де ол ақын ағаның өлең өлшеміне барып отыр. Ақын қателескен жоқ. Осы бір ырғақпен-ақ ақын не бір қайталанбас суреттер салды, сезімнің не бір нәзік қырларын ұштады. Осы жерде ол осы бір бастауды тереңдетті де, өзінің ақындық ерекшелігін даралай түсті.

Қай суреткер үшін де мәселе даралана алуында дедік жоғарыда. Сағи шын мәнінде бүгінгі қазақ лирикасында өзгеше орны бар ақын. Қірлі қолмен ұстауға болмайтын «бекзат» ақын. Әрбір ақынға айтатын жалпы сөзді Сағиға тели алмаймыз. Ұйткені, ол сырын тереңге жасыра білетін тым талғампаз суреткер. Иә, Сағи суреткер ақын. Әр ақын өзінше суреткер. Бірақ шынайы суреткерлікке кө-

терілетіндер сирек. Табиғаттың әсем көрінісі қағазға түсіріп берген ақынның бәрін суреткер дей алмаймыз. Белгілі деңгейде сезімге әсер еткенімен, болмыстан сұлу сыр түйіп, өмір философиясын тербеу ақыл мен сезімді бірдей талап етеді.

Сағи — лирика үшін жаратылған ақын. Шын мәнінде Сағи жырлары сезімнің концентраты. Сөзден де, ойдан да шашау шығу, белгілі логикадан сәл де болса ауытқу ақынға жат. Сол сияқты, анық дүнненің пафосы, нәзіктігі, әдемілігі сізді қайран қалдырады. Ойнап тұрған сөз бе, сезім бе, өмір сыры ма, ұстатпайды. Білдірмейді. Бұл құдыретті дүние қарапайым ғана ғұмыр кешкен өзін тек кішілікке, ізеттілікке бағыштаған жылы жүректі, жайсаң жанның базары мен бақыты сияқты. Өмір — жомарт. Ондағы бақытты ілер қыран ғана. Ендеше өз қолымыздағы күнделікті өмір — тегіп олжа емес. Оны күндей білу үлкен өнер. Сағи ақынның да өмірге тым жақындығын баса айта отырып, оның тереңнен сезінетін сұңғылалығын даралай түскеніміз жөн.

Ұлы істің барлығы да сүюден басталады. Сағи сүйіспеншілігінің өзіне ғана тән өзгеше бір колориті бар. Ол қашанда абстрактылы ой, сезімнен аулақ. Оның сүйіспеншілігі қанша нақты болса, сонша нәзік. Ақынды эстетикалық биікке көтеретін осы тұс. Ол өлшеусіз сезіміне өлшеусіз теңеу іздемейді. Сезімнің өз тілімен жеткізуге тырысады. Жүректің өз үнін тыңдатуға күш жұмсайды. Бұл жерде Сағидың өз стилі жол тартады.

Көктемдей нәзік сезіммен
Кеудені күйлер тербейді,
Қара бір жердің өзін де
Қаттырақ басқың келмейді,—

деп ақын өз болмысын өзі жақсы ашады. Мұндай болмыс шынайы ақындарға ғана бітсе керек. Кейде сөз құдыреті, өнер теңізі дүниені жаулағанмен, болмыстағы өшпейтін адалдық, шынайы сыр барлығынан да биік тұрмақ.

Ақын айтқыштықтан да гөрі осындай өміршең «пірлерге» көбірек сүйенеді, сыйынады.

Жыл сайын қырда гүл жүзіп,
Жайнаған кезде дүние

Кеудемді желге сүйгізіп,
Келемін туған үйіме.

Жып-жылы сезім сыйлаған осы жыр қаншама гуманитартік арналарға бастау болары ақиқат. Осы қарапайым ғана баяндау стиліндегі жолдардың әрбір тармақтық тынысы қаншама кең десеңізші. Тіпті, әрбір сөздің тасасында бір-бір өмір тұрғандай. Сөз тасасындағы тыныс қой шыпайы поэзия белгісі. Яғни, ақын бір сәттік сезімін беруде де ірілігінен хабар береді. Жоғарыдағы жолдар Сағидың суреткерлігін танытатын таңдаулы жолдары емес, алайда, поэзия талабына толық жауап бола алады, өйткені, Сағи күнде өлең жазбайды. Ақындық кәсіп емес. Аз жазады, сақ жазады, саф жазады. Сондықтан өмірдің де, өнердің де нәрі ірілікте, жаңалықты ол эстетикалық экстаздың ұшқырлануы деп біледі. Сөйтіп бабындағы байсалдылық сезімнің ең жоғарғы нүктесінде де шығандатпайды, жалған пафос, артық сөзге орын жоқ. Ендеше, өсудің өзі табиғи. Жарқыл жоқ, өңкей маңыз. Ал, үңіліп қарар болсаңыз, сөз маңыздан қасандық емес арғымақ аттың жалындай маңдайлықты көресіз. Тұнып тұрған муза бір әрпіне тисеңіз, қатары бұзылатындай. Сұлулықты сезіну, оны жеткізу қабілеті жағынан Сағиды Фетпен ғана теңестіруге болар еді.

Бір уыс бұлттай бал дене
Суырылып шығып ақ нұрдан,
Көзімнен ұшқан сәуледей
Зу ете түсті-ау алдымнан.
Еркелеп қырдың таңына,
Жанарың шықтай мөлдіреп,
Кездесермісің тағы да,
Көрісермісің соңғы рет.

Осы бір даланың сұлу тағысын кезінде арқаның сирек серісі Сәкен де әдемі жырлаған еді, жеткізе айтқан еді. Сағи одан да гөрі лирикаға тән шымырлықпен тұжырымдай түсті. Ақиқат пен әсемдікті қатар өріп, нақты образ жасады, шындық шырайын шығарып, сұлулық бояуын қанықтырды. Хас өнердің өз тілімен сөйлеу поэзияның мәдениетін көтереді. Ендеше ақын жұртшылық талғамын тәрбиелеуге ондай шығармалардың әсері аз болмаса керек.

Біз жоғарыда Сағиды суреткер ақын деп тегін айтқанымыз жоқ. Ақынның көптеген өлеңдері болмыстың объективті сырларын ашуға бейім. Сол объективтік құпиядан ләззат кешуіміздің өзі ақынның жанр сырын меңгеруінің кепілі. Сөйтіп сыршыл лирика көбіне эстетикалық-философиялық та сипат алады көбіне. Сөйтіп, ұлттық поэзиямыздың әлеуметтік-эстетикалық дәрежесін көтереді. Ақынның бұл қатардағы өлеңдеріне интеллект жетістігі деп қана емес, ендеше өңірді қоғам байлығына айналдырған ақынның азаматтық келбеті деп те қараған жөн.

Әлемді нұрға бөлеп күн,
Әлдилеп қана тұрғандай.
Бойлары балқып теректің,
Бұтағын ауырсынғандай.
Көбелек біткен асыға
Қонақтап жатыр гүлге ырғып,
Көгілдір талдың басынан
Көздерін ашты мың бүршік.

Әрине бұл өлеңдердің атасы «Желсіз түнде...», «Жазды күн шілде болғанда», «Жаз», «Жазғытұрым» ғой. Бірақ жоғарыдағы Сағи жолдарын біз пейзаждық көрініс, деп қана қарай аламыз ба? Таза объективтік құбылыс мұнда субъектінің мол ықпалын қоса сездіріп тұр. Көктемнің ғажайып құбылысы бәріміздің көзімізге көріне бермейтін, әрқайсымыз сезе бермейтін сезімдік құпиясымен тербеліп тұрған жоқ па? Жалаң, жалпы ынтығу емес, нақтылық бар, шын шабытпен, өнер биігінен таразылау, байыптау басым жатыр. Сондықтан да әдеттегісінше Сағи тым айшық тіл, образды сөз қолданысқа бармайды. Барынша реализмге жүгінеді. Міне осы жерде ол прозашылдықтан қатты сақтана отыра (көп ақындар мұндай сәтте прозаға айналып кетеді) шынайы поэзия соқпағына түседі. Ақын шеберлігі де осы тұста айқын бой көрсетеді. «Бойлары балқып теректің, бұтағы ауырсынғандай» дегенде шындық пен әдеміліктің терезесі тең түседі. Теректің бойы балқуы көктем меи ақын жанынан үлкен үйлесім табады. Сөйтіп барын гротеск-әсірелеуден гөрі реализмге ұласады. Реалистік сурет болып қабылданады. Ақын осы реалистігінен

танған емес. Қай өлеңін алсаңыз да сезімге салмақ салады, құбылыстың ақиқаттығына жүгінтеді. «Көгілдір талдың басынаи, көздерін ашты мың бүршік». Әлгіндегі сурет мүлде тірі дүниеге айналады. Міне, сөзді талғаммен өз орнына қоюдың қандай ғажайып сурет көріп, сыр естуге болатынына көз жеткіземіз. Бұл ақынның талаптымен біте қайнасқан хас шеберлігі де деуге тура келеді. Сөз сырына терең бойлауы, қазақ тілін жетік білуі демеуге тағы болмайды. Мұның бәрі ұлттық колорит түзіп, өлеңге өзіндік нәр береді.

«Дүние түгел жасарған, бейне бір көк те, жер де гүл, тапжылмай жатқан қашаннан таулар да қазір жеп-жеңіл». Бұл — әрине, ақын көңілінің желігі. Қөктем лебімен құстай ұшқан ақын шабыты. Алайда, өз өрнегінен, өз ырғағынан ауытқымайды, кездейсоқтыққа баспайды ақын. Бойға сіңген ақындық парасат оны бөтен сөз, бөгде қылыққа жібермейді.

Сағндың енді бір қатар өлеңдері өз махаббатын — туған жерге, анаға, елге, сүйгеніне деген сезімін паш ететін сыршыл өлеңдер. Мұнда да ол негізгі стилін жетілдіре, түлете түседі. Ырғақ, буын өлшемін әдеттегісінше сақтай отыра енді ол суреттеуден гөрі әңгімелеу, ауызекі тілдесу мәнеріне көшеді.

Ала қанат құстар өтті ағылып,
Жата бердім бозғыл көкті жамылып,
Анашымның қасындағы бір сәтте
Бойымдағы бар жүгімнен арылып.

Белгілі Сағн стилі. Шешендік те, көсемдік те тәрк етіліп, парасат бойды буады.

Сөздің қанығы, ойдың анығы Сағн стилінің басты өзгешелігі дедік. Асқақ сезім, ақылды сөзді қарапайым ұғыммен жеткізгенде ақын реалистік өнердің білгірі ретінде көрінеді. Мәселен, көп теоретиктердің көңілі көншімейтін «жаттым-ау», «баттым-ау» немесе «ағылып», «жамылып», «арылып» бірыңғай жеңіл ұйқас Сағн қолданған контексте белгілі эстетикалық категорияға айналғанын көріп отырмыз. Бұдан Сағн түрлік ізденіске түскен жоқ деген ұғым тумасқа керек. Манадан бері біз мәселе — түрде еместігін дәлелдемек болдық. Мәселен

Сағи қазақ поэзиясына Сәкен, кейін Төлеген Айбергенов көбірек барған мына бір ырғақпен де өлең жазды:

Қанша рет көрдің... Қанша рет келдің үйіме,
Өсірдің қанша... Қосылдым қанша күйіңе?
Мен әлі сені Сәбидей күтем, жаңа күн
Мен әлі саған Сәбидей сенем, Дүние!

Бұл форма да құнарлы мазмұнды жеткізуде өз миссиясын толығынан ақтайды. Жақсы дәстүрді неге байытпасқа, неге тереңдетпеске. Поэзия тарихының қай кезеңіндегі түр болсын поэтикалық тілге жаңа рең беруге жаттық жасамайды. Ендеше поэтикалық тіл үлгісі көнеріп, істен шығып қалуы мүмкін емес. Ол саналы түрде ақылмен тұзақтап нгеруден гөрі талант ерекшелігінің өзінде еріп, интуитивтік жолмен жаңаланып отыратын секілді. Мәселен, Сағидың мына бір өлеңінде шұбыртпалы ұйқас ізі байқалады.

Құралай көзді сұлумен
Қоштасып,
 ақ таң атқанда,
Өн бойыңды өртеп жалындай
Асу бір желік қысқапта,
Аспан мен жерді айырмай
Ақ боз атпен ұшқанда,
Күрмелеп белді шарт буып,
Айсыз бір тұнық түндерде,
Найзаны көкке лақтырып,
Найзамен шаншып жүргенде

«Қайратым қажып дәл мұндай, қартаям деген жоқ ем мен» деп бір-ақ тыныстайды. Қөне поэзия үлгісі көзге оттай басылады. Бірақ одан ескілік сарын емес, тың леп ескендей сезінеміз. Бұл әрине, талант күші деп білген жөн. Өлеңде шұбыртпалы ұйқас үлгісі ғана емес, ұлттық поэзиямыздың көптеген қасиетінің басын біріктіретін нәзік арқауды байқау қиын емес. Өлеңнің ішкі динамикасын үдемелеп өрістететін шапшаңдық ауыз әдебиетінен келе жатқан үлгі емес пе? Бірақ осының бәрін ақын тек форма үшін алып отыр деуге болмайтын сияқты. Егер олай етсе, поэзия шықпас та еді. Махамбетке

басқа да халық ақындарының жыр қайнарына айналған осы тәсіл бүгінгі ақындарымыздың да шабыт көзіне айналуында табиғи сыр бар сияқты.

Қазақ лирикасының тамаша дәстүрін жалғастырушы ақындарымыздың бірі — Өтежан Нұрғалнев. Өтежан да еліктеуге немесе тым жаңаға үйірлігі жоқ. Ұлттық поэзияның байырлылығын сүйеді. Бойына барынша сол құнарды жинағысы келеді. Тарих пен бүгіннің, мәңгіліктің арасына сондықтан, шартты қада қақпайды. Тұтас көреді, тұтас қамтиды. Соның бәрін бүгіннің биігінен қарағысы келеді. Осыдан болар, Өтежанның көп өлеңдерінен осындай бір «тарихи» леп еседі. Оның бүгін жайлы толғауынан өркеш-өркеш замана тынысы сәт сайын алмасып жатқандай. Жаирдың әлеуметтік-философиялық аясын кеңейтудегі ақынның бұл ерекшелігін баса айтуға тиіспіз.

Күн кетті батысына сапар шегіп,
Түн жатты түйелермен қатар шөгіп,
Алыстан иттер үріп, от маздаса,
Жолаушы жоқтамайды бетен серік.

Көріп отырмыз, ақын — іргесі сөгілмес қара өлеңнің қожасы. Қыр-сырын, ұлттық болмысын жете біледі. Ол Илияспен, Сұлтанмахмұт, Мұқағалилармен жең ұшынан ғана жалғасқан емес, әріден тамырлас. Ақынның айтары болуы керек. Жұртшылық алдымен соған құлақ түреді. Ал, айтары жоқ ақынның тапқан түрлік ізденістері ешкімнің де рухани қажетін өтемейтіні мәлім. Ендеше, поэзия туралы қай аудиториядағы сөз болсын графамандық пен поэзияны ажыратуға жәрдемдесе ғана — сөз.

Өтежан — көп орайда образбен ойлайтын, сөйлейтін ақын. Бұл тұрғыда да ақын халықтың қалыптасқан құнарлы тілінен бұра тартқысы жоқ. Ұлттық нәр нақышты хал-қадерінше байыта, жаңалай түскендей.

Көл де бір кербез келін, таң атқанша,
Ұйықтайтын күн қытықтап оятқанша.
Қарашы, жұпар самал әтір құйып,
Отырды қыз қабағын бояп қанша!..
Көк құрақ кербез көлдің жан еркесі,
Қөлбендеп жарда тұрды көлеңкесі!
Балықшы тақпақ айтып, қызғыш қостап,
Басталып кетті көлдің жәрмеңкесі.

Қаншама тың образ, тіл бедері ұлттық поэзиямыздың қалыптасқан құрылыстық өлшемінен алшақтай алмайды. Ол бір буынды кара өлең бұл жерде ерке желдей сырғанамай табиғатты адам кейпіне келтіретін суретші құралына айналады. Жан-жануар, адамзаттың ортақ қылығына, ұқсас-үйлесімдеріне елтесіз. Көркемсөздің қашаннан да адам қиялын дамытудағы бұл сияқты образбен ойлау қасиеті ешқашан да ескірмек емес.

Кейіптеудің жазба әдебиеттегі атасы Абай екенін білеміз. Қазақ совет поэзиясы бұл мәселені шырқау көкке көтерді. Табиғатқа тіл бітіріп, сөйлетіп қойды. Жоғарыдағы Өтежан жолдары бізге осы дәстүрдің заңды жалғасындай көрінеді. Ой-санамызды таныс сұрлеуге салады.

Жоғарыдағы екі шумақ арқылы-ақ біз Өтежанның поэзияға қарым-қатынасын ажырата аламыз. Қарымын танимыз. Көркемсөзге деген зор махаббатын сезінеміз. «Балшықшы тақпақ айтып, қызғыш қостап, басталып кетті көлдің жәрмеңкесі». Табиғат ананың бір сәттік қайталанбас сұлулығын қандай дәлдікпен көрсетеді. Әркім болжай алмайтын мұндай дәлдікті көрсету үшін алдымен оны білу керек қой. Әсемдікті тану керек. Ақын тұлғасын өсіретін осы жәйттар. Кітаби стнльден, ұйқас құрған жалған әсіреқызылдықтан ақынды осындай өмір матерналын жете білетін «білімді» жырақ ұстайды.

Поэзия тек сөзден құралады деуге болмайды. Поэзия ақыннан сан қырлы өнер нiрiмдерiн талап етедi. Поэзияға ұшқырлық қажет. Философ Абай ән мен күйге өзгеше ынтық болды. Күй шығармаса да кешегі Ілиястар күйдің «теорисын» кімнен кем білді? Өнерге осы қатынастың өзі поэзияның негізгі факторы сияқты. Сонымен бірге өнер атаулы бірімен-бірі туыс, тұтас деп білген жөн.

Қазақ поэзиясында өнер туын айрықша көтерген Ілияс ориы, әрне, өзгеше. Уақыт озған сайын оның тарихи белесі биіктеп бара жатқандай. Оның баурайын біраз жайламай, асқарына қол созу мүмкін емес. «Күй», «Күйші», «Құлагер» сияқты дүннелер тек жеке таланттың ғана емес, тұтас ке-

зеннің жемісі деп бағалаймыз. Ендеше ондай дүниелерге жету үшін уақыт керек, уақыт...

Өтежанның «Күй» деген өлеңін Ілняс поэзиясына қойған ақынның ескерткіші деп білеміз. Ақын ізімен әдейі жүріп отыр. Ерекше ілтипатпен ілеседі.

Тұлпар боп кейде заулап зорға бармақ
Соқыр боп кейде жолын зорға барлап...
Бұлбұл боп қапняда қолға түскен
Аңсады гүл-бақшасын торда зарлап.
Күй, өзен кейде сыймай сағасына,
Енді-енді келе жатыр бабасына!
Ал, күйші жанар таудай әруақтанып,
Сыймайды екі көзі шарасына.

Көріп отырмыз, күйдің адамға берер әсерін психологиялық өріске құра желі тартуы — Ілняс үлгісі. Тіпті, барлық мәнері, суреттеу әдісі түп-түгел Ілнястікі екеніне талас жоқ. Бірақ сөз кестесі, ой қызығы ақынның өз еншісі. Бажайлап қарасақ оның өзінде қаншама ақындық шабыт тұр. Эпикалық тыныс тұр.

«Туған жерді таныстыру», «Сағыныш», «Жел», «Табиғат» т. б. өлеңдерін ақын осы стильде жазады. Алайда, Өтежанның бүгінгі қазақ лирикасындағы орнын анықтайтын да осы өлеңдері десек қателеспейміз.

Өтежан ізденіс үстіндегі ақын. Оның ұзақ жылдарғы үнсіздігі ақынға тән суреткерлік ерекшелігін ұштай түседі деген сенімдеміз. Онсыз да ауқымды сезім, бай сурет несі Өтежан қазақ поэзиясының тұлғалы ақындары қатарынан саналады.

Қазіргі қазақ поэзиясының поэтикалық арсеналдары соншалықты бай. Соған қарамастан әлі сөз етілмей, тың жатыр деуге болады. Біз бұл шағын тарауда талантты ақындарымыздың стильдік арналарын жүйелеу мақсатында жалпы шолу жасадық. Объектінің тарихи мәнін қоса айқындап отырдық. Сөз әрине, мұнымен тәмәмдалуға тиіс емес. Сондықтан келесі тарауларда да біз жоғарыда сөз еткен ақындарымыздың индивидуалдық сипатын тереңдете, нақтырақ қарастыруға тырысамыз. Осы методология, әсіресе, көркемдеу құралдарының өлең динамикасына, образдылығына қоса мазмұнға арақатынасы — негізгі нысанамыз.

Иә, өнер біткеннің бастауы — өмір. Бірақ әркімнің өнері әр деңгейде шығады. Әр творчество әр мінезді адам сынды: өмірмен қоян-қолтық араласу бар да, салқар өмірмен бойды бағып, салқын тыныстау бар. Өмірден ала білу мен бере білудің әр түрлі жолдары, тәсілдері бар. Бұл қарапайым қара қасқа пендеге де, өнер адамдарына да қатысты жалпы ұғым, жалпы шындық.

Әр кезде де солай, кезеңнің шынайы шындығына екінің бірі қол соза бермейді. Өйткені ол қиынның қиясы. Ол үлкен қажыр-қайратты талап етеді. Өзгеше махаббат, бөлекше сезім-күйді керек етеді. Қысқасы уақыт тынысын тап басып, оның тамыр соғысына ықпал ету өмірде де, өнерде де (мұндай жағдайда екеуі бір ұғым) — ерлік. Әсіресе, мынау тым белсенділікті, іскерлікті талап етіп отырған замана ырғағына ілесіп байырғы санамызды, кісілік құнымызды азайтып алғамыз жоқ па деген мәселе — қазір өнер атаулының ең актуалды мәселесі болып отырған жағдайда, айқын позиция қажет-ақ.

Прогрестің негізгі тетігі — сапа Қоғамның әр саналы адамы оны түсінуі қажеттілік. Адамзаттық прогресті кері бұруға жұмыс істейтіндермен күрес, ендеше ең қаснетті борыш саналмақ.

Бүкілодақтық және Қазақстан Ленин комсомол сыйлығының лауреаты, ақын М. Шаханов творчествосы өзінің өмірмен тікелей қарым-қатынасқа түсуімен оқшау тұр. Өлең сияқты қаснетті өнерді буы бұрқыраған өмірдің дәл бүгінгі сауалымен суарады. Сол сияқты өмірдегі әділетсіздіктің, тоғышарлықтың уақытқа қарай түлеп алған жаңа түрлерін зерделілікпен зерттеп өлең қуатымен батыл әшкерелейді. Оның ақын ретіндегі жаңашылдығы осы арада. Яғни, оның шығармаларының ежелгі өлең лебінен гөрі өмір лебі көбірек еседі. Еске түсірсек бұл есейген поэзияның қай-қайсысында да тән сипат еді ғой. Жуковский сияқты алыпты «әлсіретуге» Пушкинге жәрдемдескен де оның өмірге жақындығы, өзі өмір сүріп отырған ортаның ең зәру сауалымен өнер әлемін жаңалауында еді ғой. Бірақ

тауып айтудың бәрі өнерге айнала алар ма екен? Мықтап ойланатын, түйінді тұс, міне, осы. Ақындықтың ең үлкен өлшемі — поэзия снқырын түп-түгел меңгерген Пушкин, Абайлар данышпандығы еді.

Мұхтар поэзиясын бізге жақын ететін тағы бір қасиет — оның өз тақырыбын табуында. Оның таңдайтыны — ең қажет тақырып, ақын өлеңдерін оқып отырғанда ол көтерген тақырыпты аттап өтіп, өмірдің бүгінгі күнін келесі күнмен жалғау мүмкін емес-тей көрінеді. Әрне, моральдық тұрғыда. Адамшылықты уағыздайтын мұндай максимализм өнерге ешқашан нұқсан келтірген емес. Басқа ақындар айналып өтетін «қауіпті» тұстарға Мұхтар құмар-ақ. Поэзияның даңғыл жолымен шауып өтетін талантын ол әдейі қыынға салатындай. Өлең мерейі мен өмір қатар келгенде өмір мұратын таңдайды. Атақты ақын болып қалудан гөрі, ізгілікке қызмет етуді қалайды.

М. Шаханов жайлы зиялы замандастарында екі ұдай ұғым бар. Бірі — Шаханов поэзия тереңіне бойламайды, жұрт көңілін баурап алудың амалдарына жетік дегенге саяды. Ал, екіншісі — 70-80 жылдардағы қазақ поэзиясына соны бір леп әкелген М. Шаханов поэзиясы шын мәнінде қуатты поэзия, өмірдің өз талабынан туған актуальды поэзия дегенді іштей де, сырттай да меңзейді, мойындайды. Творчество деген де адам табиғаты секілді: абсолюттікке көнбейтін, жоғары өрлеген сайын шешуі қындай түсетін күрделі процесс қой. Кезінде тұрмақ, кейініректе де дүбірі күні бүгінге дейін құлақта тұрған Байрон туралы да екі ұдай болған екен.

Мәселен, француз сыншысы А. Мазюр 1833 жылы былай деп жазады: «...Это он дал движение и импульс всей поэзии нашего века, она воодушевляется Байроном, она живет всецело его гением».

Ал, қазіргі батыстың кейбір сыншылары керісінше, кезіндегі көпке мәлім ой-пікірді дер шағында айта алғандықтан «модадағы» ақын бола алды дегендей пікір айтады.

Біздіңше бұл екі ақынға да — «мода» деген тіркес сіңіспейтін сияқты. (Мода мен актуалдықтың

айырмасын ашу үшін де бір мақала аз болар). Дегенмен, кейде сол теріс пікірдің өзінде кішкентай да болса шындықтың ұшқындары жататыны болады. Мәселен, Мұхтар поэзиясында шындықты тым ашық, жалаң жеткізетін кездері болып қалады.

Қінәмшіл өнер табиғаты жалаңдықты жарата бермейді. Идеяға жөнсіз тізгін ұстата бергеннен де сақ болған жөн. Идея тізгініне несі не бола алмай қалатын сәттер де ұшырасып қалады. Творчество қанына салқын сабыр дарытқанда ғана түпкілікті жеңіс келеді. Бұл — батылдық ақынға қанша қажет болса, байыптылық сонша қажет деген сөз ғой. Байыптылық молайған сайын, асығыстық азаяды. Сөз жоқ, бұл талантты ақын творчествосында белең алған белді мәселе емес. Бұл — М. Шаханов творчествосына орай айтылған олқылықтар. Ал, шындығында алмас жігер, нәрлі сөз, адалдық сияқты күре тамырдан қаулаған ақын творчествосы емен ағаштай мығым жатыр. Көп орайда мықты негіз, құнарлы топырақ болмағандықтан талант күйреп қалады, күйіп кетеді. Ал, Мұхтарда әлгіндей мықты негіз бен талант тең. Сондықтан біз оның келешекте қолтығының кең ашыларына сенеміз. Ал, енді оның бүгінгі өлеңдерінің кейбір ерекшеліктерін, әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңашылдық сипаттарына қатысты ойымызды бөлісіп көрейік.

М. Шаханов соңғы жылдардағы қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік сипатта бірқатар жаңалық әкелген ақын. Біз Мұхтарды лирик дейміз бе, эпик дейміз бе? Екеуіне де негіз бар. Эпик деуімізге болатын себебі: өлеңдерінің дені сюжетке құрылған. Баллада, поэмалары оның творчествосының негізгі тараулары. Бірақ осы пікірмен тұрақтап қала алмаймыз. «Мұхтар эпик ақын» дегенде оның лириктік негізгі қасиеті тасада қалып қойғандай сезіледі. Ол ең алдымен мықты лирик қой. Мұхтар эпика мен лириканы ұштастыруда талантын танытады, шеберлік көрсетеді, өзіндік жаңалығын енгізеді.

Яғни, Шаханов творчествосын бір жанр ерекшелігіне ғана сыйғызып талдау қиянат. Оның творчествосынан өмір — өнердің бір-бірімен жақындауы, ой, мақсат, бояу өрнектерінің бір мүддеге қарай шоғырланып, тұтасқан бүгінгі өнердің күрделі

көрінісі жота көрсетеді. Сөйтіп барып өнер алдына тосып отырған күрделі заман сауалы — жалпы адамзаттық әрі әлемдік жаңалықтармен (өнер саласындағы, әрине) ұштаса түседі. Бұл әрине, дерек, заттық деген ұғымнан өзге. Творчество тылсымының нәзік сырларымен сабақтас. Мәселен, «Отырар элегиясы», «Күре тамырды іздеу», «Шың басындағы оқиға» атты поэмаларындағы лирикалық элементтерді алып тастаңызшы, біріншіден, лирикалық мәннің қатысуымен туып тұрған шығармадағы динамика жоққа шығар еді. Яғни, поэманың соғып тұрған жүрегі оның өн бойындағы қан тамырларының жұмысын жақсартып тұр. Оқиға сюжетінен сол жүрек соғысы басыңқы жатыр.

Мұхтардың шағын поэмалары мен балладаларынан анық аңғарылатын ізгілікке құштар, мөлдірлікті мадақтайтын, үлкен ерлікті, асқақтықты қалайтын сұңқар көңілі мөп-мөлдір лирикаларында да жарқырап көрінеді.

Мұхтарды жұрттың ыстық қабылдауының екінші бір себебі — оның отты жырларындағы өткірлік. Батылдық алдымен поэзияға қажет. Олай болса, жұрттың шын жүректен қол соғатыны — алдымен ақынның батылдығы, шындыққа еш бүкпесіз тура қарайтын батырлығы.

Есіңде ме,
Кімді-кімге теңгердің?
Қаптаған көп бала тайдан
Суырылып шыққан кезде дара тай
Демедің ғой «Алақай».
Жеткергенов Жібегенге,
Айбергенов Төлегенге
Бір көзбен қарап обал жасадың ғой, ағатай!

Бұл мысалдарды ақын әлемі музасының мөлдір моншағы деп отырғанымыз жоқ. Ақынның таза өз тәжірибесінен нәтиже берген поэзиямыздағы жаңа сөз екенін айтқымыз келеді. Өйткені, өлеңнің поэтикалық астары, шешуші күші идеал үшін күрес идеясымен тыныстайтыны ақиқат. Иә, ол көркемдік көгіне шыңырау түбіндегі көзден қуат ала отырып көтеріледі.

Махамбеттің риторикалық сұрауға құра отырып, кер заманның зілбатпан ауырлығын ннініне

артқан, асыл ердің жүрегіне суарылған сұсты сөздерін есіңізге алыңыз. Әрине, арналы ортақтық бар. Оңашалығы қайсысы? Махамбетте де «Ерлердің ісі бітер ме?» тіркесіне екпін түсіп отырады. Бірақ, «кім айтты саған» сөзіне түскен екпіннен мән-мазмұн жағынан айырма бар. Махамбетте ішкі монолог үлгісі басым. Ерлер ісінің қындығы, болашағы беймағлұм бола тұра қайыспас жігер, ақын сенімі қорғасындай шымыр тартады. Ондағы екпін оңай бітіспес ақынның сол шымырлығымен, заманның тұңғық тынысымен алаулап тұр. Мұхтарда нір-қиыр тарихтың, нт жығыс арпалыстың талай заңдылығына жетік, түптің-түбінде әділдік айдыны ғана адамзатқа құт мекен екеніне көзі жеткен, замана санасының ең жоғарғы мінбесінен сөз алған ақын екпіні басым. Атамаңыз, бұл үгіттік үлгісі емес, уақыттың өзінен туған поэтикалық үлгі.

Дәстүрлі лириканың аясын кеңейткен, жаңа тыныс берген жаңашыл ақын М. Шаханов творчествосы ең алдымен сол ұлттық сипаттарының даралығымен бағалы. Уақыт қайткенде жаңалық талап етеді. Ақын барлық ұлттық қасиетімізді өз әлемінде қайта тірілту арқылы жаңаға жауап береді. Ойлауда да, сөйлеуде де ол мейлінше қазақ. Мұхтардың көркемдеу құралдары жаңа, поэзияға сіңісті эпитеттер жаңарды. Метафора, өлеңнің композициялық құрылысы, троптың түрлері, ең бастысы — жаңа ырғақ келді.

Абстракциялық ұғым нақтыланып, идеялық нысана айқындала түсті, өмірмен қарым-қатынас күшейді.

Міне, мұның бәрі Мұхтар өлеңінің өзегіндегі динамиканы іске қосатын сай-салалы тамырды күштер.

Иық бұрмай тек білімнен басқаға
Қатар өсті екі бірдей жас бала
Қатар өсті,
Қатар жүріп ән салды,
Қатар тұрып, құба танды қарсы алды.

Құрғақ баяндау емес, сол өлкенің жан әлемінен хабар беретін лирикалық лепті баяндау. Лиризм бұл жерде «қатар тұрып құба танды қарсы алдыдағы» эпитет арқылы туып тұр. Сөз жоқ, осы жер-

дегі жалғыз эпитеттің ролі ерен. Мәселе, сонымен бірге сол эпитетті автордың қалай пайдаланғанын сіздің сезбей қалуыңызда. Егер сол эпитеттер соқырға таяқ ұстатқандай «мен мұңдалап» көрініп тұрса, құны болмас та еді. Жаңалық та сезілмес еді. Автор дараланбас та еді.

«Вопросы литературы» журналына берген жауап хатында Гарсия Маркес поэтика мәселесіне арнап айтпаса да оның түбегейлі мәнін нақты айтады: «Сейчас часто говорят, что писать надо так, как думаешь, теми средствами, которыми располагаешь, что писать надо естественно. Я привожу людей в удивление, когда говорю, что работаю со словарями, используя словарь синонимов. Но, видите ли, для меня самая большая трудность заключается в употреблении эпитетов, а от этого зависит отношение ли текст к литературе или нет, в нахождении надлежащего места эпитету» (Воп. лит. 1982. № 10).

Бұл келтірілген үзінді теоретиктердің пікірі емес. Дайындығы үлкен оқырмандардың авторы, бүгінгі әдеби процеске көркем творчествосымен ықпал жасап отырған бүгіннің сезімтал суреткердің сөзі. Кім айтса да бұл сөздің астарында ғылым негіз бар.

Шын мәнінде «құба таң» бағзы бір уақыттарда, не нәрсенің болсын мөлдіреген таза, заманының аузынан мәйегі шыққан балғын шағынан елес беретін бір сәттік көрініс.

Екіншіден, бұл — халқымызға етене тән ұғым. Біздің ғана ет-сүйегімізге сіңіп кеткен сына. Яғни, ана тілінің астарлы құдыреті ғана ұлттық сипатқа тереңдеп бойлай алады. Ұлттық ұғымымызды тереңдететін де, мағынасын түсіндіретін де эстетикалық қасиетін санамызға сіңіретін де — тіл екен.

Біздің айтқалы отырғанымыз — бір тыныстың ішіндегі автордың дөп сөз саптауындағы ырғақ пен эпитет сыры ғана. Яғни, ақынның жалғыз тал суыртпағы сырттан телінбейді. Қосмостық тездікпен ой ұштайтын ақын, әлемдік өнердің жаңалығынан хабардар, зерек, сезгіш ақын бнлікті де, шындықты да өз атынан емес, ұлттық дәстүрін тірілте отырып, солардың атынан қозғайды. Сөйтіп ақын өлең, өнер қақпасын ашқанда бүкіл халқымыздың қаси-

етті қақпасын қоса ашуға тырысады. Мәселе, осы ниеттің іске асуында. Ақынның осынша ауқымды дүниені желбуаз сөзге ұрынбай, халықтық поэзияның «кітаби» стильдік дәрежесінде қалып, жетегінде кетпей, халықтық деген үлкен ұғыммен тең түсіп, азаматтық жүрек, тегеуірінді талап танытуы — жаңашылдығы.

«Махамбеттің соңғы монологы» өлеңіне зер салайық:

Туған елім — арман мұным,
Енді сені жетелейді жол қалай?
Менің бассыз қалғандығым
Сенің бассыз қалғандығың болмағай.
Мен сенімен күні ертең
Нұрлы үмітпен оявар деп ұлы өлкем
Күліп жайсаң күн ғажайып
Ел иаласы тарқар деп
Арғымақтар күрт азайып
Сұмдар қорқақ тартар деп.
Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?
Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп,
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйгі
Есектердің мойынында жүрмес деп.

Туған елім,
Құдыретімің аңсаған.
Алдан жарқын күн шыққанша
Кескініңді көрмейікші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша
Жер астынан қарап жатам мен саған.

Ақын Махамбеттің монологы арқылы бүгінгі күнді жырлап отыр. Махамбет сынды ұлы ақынның тегеуірінін паш етеді. Қаһары мен ұмтылысын танытады.

Іштей керемет жігерлі жалаң оптимизмнен, тек жасампаздықтан тұрмайды. Олармен қоса әдемі арман, ойлы мұң үзеңгі қағыстырып бәлік мақсатқа бастайды. Сөйтіп лирикаға тән алау от пен лап етпе сезім өмірі қызуы басылмайтын, алыстан көрінгенмен еш өшпейтін «мәңгілік» отқа айналады. Ұлы махаббат оттары қосыла жамырсады. Арман мен арман қосылады. Монолог үлгісінде көрініп отырған ақын сезімі сенімге айналып, сенімі сезімге ұласып жатқан лирикалық толғаныс осылайша тармақты жатыр.

Өлең үдемелі жолмен (градация) өрістейді. Алғашқы шумақтағы «менің бассыз қалғандығым, сенің бассыз қалғандығың болмағай» деген сөз түйіні толғаныс түрінде қалыпты ойлану, байыпты бағдарлау сипатын танытып, кең тыныс берсе, ең соңғы шумақтағы «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша жер астынан қарап жатам мен саған» арқылы ақын сезімі шырғып ең жоғарғы нүктеге көтеріледі. Жалпы Мұхтар осы үдемелі тәсілді көбірек қолданады.

Француз зерттеушісі Ф де Соссюр «Звуковая организация стиха определялась звучанием ключевого по смыслу слова, звуки которого повторялись во многих словах текста» — дейді. Шындығында да Мұхтар өлеңдерінің әсерлілігі — мағынасында тереңдеп жатқан сөздердің тексте ойнай алуында. Дәл осы мағыналас сөзді прозаик те, ақын да талай жерде айтқан болар, бірақ «Махамбеттің соңғы монологы» өлеңі дәрежесіне жеткізе айта алмауы мүмкін ғой. Сондықтан жарыққа шыға алмай, ел есінде қала бермейді. Ендеше, айта алу құдыретінде де көп нәрсе бар. Адам сезіміне әсер еткен дүние ғана мәңгілік. Бұл поэзия мүмкіндігіне саяды.

Жоғарыдағы өлеңге қайта бір үңілейікші: 7—11 буын аралас келген тармақпен бірде 7, бірде 6, бірде 4 жолдан тұратын шумақ қалыпты рифмаға қамалмай еркін құрылған. Оны өлеңнің құрылысы да, мазмұны да дәлелдеп тұр. Яғни, жоғарыдағы буын, тармақ, шумақ сандарының өзі-ақ айқындап тұр. Соссюрдің айтқанындай негізгі мағына айтылатын сөздің дыбысталуы емес, тексте бірнеше сөзге бірдей дыбыс береді, я, осыдан барып өлеңде музыкалық белгілі ырғақ пайда болады. Ал, Мұхтардың жоғарыдағы өлеңінде сазды сарын мағыналы сөздердің ғана дыбысталуы емес, мағыналас сөйлемдердің бірдей дыбысталуына күрделеніп тұр.

Мысалы: ортадағы екі шумақтағы «Нұрлы үмітпен оянар деп», «Ел наласы тарқар деп», «сұмдар қорқақ тартар деп», «пенделіктен тазарар деп» мағыналық жағынан бір-бірін толықтырып тұрған сөйлемдердің күрделі баяндауыштарының дыбысталуы бірдей. Контексте бірыңғайластық туып тұр. Сандық жағынан сәл төмен мына бірыңғайлас сөй-

лемдер де сол себепті өлеңде бірдей дыбысталады. «Ертең оттыға отсыз күлмес деп», «Есектердің мойнында жүрмес деп» бұлар жоғарыдағы «Тар-тар деп, тазарар деп дегендердің бір вариациясы, дыбысталуы бөлек болғанымен мағына біреу. Ал, соңғы шумақтағы «күн шыққанша», «тұншыққанша», «гүл шыққанша» дыбысталуы бір болғанымен өзінің алдында тұрған шумақтардағы біз келтірген мағыналас сөздерге қарсы мәндес. Яғни, жоғарыда аталған барлық әділетсіздіктерге гүлдің шығуын, күннің шығуын қарсы қойып отыр. Бұл жерде контраст көркемдік тәсіл ретінде ұтымды пайдаланылған. Сонымен бірге барлығын да уақыт көтереді, қанша болса да сол әділдік келеді деген сенім өлеңге бай, мағыналы мазмұн беріп тұр. «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша» деген соңғы жол — уақыттың ұлылығына бас ұрудың айғағы. Субъект әрі кеңістік айқындала түседі. Иә, дамыту үлгісіндегі өлеңнің соңғы жолы аса ұтымды шыққандықтан өлеңнің тұтас тынысын айқындап тұр. Ең алдымен контексте бұл сөйлемнің символдық мәні айрықша роль атқарады. Халқының үлкен болашағын аңсаған ақынның жүрек жарды арманын аңғару қиын емес. Алайда, біз оны дайын теория үлгісіне салып нақты көркемдік ерекшелігін көрсете алмасымыз анық. (Теория дегеннің өзі не? «История искусства служит основанием теорией искусства, поэтому теория искусства помогает более совершенной, более полной обработке истории» — дейді Чернышевский). Ендеше, үлкен ақындар теорияның ілгерілеуіне ықпал етеді екен. Біз революция дауылпазы М. Горькийдің революция символы ретінде «Сұңқар туралы жырын», С. Сейфуллиннің «Альбатрос» поэмасындағы символдық үлгілерді жақсы білеміз. Олар совет поэзиясындағы символдың ең озық түрлері еді.

Поэзияда көркем тәсіл түрлері жаңарып, дамып отыруы — заңды құбылыс. Осы жағынан да Шаханов батыл қадам жасап жүр. «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша, жер астынан қарап жатам мен саған» деген оқыс тың тіркестер. Жаңа мәнді тіркестер. Мағыналық жағынан да, түрлік жағынан да жұрт назарына найзағай отындай әсермен ілік-

ті. Махамбеттің алып күшіне түскен тегеурін бүгінгі ақындар арқылы осылайша түледі. Сонымен бірге, М. Шаханов өлеңдерінің ритмикалық жағынан батылдығы, көркемдік құрылымындағы нәзік штрихтер, құрамы күрделі метафоралық бейнеліліктің өзі баса назар аударуға тұрарлық. Мәселен, жоғарыдағы «Дулығаны қақ жарып гүл шыққаншаны» символға жатқызып тыныштала салмаймыз. Өлеңнің аясын кеңітіп тұрған астарлы мағынасы қаншалық? Сөйлемдік деңгейде қарастырғанда бұл — метонимия:

Көк темірді киініп,
Шықты батыр жекеге
(Батырлар жыры)

Алты құлаш ала атпен
Үсті толған болатпен
Сайдан шықты құла атпен
(«Ер тарғын» жыры)

Мұхтар метонимияның осы классикалық формасының сыры сыртына шықпаса, ішінде қалмайды. «Дулығаны қақ жарып гүл шығу» бұлардан да гөрі батылырақ та нәзігірек. «Метонимия» деп айдар тағып отырған — бейнелі сөздің (сөйлем деңгейіндегі) контекстегі тармақты мағынасы қаншалық?! Біз осы жалғыз сөйлемді сөйлем деңгейіндегі метонимия деп қана қарай алмаймыз, ол басқа сөздермен тамырласып тұр, тамырласып қана қоймай тағы да басқа бейнелілік тудырып тұр.

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғандай.

Қ. Жұмалиев: «Абайдың бұл жазғаны антитезаның ең күшті түрі»¹ дейді. Адамның сыртқы келбетін, сұлулығын суреттеу мақсатында қолданылған тәсіл үшін қарама-қарсы мағыналы сөздерді бетпе-бет қоюдың бұл түрі, әрине, теңдесі жоқ кейіптеу. Ал, Мұхтар бұл тәсілді қаз қалпында пайдаланбайды. Ол шендестірудің осы керемет үлгісін сөйлем деңгейінен биіктетеді. Оған мағыналық астар береді. Біз шендестіруді сөйлемнен іздемей-

¹ Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы, Алматы. Мектеп, 1964, 143-бет.

міз. Өлеңнің тұтас логикалық жүйесінен іздейміз. «Мен сенемін күні ертең» тіркесін әр шумақтың алдында қайталай отырып (Жұмалиевтің анықтамасы бойынша бұл «еспе» қайталау) күтетін жақсылығын санап шығады. «Сенем ертең оттыға отсыз күлмес деп», «Сенем ел наласы тарқар деп» т. б. Сеніп қана қою емес, «жер астынан күн шыққанша оған да қанағат тұту емес, «дулығаны қақ жарып гүл шыққанша қарап жатам мен саған». Бұл жерде әдеттегідей шендестіру сын есімдерден жасалып тұрған жоқ, градация арқылы туып тұр. Сөз бен сөз, бір ұғым мен ұғым ғана емес, қарсы мағынадағы ой мен ойды салыстыру арқылы жасалып тұр. Қарсы мағына туғызып тұрған да сол «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша» сөйлемі. Міне, бұл образдылықтың астасқан, аса күрделі түрі деуімізге айқын дәлел. Бір тіркестің өзі троптың барлық түрлерінің сипатына жауап болып тұрған жоқ па? Және бір-бірімен тығыз ұштасып жатыр. Арнайы біреуіне телу мүмкін емес. Иә, теориялық түйіндеулерге негіз болатын, шынында да өмір екен. Объект екен. Әдебиет теориясының қазіргі тезіне болмаса, Жұмалиев зерттеген кездегі өлеңнің теориялық өлшеміне ақын творчествосын беттестіре қою еш мүмкін емес, ендеше. Біз М. Шахановтың «Махамбеттің соңғы монологы» атты өлеңінің сөз қолданысындағы кейбір тіл шұрайына, ақын меңгерген нәзік нәзімдеріне тоқталу арқылы оның бейнелеу құралдарының күрделілігін еске салдық.

Тіл қашан да ойдың көрінісі ғой. Шаханов тіліндегі сол нәзік нәзімдер, батыл ырғақтар ақын сезімінің, ақын санасының жемісі. Бұл — келешекте үлкен зерттеулерге арқау болатын мәселе. Техникалық өлең үлгісіне үлкен реформа жасаған советтік дәуірдің ұлы ақыны Маяковский: «Адал шыным — ямба деген не, хорей деген не білген емеспін, білгім де келмейді» деген ғой. Оның реформасы тікелей екпінге байланысты еді. Оның екпіні жаңа заман екпінімен тамырлас деген сөз бүгінде афоризмге айналды. Алайда, мұның төркіні суалмайтын, мағынасы ескірмейтін, афоризм. Шын мәнінде Маяковскийді уақыт туғызды. Талантына дөп келетін жерден жаңа жол ашты. Иә талант

ерекшелігіне орайлас келгендіктен ғана солай болған еді (сөз түр жаңалығы туралы болып отыр). Жаңалықты тек талантты, аса талантты ақындар ғана әкеле алады. Ұлы Абайдың қазақ өлеңіне 17 түрлік жаңалық енгізуі тегін емес. Бірақ әлдекімнің инверсиялық жолмен, т. б. амалдармен өлеңнің құрылысын құбылтуы өлең сияқты аса қиын өнердегі жаңалық бола алмайды. Жаңалық тек талант құдыретімен ғана келеді. Сырттан келген, еліктеуден туған құрғақ форма, яғни талант еркімен табиғи төгілмеген қанадай «мінсіз» өлең болғанымен ұлттық қазынасын байыта алмайды. Қезеңдік көпірлерден өткенімен замана асуларына төтеп бере алмайды. Иә, жаңалық — жаңа талант деген сөз.

Тіл нәзіктігін, сөз сырын тереңнен танытып теоретиктеріміз З. Ахметов, З. Қабдолов қазақ өлеңдері қанша құбылғанымен силлабикалық жүйеден шығандаған жоқ деген пікірді тұтынады. (Екеуі де жанрдың даму мүмкіндігін жоққа шығармайды) Осыған орай З. Қабдолов құрылыстық жағынан жаңалық болып көрінетін Ә. Сәрсенбаевтың мына өлеңін мысал етеді.

«Әх, трубка (3)

Сән серігісің (5)

Майдандық жолымның (6)

Түтінің тізбегіндей (7)

Жауға атылар зауал оғының (10)»¹.

«Демек, бұл арада ақын қолданған негізгі тәсіл — инверсия. Ал инверсия қазақ поэзиясындағы ырғақты атам заманнан бері тек буын заңына лайық жасап келе жатқаны әмбеге аян. Бұдан шығатын түйін: соңғы кезде жаңалық көрініп жүрген ырғағы, ырғағына сай дауыс толқындары инверсия мүмкіндігінің мөлшерінде аз-кем түлеген айшықтар қандай күйге түссе де, бәрібір қазақ өлеңінің силлабикалық сипатын тіпті де өзгерте алмайды»². Зерттеуші келтіріп отырған мысалымен орынды дәлелдеп отыр. Қазақ өлеңінің силлабикалық жүйесінің тым тұрақтылығына орай З. Ахметов те өте дәлелді пікірлер түйеді. Әсіресе, қазақ өлеңіндегі

¹ Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы. Мектеп, 1976, 279-б.

² Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы. Мектеп, 1976, 456-б.

екпін мен орыс өлеңіндегі екпіннің сапалық айырмашылықтарына мән беруі аса құптарлық нәрсе.

Бұл пікірлердің қайсысының астарында болсын терең ғылыми негіз бар. Оның тамыры стильдік жүйенің көнеден келе жатқан сөз қолданыс заңдылықтары бар дегенге саяды. Бұл мәселе — ірі лингвистердің назарына ерте ілінді. Бахтин, Жирмунский, Пospelов, Виноградов т. б. еңбектерінде арнайы зерттеу объектілеріне айналады. Әсіресе, Бахтин тілдің жалпы заңдылықтарынан «Тілдік жанрдың» даму эволюциясын брынды бөле қарастырады. Бұл бір табан көркем туыидының тілдік ерекшелігін танып білуге бізді жақындата түседі. Алайда, жанр ретінде өлеңнің өз заңдылығы болатынын да естен шығаруға болмайды. Сол сияқты, өлең сөздің жанр ретінде даму қабілетіне тілдік жанр ретіндегі ішкі заңдылығы оңтайлы жағдай жасайды, тосқауыл болмайды. Осы екеуінің үйлесім табуы, диалектикалық бірлігі нәтижесінде ғана тың творчестволық толқын туады. Әрине, бұл аса снрек сәйкестікті кез келген ақын-жазушы атқара алмасы хақ.

Қазіргі қазақ поэзиясының талантты өкілдерінің бірі М. Шахановтың «Махамбеттің соңғы монологы» деген өлеңін жоғарыда талдадық. Бұл өлең таза құрылыстық тұрғыда кейбір тосын айшықты өлеңдермен кездейсоқ ұқсауы мүмкін. Тіпті, жоғарыдағы ғалым З. Қабдолов дәлелдеген, Ә. Сәрсенбаевтың инверсиялық тәсілімен жасалған өлеңімен де ұқсастығын көру қнын емес. Екі өлеңде де ұзынды-қысқалы тармақтар, шумақтарының қалыпты төрт тармақпен шектелмеуі, сол сияқты, кейбір кідіріс, интонациялық ерекшеліктері кездеседі. Ал, осы екі өлең поэтикалық құрылысы, бітімі жағынан мүлде екі бөлек дүнне. Дайын үлгімен өлең тумайтыны өз алдына, ұқсастықты сыртқы белгісіне емес, тарихи-философиялық мәні, мазмұндық үндестік, уақыт тұрғысынан бағалап қана іздестіруіміз керек. Жеке талант ерекшеліктері үндесуінің де үлкен мәні бар.

Мен сенемін күні ертең (7)

Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем (14)

Күліп жайсаң күн ғажайып (8)

Ел наласы тарқар деп (7)
Ақымақтар күрт азайып (8)
Сұмдар қорқақ тартар деп. (7)
Мен сенемін күн ертең (7)
Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем... (11)

Өленді оқып шыққаннан кейін ең бірінші

Мұнар да мұнар, мұнар күн. (8)
Бұлттан шыққан шұбар күн (7)

жолдары ойымызға оралады. Шын мәнінде екеуінің арасында мағыналық-мазмұндық жалғастық сезіледі. Ол өлеңнің атына ғана байланысты емес. Ат қойылғанымен егер ол мақсатқа жетпей жатса, сезімге әсер ете алмайтыны ақиқат.

Жалғастық әсіресе, «мұнар күн» мен «күні ертең» тіркестері арқылы терең сезіледі. Бірінде — мұн, бірінде — сенім бар.

Иә, қазақ тарихында үлкен із қалдырған, бостандық үшін күресте сәтсіздікке ұшыраған күн — сөз жоқ мұнды күн. Сондықтан да жаратылысында отты ақын Махамбеттің бұл өлеңі элегиялық сипат алды. Өлең таза синлабикалық үлгіде жазылғандықтан әрі ұқсастық құрап, әрі логикалық екпін түсіп тұрған «күн» сөзі дыбыстануы жағынан еш оқшауланбайды. Өлең текстіне кіріге еніп кетеді.

Ал, Шаханов өлеңінде жағдай басқа. Шаханов өлеңіндегі «күн» сөзі өлеңге басқадай психологиялық өріс жасап тұр. Махамбеттің мұңы жігерге айналады. Әрине, басты айырма екі ғасыр ақының сөз қолданысында. Сөйтіп, тілдік жанрдың эволюциялануында. Немесе, керісінше.

Өлеңдегі айрықша жігерлілік уақыт әрекеті екенін үнемі есте ұстап отыруымыз керек. Ендеше, өлеңнің интонациялық синтаксистік құрылымы оның тарих тынысын, поэтикалық бітім-болмысын да белгілейді. Немесе керісінше.

«Мен сенемін күні ертең» деген өлеңнің қысқа, «оғаш» тармағы және сенемін сөзіне түсіп тұрған екпін осындай объективтік себептер салдары. Айрықша дауыс интонациясын талап ететін де сол, өлеңнің ішкі мазмұнындағы пафос. Яғни, мазмұн мен түр түгелдей тұтасқан, мазмұнының дерлік түр-

ге айналып кетуі — өлеңге жаңа сипат, сапалық сипат береді.

Өлеңді өлең ететін басты компоненттерінің бірі — ұйқас десек, бұл өлеңді ұйқастың қай түріне жатқызуға болады. Бұл жерде де ақынның біршама жаңалығын сезінуге болады. Өлеңді бір шолып өткенде шұбыртпалы ұйқастың жобасы байқалады. Шумаққа бөлінбей, түйдегімен түсіп отыратын (З. Ахметов) шұбыртпалы ұйқастың тиімді мүмкіндігін пайдалана отырып, оны байыта түседі, ұйқастың басқа түрлерін де ішкі ұйқас ретінде орынды сіңістіреді. Интонациялық тұрғыдағы бірыңғай ағым, соған байланысты бір өңкей синтаксистік параллелизм Шаханов өлеңінде күрделеніп кетеді. Жырда ұйқас бірыңғай етістіктің көсемше түрінен жасалып тұр. Атқарып тұрған синтаксистік қызметі де бірдей. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінде де дәл осындай — бірыңғай бағыныңқы сөйлемдерден құралады.

Ал, Шаханов өлеңінде ұйқастың бірыңғайластығы бар, бірақ оның жасалу жолдары жоғарыдағы өлеңдердің жасалу жолымен сәйкес келмейді. Біріншіден, ұйқас құрап тұрған сөздер бірыңғай сөйлем бола алмайды, үйткені олар әр түрлі сөз табынан жасалған.

Екіншіден, ұйқасты сөз ғана емес қосарланған тіркес, немесе сөйлем тудырып тұратын кездері болады (Абайға тән). Мысалы: «Күні ертең», «Ұлы өлкем» тұтас тіркес әрі грамматикалық тұлғасы жағынан екі сөз табы. Ұйқас құрайтын сөздердің әр түрлі сөз табынан келуін Жирмунский тарихи жағынан кештеу пайда болған деп атап көрсетеді¹. Бұған қарап Шаханов өлеңінде сөздің дыбысталуы жағынан үндес сөздер не грамматикалық бір тұлғадағы жеке сөздер ұйқас құруға қатыспайды деп ойлауға болмайды. Алты тармақтан тұратын әлгі өлеңнің қалған төрт жолы кәдуелгі шалыс ұйқаспен «деп» етістігі арқылы ұйқас құрайды. Айтпағымыз, Шаханов сол белгілі тәсілмен қалып қоймайды, өлеңнің тілдік жанрын кеңітті — акустика, лексикасын өзгертті. Сол арқылы шартты сөз

¹ Жирмунский В. Теория стиха, 1975, с. 292.

қолданыс сөйлем құраудан арылып, өлеңді ауызекі сөйлеу тіліне жақындатты. Ендеше өзгеріске түсетін фонетика емес лексика екен. Зерттеуші Д. Самойловтың «Ұйқас синтаксистік жолмен емес, морфологиялық жолмен ғана жасалады» — деуі сондықтан болуы керек.

«Слог — это единица низшей степени. Более крупной единицей является слово, еще более крупной — фраза» — дейді. Б. Томашевский¹. Ендеше, өлең табиғатындағы екпінді біз неге тек буыннан ғана іздейміз. Логикалық екпін түсетін сөз, әсіресе сөйлем ескерілуі керек болар. Жоғарыдағы өлеңнің жаңаша интонациялық құрылымы жаңа ырғақ, тың тынысқа, мүмкіндік тудыратыны белгілі. Мәселен, «Мен сенемін күні ертең, пенделіктер тазарар деп ұлы өлкем» дегендегі терең толғаныс өзіндік интонация, өзіндік тынысты талап етеді. Ендеше алғашқы тармақтағы екпін «Сенемін» сөзіне, ал логикалық екпін «сенемін күні ертең» тіркесіне түсіп тұр. Сондықтан 7—8 буынды жыр 11 буынға негізделген қара өлең ырғағымен оқуға келмейді, айрықша жігермен, сөздерге екпін түсіре оқуды талап етеді. Екінші жол буынға негізделгендіктен белгілі әуенмен оқуға көнеді. Үшінші жол қайта екпінге ауысады. Бірақ бұл симметрия өлеңнің жолы өскен сайын емес, ойдың бітуіне орай шарықтап, бәсеңдей, ұзап, үдеп отырады.

Толқын-толқын ырғақ шумақ осылайша бір-бірімен байланысып, тұтастық алады. Айтпағымыз, бұл өлең тек буынға ғана негізделген силлабикалық өлшем емес секілді. Тоннақ элементін суыртпақтап болсын сіңіретін сияқты.

Немесе:

Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?
Көтер, көне, басыңды,
Күніңді босқа өткізіп пе едің?
Тағдырың неге сыр айтты сараң?
Өмірдің барлық сәтсіздіктерін
Бақытсыздық деп кім айтты саған?
Кім айтты саған?
Кім айтты саған?
Тұлпарды сүрінбейді деп,

¹ Томашевский Б. В. Стихи и язык. М—Л., 1959, с. 103.

Асауды мінілмейді деп,
Ақ көйлек кірлемейді деп,
Қара ешкі мүжіген ағаш
Қайтадан гүлдемейді деп.
Кім айтты сағая?
Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп,
Биікті ардақтайды деп,
Асылды қорлатпайды деп...

Бұл өлеңге қандай өлшеммен келмекпіз? Жырдың, не қара өлеңнің де үлгісін көре алмай отырмыз. Тармақ, буын, бунзқ саны қатаң сақталмайды. Ырғақ пен ұйқас бар. Екпін ойды ашатын ең түйінді сөздерге түседі. Сол түйінді сөздердің дыбысталуы тексте әлденеше сөздерде бірдей шыққандықтан ырғақ тауып тұр. Мұндай мысалдарды біз Мұхтардың өлеңдерінен көптеп келтіре аламыз. Бұл — көркем туындының мол мүмкіндігін көрсететін мысалдар деп білеміз. Көркемөнердің белгілі ережемен тұмайтындығының дәлелі. Сол сияқты көркемөнердің негізгі заңдылығын жоққа шығармасақ та, әрбір талантты ақын-жазушының өзіндік әлемін яғни даралық сипатын ашудың ерекше мәні бар. Сайып келгенде, ақын жазушы шығармалары жайлы оның поэтикалық ерекшелігін сөз еткенде жалпы ережеге сүйеніп, әдебиет теориясының байырғы қалпына салып, ұзын-қысқасын қырқып тастап, сол қалыппен бірдей етіп шығаруды қазіргі өскелең творчество көтермейді. Көркемөнер өзегіндегі жанды процесс қана теориялық ой-пікір дамуына пәрменді өріс бере алады.

М. Хамраев өзінің «Түркі өлеңі теориясының очерктері» монографиясында «Түркі тілдес халықтар поэзиясындағы революциядан кейінгі дамудың жалпы тенденциясы еркін өлшемді өлеңдердің молаюы»¹ — дейді. Бұл пікірді қуаттай отырып, З. Қабдолов та «Аралас буынды өлеңдердің көбеюі де осы тенденцияда жатыр»², — деп түйген. Бұл теориялық пікірлерге бірден-бір жауап беретін М. Шаханов творчествосы. Жоғарыда біз келтірген импровизациялық жолдардың авторы енді бірде былай көсіледі:

¹ Хамраев М. Очерки теории тюркского стиха. А., 1969, 226-бет.

² Қабдолов З. Сөз өнері. А., 1976, 295-бет.

Үшіншісі — намыс үшін беріспеген күндерім,
Жанған отты өшіруге келіспеген күндерім,
Жақсылыққа жақсылықпен өріс берген күндерім,
Тағдырымның жанарынан жеңіс берген күндерім.
Сүрінгенді сүйеймін деп құлап қалған кездерім,
Өзім жылап жан досымды жылатпаған кездерім —
Бәрі-бәрі адалдығым, жомарттығым сондағы
Кеудеме кеп жиналды да, бақыт болып орнады.

Бұл өлеңді 7-8 буынның қалпына түсірудің, яғни бір жолдан екі жол жасаудың мүмкіндігі көрінбейді. Бұл сол баяғы 7-8 буынды өлең ғой жалғыз жолға сыйып тұрған деуімізге негіз жоқ. Үйткені, өлеңнің табиғаты, ішкі логикалық жүйесі тұтас. Ұйқас ырғақты қолдан жасауға әуестік, жасандылық бұл өлеңге жат. Ақынның қарапайым ойларының философиясы, прозалық ауқымы таңдай-таңдай кесек жатқандықтан өзіндік ырғақтарға лайық.

Мұхтар қазақ поэзиясында өлеңді аралас буынды және дәстүрлі поэзия өрнегін барынша дамытқан ақын. Сондықтан оның әрбір шығармасынан жаңалық сезінеміз.

М. Шаханов поэзиясының алтын дінгегі — гуманистік арна. Тек осы гуманистік кіндіктен оның ақындық таланты күш салатын сияқты. Оны импровизатор ететін де, философ-публицист ететін де, шуақ жаздай төгілген лирик ететін де — тереңнен төгіліп шығатын гуманистік идеялары. Көп емес, аз жазатын, сақ жазатын баллада, поэмаларында күнде еститін жайдақ емес, адамгершіліктің, ізгіліктің терең де тың қабаттарына енеміз. «Түсінісу теоремасы», «Барселона аэропортындағы сұңқарлар», «Тереңдік жыры», «Отан» т. б. өлеңдері соны туындылар.

Көңілінде терең көлі бар жандар бақытты,
Көңілінде терең көлі бар жанға өлім жоқ.
Тереңім сенсің, еңселім,
Өлеңім сенсің, еңселім,
Парасат көркін қаншама әйел халқының
Мен саған қарап өлшедім.

Әзелден, газелдерден келе жатқан әйел сұлулығына Мұхтардың өлшемі әлгіндей. Маржандай төгілген сөз жарқылдамайды. Бейнелі тілге аса сақ. Алайда, ақын хас сұлулықты объект ететінін байқаймыз. «Қорқу керек сыртқы сұлулығынан» деп

отыра «Әйел болып сұлу болмау — табиғатты алдаумен тең емес пе?» дейтін де Мұхтар. Жок, акын сұлулықтың тым тереңіне бойлайды. Уақытша емес, мәңгілігін көздейді. Оңғақ емес, шын асыл тастың қадірін жыр етеді. Міне, бұл ақынның дүниетанымының кеңдігінен, эстетикалық ой-өрісінің өміршеңдігінен хабар беретін тұстары. Түптеп келгенде, сұлулық төркіні парасатқа саяды. Сөйтіп, акын махаббатты көбіне сезіммен өлшейтін тракторкаға өз үлесін қосады.

Мұхтар әнді Ілияс пен Абайдан өзгеше түсінбек емес. Қабылдау да, түйсік-түсінік те бар, бірақ Абайша айту міндет емес. Мұхтарша, Қадырша айтуын уақыт талап етеді. Ілиястың сезімді селдете, психологиялық сәттерін өз қалпында неғұрлым бейнелі жеткізуге тырысатын тәсілін Мұхтар қарапайым, заттық ұғымдармен-ақ жеткізумен, поэтикалық жаңа тыныс табумен алмастыра алып отыр. Мұндай жаңалық Мұхтар өлеңдерінің сөз қолданыс, ойдың нәзік ұштасуы, өлеңнің композициялық болмысы, т. б. компоненттерінен анық байқалады. Ақын бұл «азаптан» өзін аямайды. Өнердің қия тасымен бар қуатын сарқа, саналы түрде өзін өрге салатын секілді. Шыншыл ақын ол сырын қауымнан жасырмайды:

Бәлкім менше арнаңда тасып толған шығарсың,
Бәлкім менше өртеніп, ғашық болған шығарсың.
Бұл сөзіңе, қалқам-ау, бас нзермін, көнермін,
Мен көнгенмен не шара, заңы қатал өнердің.

Міне, бұл қалыпты әңгіме, ауызекі сөйлесу мәндес өлең кестесінен сөз қолданысындағы кідіріссіз еркіндікті, логикалық нәзік бірлікті айқын сезінеміз. Яғни, өнер проблемасы өлеңге әдемі айналады. Сондықтан публицистика емес, поэзия болып қабылданады.

Мұхтар өзге түгілі өзін қайталамауға тырысатын ақын. Сондықтан оқушымен әңгімелесудің сан алуан тәсілін ойлап табады. Тіпті, кейде ақын емес, әңгімешіге, ертекті, жыршыға айналып кетеді.

Кім қайратты?
Кімге-кім асқар тұлға?
Мүмкін бе екен, тағдырдан бас тартуға?
Неткен ғажап!

Жігіттің екі сипатын ашу үшін алынып отырған кіріспе сөз. Қандай жағымды сөз, қандай бейнелі сөз. Неткен қаралайым ұғым, неткен іргесі сөгілмес ұлы шындық. Тіл сиқыры мен поэзия аруағы осылайша үндестік табады.

Кейде тіпті өлең бе өзі, қара сөз бе? Философиялық трактат па? Немесе, дәл бүгіннің сауалын бақайшығына дейін шаққан публицистика ма? Япыр-ай, осының бәрін өлең құдыретімен тұзақтау... Қараңыз, «Барселона аэропортындағы сұңқарлар» өлеңіндегі «қасқа маңдайлар» кішкене штрихтармен шенеледі. Деталь дәл ойнайды. Жинақталған халық тәжірибесінің ғылымдағы ролі. Өлеңдегі негізгі ойды нығыздай түсу үшін алынған қосымша «әңгіменің» өзі осылай кәдеге жарап, бір-бірімен табиғи жымдасып кете береді.

«Ғашықтық ғаламаты» — атақты Қорлан өлеңінің мазмұны іспеттес шағын поэма. Естай мен Қорланның махаббаты жайлы, әні жайлы керемет көп жазуға болады. Ұзақ таңға көсіле жырлауға болады. Бірақ Мұхтар бар білген сөзін сарқып, таусылмайды. Әдемі сөз іздеп шаршамайды. Болған оқнғаның ізін салады. Алайда, салқын сабырмен, байыппен ғана әңгімелеп отырған поэма үнінде ерекше романтикалық леп бар. Қорланның алтын жүзігіндей сәуле шашқан асыл махаббат аялы алақанмен, қамқор көңіл, жылы жүрекпен әсем ғана тербеледі. Естай әнінің мәнері мен мәні дерсіз. Осы бір тәсілмен-ақ автор өзіндік көркем тенденцияға арқау іздейтіндей. Қазіргі адамдарға таңдай қағып, тым тамсана беруден гөрі шындық арқылы шынайлықты тану қажеттігін ақын жақсы түсінетіндей. Кәдуелгі аңызды өлең тілімен қайта әңгімелегендей. Алайда, сан-салалы ақын ізденісінің жемісті түрі деп қабылдаймыз. Ал «Күретамырды іздеу», «Отырар элегиясында» аңыз салмағы арта түседі. Бұл шығармалар арқылы ақынның айтпағы да, салар қолқасы да күрделірек.

Күретамырды іздеу психологиялық-философиялық дүние. Барлық қарым-қатынас адам әрекеті — психикасы арқылы жүріп жататынын ескерсек, өз

заманының сұрқылтайы — Жұдайханның психологиялық қатпарлары бізге жат па? Ал оның философиясы ше? «Бүгін қолымда күш бар» деп есіңнен таиба, өйткені ертеңін болжай алмау — есуастық. Жұдайханды жұтқан жүкті әйелдің киесінен бұрын, әлгіндей өмір шындығы. Ақылдылық өмір заңын зерттеумен келеді, әсіресе қарадан гөрі сол қараның тағдырын шешетін «хандарға» зерделілік қажеттірек. Ел тағдырын шешетін солар ғой. «Отырар элегиясында» — персонаждар да үш-төртеу-ақ. Алайда, әр кейіпкердің ойлау арсеналы, жоспарлы жүктері де салмақтырақ жатыр. Тарихтың «төс кіндігі» Шыңғысхан әрекетін оқулық көлемінде ғана білу аз, әрине, ол көркемөнердің қай түріне болсын төтеп беретін зор тұлға. Тым қатпарлы тұлға. Ақын оны мақсат еткен шығар, етпеген шығар шығармада Шыңғысханның психико-философиялық портреті арнайы өзек етілмейді. Бұл тұрғыдағы Шахановтың публицистикалық дарынын танымауға болмайды. «Элегия» деп шығармаға ат коюда да мән бар. Өз шығармасының табиғатына лайықтап қойып отыр. Ақын жанына тым жақын тақырып салқын қанды суреткерліктен гөрі қайткенде де жалынды публицистиканы талап ете берері ақиқат.

Тақырыптық жағынан «Мыс салт атты» жоғарыдағы екі поэмамен де үндес. Бірақ бұларда көркемдік шешім басқа. «Мыс салт атты» бірнеше көркемдік електен өткен, көркемдікті мақсұт тұтқан өнер дүниесі. Публицистикалық стилге көп бой алдырмайды. Күні бүгінге дейін оның жаңа көркемдік қырлары ашылуда.

Бұл жерде біз сапалық салыстырудан аулақпыз. Екеуі де елдің, екі ұғымның, екі психологиялық сәттің жемістері. Үлгі етуге тұрарлық, қол созуға болатын әлемдік шедеврлерді еске түсіру мақсатында айтып отырмыз.

Ұлы Абай да дидактикалық поэмалар жазғанын білеміз. Иә дидактикалық бағытты мықты тұтынды.

«Отырар элегиясында» ең алдымен көзге түсетін ерекшелік — оқиға арқауындағы драматизм мен публицистиканың тұтасуы. Қазақ поэмаларының олқы соғар тұстары да осы шынайы драматизм жетпеуі болатын. Объектінің өз кіндігінен шығып

жатқандай төкпе тіл, өткір қағыстар сырттан телінбей, жасанды әдеби тіркестерден құралмай, көзі бар бұлақтай бүлкілдейді. Иә мәселе мазмұнының байлығында, оқиға қоюлығында емес. Мәселе шығарманың жүзіктің көзінен өтіп кететіндей өткірлігі мен жанға жанасымдылығында, сіреспе емес, сынық, ана тілінің барлық нәзік мүмкіндігін пайдаланған, үйлесім сиқырын меңгергендігінде жатыр. Поэтикасы поэзиялық қуатымен ғана анығырақ анықталатындай, «Поэзиялық қуат» жалпы ұғым. Ал, поэманың поэзиялық қуаты — өнердің де, өмірдің де ең актуальды нүктесін табуында. Поэзия дабылын сол нүктеде қаға алуында. Сол нүктеде, публицистика, философия, поэзия бірімен-бірі тығыз ұштасады. Мұндай поэтикалық компоненттерсіз құрғақ баяндау бізге не берер еді? Тарихтан да, көркем шығармадан да мәлім жәйттер сол дерек күйінде қалып қояр еді. Ал, Мұхтар поэмасын оқып отырғанда кеуденді жалын кеулеп, махаббат пен зұлымдық қанында кезек-кезек ойнайды.

Автордың сезім күйі шығарманың жан дүниесіне айналғанымен басқадай философиялық поэмаларға карағанда «Отырар элегиясы» сюжетті поэма. Композициялық бітім болмысы жағынан поэма аяқталған, барлық жағынан да жетіккен поэма. Әр кейіпкердің аузына салатын сөздер өз уақытына лайық өрнек табады. Ұраиды, жалынды сөздер емес, философиялық астарлы сөздер.

Біз көпшілігінде көркем шығармаға критерий етіп не айтпағында емес, қалай айтқанында, яғни қандай көркемдік тәсілмен әсерлі етіп жеткізе білуінде дегенді аламыз. Жалпы осы ережеге бағынамыз. Енді осы жалпы ереже ішінара нәзік тармақтарға жіктеле береді. Мәселен, А. П. Чехов «Мәселе қалай айтқанында емес, не айтпағында»— дейді. Осы пікір тым салмақты жатқан секілді. Түптің түбін көздеп айтып отыр. Өнер тереңдігі, өнер мақсаты көркемдік тәсілдерді игерумен шектеле ме? Жатпай-тұрмай соңына түскен адам ол қындықты жеңер де, бірақ мәселе ол кім? Кездейсоқ адам ба? Жоқ өнердің қасиетті шарапаты тиген адам ба, мақсатқа әр түрлі айламен амалдап жетті ме, жоқ адамзаттық ақ жолмен табиғи қи-

ындықпен жетті ме? Шындығында да, Мұхтар шығармаларының астарын ақтарып отырғанда, біз тек шынайы өнердің жоқшысымен үнемі жете жолығысып отырмыз. Қанша тігісін білдірмегенмен кейбір бірінші қатардағы-ақ көркем шығармалардан біз жат пиғылдың шетін сезіп қаламыз. Мәселен, ұлылықты өзіне енші ету ниеті. Талай таланттар осы жолда «шейт» кетеді. Өйткені, ұлы болудың армандау науқасы қауіпті дерт. Әрі-беріден соң шеберлік емес, адалдық — мәңгілік. Тұнба судың тереңінде жататын мұндай құрт, мұндай дерттен Мұхтардың дені сау. Оның талантты туындыларын әрқашан шынықтыра түсетін, жақсарта түсетін осы қасиеті.

Ендеше, біз оның шебер құрған сюжетінен, сәтті эпнтет, метафораларынан бұрын шығарма арқауындағы ізгілікке елтуіміз, тым тазалығынан ләззаттануымыздың әріден келе жатқан әлгіндей өнерлік құпиялары бар екен. Олай болса, Мұхтар поэзиясының ең нәрі — поэтикалық астарлары да осылармен тікелей байланысты. Сондықтан да бұл поэмалардың идеялық мазмұнын біз әдеттегіңше сюжеттен емес, шығарманың жан дүниесінен іздегеніміз жөн. Міне, жаны мен тәні бір, тұтас көркем туынды дегеніміз осы. Шын көркем туындыны форма мен мазмұнға бөле алмайтынымызды Беллинскийден дәл түйген ешкім жоқ. Қазақ әдебиет тану ғылымында бұл мәселеге Беллинскийше қарап, бағалап келе жатқан сыпшы-ғалым — М. Қаратаев. Ол кісі: «Мынау мазмұн, мынау форма деп оңай ажырататын шығармалар бар. Олар жасық шығармалар. Олардың ниеті жақсы болғанымен, тілі солған, сюжет болбыр шұбалаң, характері шықпаған шығармалар болады. Ал, жақсы шығармалардың формасы мен мазмұнын ажырату қиынның қиыны»¹.

М. Шахановтың таза лирикалық сипаттағы өлеңдерінің өзін іштей бірнеше топтарға бөле қарастыруға болар еді. Бұл, әрине, тақырыптық мазмұндық бөлу емес.

Қазіргі лирика табиғатының тым күрделеніп,

¹ *Қаратаев М.* Эпостан эпопеяға. А., 1969, 191-бет.

синкреттену нәтижесінде әдеттегінен оны тақырыптық жағынан топтау, сыртқы белгі-бедеріне қарай бөлу (табиғат, махаббат, саяси) тым шартты ұғымға айналып бара жатыр. Мұхтар лирикаларын талдау үстінде де біз осындай ерекшелік сезіндік. Қай кезде болсын, шын талант дүниесі тұтас қой. Тамаша лириктер Абай, Сұлтанмахмұт, Сәкендердің юмор, сатира, сарказм үлгілерін молынан пайдалана отырып жазған саяси лирикалары ұлы арман, үлкен сүйіспеншілікпен тамырлас дүниелер еді. Мұхтар классикалық үлгіні дамытушы ғана емес, биік азаматтықтан рухтанушы. Сондықтан оның өлеңінің сыртқы үлгісі көбінесе тек өзінікі болып келеді.

Қазақтың халық өлендері, Ақан, Біржан, Естай, Жаяулардың шынайы поэзиясының саз тілейтіні, оларда сөз бен саздың тең түсетіні, тіпті кейде жұртқа сазы жетіп, бірінші жоспарға шығып кеткен күннің өзінде, шын мәнінде, олардың композиторлығынан поэзиясының бір елі де төмен еместігін ескертеміз. Керісінше, нағыз музыканы шынайы поэзия тудырады. Сұлулық сиқырындай көрінетін Ақан, Біржандар өнері, поэзиясы күрес емес пе еді? Дүниені ақындық сезімімен әлдилей отырып барып, олар өз поэзиясын тудырады. Өмірдің өзінен туған шынайы поэзия, шындықтың поэзиясы көңілдің құсын сайрата алады. Әуен содан туады. Яғни, адамның құпия асыл арманы ақындық шабытпен ашылады. Сөздің әнге сұрануы сезімнің осындай терең құбылысынан туындайды. Бұл — біздің ұлттық поэзиямыздың басты ерекшелігі. Қазақ өлеңінің бұл қасиетін М. Әуезов жақсы айтқан. Адам өміріндегі құда түсу, әйел алу, ерлік, жеңіс осының бәрі де дәстүрлі өлең арқауы. Бұл әрі мелодия-музыка, әрі өлең-поэзия. Жалғыз-жарым домбыраның сүйемелдеуімен туып, орындалған синкретикалық өлең¹; дейді.

Жалғыз қазақ өлендері емес, жалпы поэзиядағы әуенге байланысты аса құнды ғылыми пікірлерде әр ұлттың өз ерекшелігіне орай көңіл бөлінуде. Бұл

¹ М. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі. Архив. № 26, 40-бет.

тегін құбылыс емес. Өлең сөз поэтикасының назардан тыс қалып келе жатқан негізгі қасиетіне көңіл бөлу деген сөз. Біз М. Шахановтың лирикалық өлеңдеріне белгілі мөлшерде қатысты болған соң жолжөнекей болса да бұл әңгімені қозғап отырмыз, әйтпесе бұл терең үңгуді керек ететін өзінше мәселе.

Сонымен, М. Шахановтың өлеңдерінде махаббат, көңіл-күйі, табиғат деп ат қойып, айдар тағатын лирика түрлері жымдасып кетеді екен. Ол оның жалпы ақындық рухымен тамырлас. Мәселен, «Отан» атты сюжетті өлеңінде лирикалық «меннің» нәзік әрекеті мол-ақ:

...Ісім аздау болса да әлі мандытқан,
Жел өтіне егілген ерен талдай
Гүлді ызғардан қалқалап келем талмай,
Қайшама рет жалын жасты қорғап қалдым
зорлықтан.
Сенің ойсыз ұлдарыңның кей кезде
Маған тісін қайрайтыны сондықтан.
Көк майсалы өнер тауын шаңытқан
Күрес аштым жалынсызға қулықпенен жанды ұтқан.

Бұл өлең жасалып тұрған жоқ, өмірдің өзінен туып тұр. Сондықтан мұндағы асқақ романтика өмірдің өзінікі. Шындықпен туысқан романтика. Ендеше сөз күші мен мазмұны ажырамастай кірігіп кетеді. «Көк майсалы өнер тауын шаңытқан күрес аштым жалынсызға қулықпенен жанды ұтқан» деген жолдар жаңа поэтикалық ұғым. Қалыптасқан поэзиялық тұрақты тіркестерге жасалған революция. Себебі қандай сәтті өлең болса да бейнелік дәл осылай уақыттың, тірі адамның өзі болып сөйлеп кетуі сирек. Өлеңнің финалы ретіндегі:

Әр кез сені жалғандықтан қорғауға,
Бақыттымын күшім жетіп тұрса егер.—

деген екі жол өлеңнің барлық лирикалық жүгін көтеріп тұр. Оны біз өлеңнің логикалық жүйесін тұтас қабылдап, сезіне алғанда ғана байқай аламыз. Мінеки, көріп отырмыз мазмұнмен астасқан қарапайым сөздердің өзі бағалы поэтикалық астарға айналады. Олай болса Мұхтар өлеңдері тек ассонанс пен аллелетерациядан тұрмайды. Бірде жо-

ғарылап, бірде төмендеп отыратын қан қысымы, табиғи мінез, оның поэзиясына да тән. Адам жүрегімен ырғактас отырады.

Ал, Мұхтардың интимдік лирикалары ше? Ақынның эстетикалық деңгейін, әсемдікке арака-тынасын айқындайтын осы қатардағы лирикалары. Эстетикалық кредо — ақын біткеннің негізгі өлшемі.

Сен бар жерде керегем кең сияқты,
Сен бар жерде терезем тең сияқты.

Ең сұлу ән сұрайтын осы жолдар. «Белгісін бала-лық шағыңның айтшы сен, қай жерде қалдырдың» немесе «Аңсаған арманым сияқтанып, ай туып келеді қияқтанып» Ш. Қалдаяқов сияқты тума лириктің сезімінде бұл жолдар жалғыз түйіріне дейін еріп кеткен жоқ па? Сөзі мен әнін бөліп ала алмаймыз. Қойыны — мұң асқақ әуен жан жігерінді жаннды-ақ. Ән мен күйдің бәрін тыңдауға болады, рахаттануға, шаттануға болады, бірақ шынайы рухани ләзаттану, түлеу, тазару әр әннің еншісі емес; әр өлең тартар сыбаға емес.

Мұхтар лирикаларының біразының әні бар. Мұхтар деңгейлес ақындарымыздың көбі әнмен Мұхтарша қойындасты деп тағы айта алмаймыз. Бұл жерде өзгешелік сезіледі. Ал ақынның ән жазылмаған таза интимдік лирикаларының өзінен ақылдың емес, әннің нісі бұрқырап тұрады.

Арман құсым, сен мені адал түсін,
Саған теңдес мен қайдан табам мүсін.
Жылдар бойы көркіңе көз байлаған
Алғашқы іңкәр махаббат, аманбысың?

Он бір буынды қара өлең сұрлеуінде кәнігі тұлпардай көсілген поэзиялық жолдар жан дүңненді елтіеді.

Сезім Мұхтар үшін кездейсоқ, өткінші құбылыс емес. Ол — адамның ең асылы, ең қымбаттысы. Оның интимдік лирикаларының басты тақырыбы — сол асыл сезім, идеясы — тұрақтылық.

Көкейінде жатса да сұрақ туып,
Қандай жақсы, жақсы ғой тұрақтылық.
Біреу мені ұсақтап кетті десе,
Мүмкін емес дедің сен жылап тұрып.

Қандай ашық, қандай адал жолдар. Адам көкірегінен таза бұлақтың суын тату. Бұл зам-зам суы ғой. Адамға ең жетпейтін зәру су.

Мұхтардың махаббат лирикалары абстракт ұғымнан емес, оқиғадан өрбиді. Оның тұрақты кейіпкерлері, сезімнің «тарихы» бар. Сезімнің қызыл шоғында суарылған асыл махаббат типтік характерлер болып сомдала қалады. Ештеңе де ұмыт емес, жалған емес. Сонау қызыл гүлдей өртен өмірде өзегіне өрт болып түскен гүл мінезді «құдаша» бейнесі:

Күлкінен нәр алып бір
Аулыца барғанымда,
Жүргенсің балалықтың
Балауса орманында.

Сол сезім күйінде жыр болып төгілмей ме. Оның образы жылдар озған сайын қаншалық даралана түссе, сезімі де ақ шағаладай ап-айқын. Ең бастысы сезім жомарттығына кенелесіз.

Ақынның түпкі мұраты — махаббатқа тастүйін ақсұңқарды жырлау.

Мен әнімді өжет батыл сезімнің
Құрбаны боп кеткен қызға арнадым,—

деген жолдар жоғарыда біз Мұхтар поэзиясының шырыны ретінде келтірген көптеген өлеңдердің қорытындысы. Адалдық үшін өзің құрбандыққа шалған қайсар қыз — Мұхтардың идеалы. Әнді де, ақындық шабытты да ол солардан алады, оны ақын ететін де солар. Мұхтар өзінің осы бір сенімін әрі қарай өз поэзиясында тереңдете түсуді мақсұт тұтатындай. Ақынның рухани жетілуін — идеялық өсуі деп білеміз.

«Өзінің ең қасиетті әнін қорғай алмаған жан, басқа істе де қабілетсіз, бағы мәңгі жанбаған жан» — дейді. Жалпы адамшылық парасаттан махаббатты бөлмейді. Қасиетінің, өмірінің бар мағынасы — махаббат арқылы көрінеді дегенді ашық айтып отыр. Сөйтіп ықлым заманнан бері анықтамасы табылмай, әркім өз тұрғысында табынумен келе жатқан махаббат Мұхтар поэзиясынан нақтылық табады. Онда да прозалық емес, поэзиялық нақтылық.

Артық қорлық бар ма әлемде сенгеніңнен бөзінуден,
Құлай сүйген адамыңның осалдығын сезінуден...
Көз жасымды көрсетпеуге тырыстым мен саған бірақ
Сен деп шыққан сенімімнің биігінен барам құлап.
Махаббатқа жан пидалық етпедің бе,
Бәрі бекер.
Енді қалған қызығыңның нарқы кеміп, мәні кетер.

Биіктік межесі біреу болғанымен түсінік-талғам әр түрлі ғой. Сондықтан бұл өлең әркімді бақытты ете алмауы да мүмкін. Дегенде де өлең оқылып болған соң ақыл мен сезімді бірдей баурайтын тылсым күш жүрекке мәңгілікке шөгіп қалады. Себебі бұл жерде хас сұлулықты сіз жантәніңнен бұрын санамен сезінесіз. Эстетикалық талғамның өзгеше бір биік қырларына тап боласыз. Мұхтардағы бай көл-көсір сезімнің тұрақтылықпен ғана тұйықталуы сізді қатты ойландырады. Бұл — көркемдік шешім ғана емес, ақындық позиция. Бірақ ол позиция боп емес, поэзия дүниесі ретінде қабылданады. Сол бір айнымас адалдықтың өзіне ғана тән әсем сазын өнер деңгейіне көтереді. Сол бір айнымас адал жолдан бақыт тапқан өмірге сенім, адамға үлкен махаббат тапқан ақын тұлғаны зор тұтсаң, соның бәрінің азабын арқалауға мойын ұсынған, тек адалдықты ғана көксеп зар жұтқан ақын жаны жүректі шымырлатады. Мағыналы, мұнды өмір сазы оптимистік қуатпен, өршіл рухпен осылай тамаша үйлесім табады. Сондықтан, өлең құрғақ табынудан (сезімге), дағдылы дидактикадан аман.

Философтардың даналық пікірлерін айтпағанда, ұлы жазушы Достоевский құрбаидықсыз бақыт келмейтінін, бақытқа тек шыдам жеткізетінін айтты. Абай да ашық айтты.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.

Табиғаттың не қилы нәзік құбылысын ғажайып нәзіктікпен, зергерлікпен зерттеген табиғат, адам табиғатының білгірі И. С. Тургенев әйел тазалығынан қуат-қуаныш тапты. В. Гусев мынадай бір әдемі пікір айтады: «В Тургеневе, как художнике, нет ни грана пресловутой амбивалентности, двусмысленности, излома; он светел. Он светел и ду-

ховно и стилистически. Может, он о женщинах знает более, чем пишет, но как Полине Виардо он служит лишь как красоте, а не как хозяйке салона, так и литературной женщине он служит чисто по-рыцарски. Что же? Многие «реальные» женщины, изображенные в литературе — и где они? ...А великий тургеневский миф о женщине — он живет и приносит утешение человечеству»¹.

Міне, бүгінгі Мұхтар идеалы да осы ұлы тұлғалармен тамырлас жатыр.

ЖАНР ТАБИҒАТЫНДАҒЫ ОЙ МЕН СЕЗІМНІҢ РОЛІ

Қазіргі профессионалды поэзияның қанатталуында Айбергенов ықпалы елеулі. Төлегенге еліктеп өлең жазған ақындар да баршылық. Күні бүгінге дейін оның қайырымдары мен иірімдері поэзиямызда айқын аңғарылады. Бірақ оның бәрі терең тамырлы дәстүрді жаңалауға қызмет ете алмаса да, Төлегеннің өлең-өнерге әкелген желпінісін сезінбей қала алмаймыз.

Ай маңдай алуан дарынның,
Тері боп тамшылайсың, сен.
Сан жүйрік армандарының
Тұлпарын қамшылайсың, сен!

Бұл бейнелі, тылсым сырдың жеріне әркім жете бермейді. Мұнда ақынның бар болмысы жатыр. Таланттары не түрлі тағдыр шешкен дарындардың ала алмай қалған қамалдарын алуға, жете алмай қалған армандарын қууға аттанған ақын солардың «тері боп тамшылайды». Қандай қасиетті борыш! Мұндай еркін қимылды біз Махамбеттен, Қасымнан көріп едік қой. Бірақ Төлеген Қасымша:

«Жау жолына атам сені,
Бомба бол да жарыл, жүрек»

немесе «Өленнің қаптатармын отты сөлін» деп тұрған жоқ. Ол поэзияға тән нәзіктік пен лирикаға

¹ Гусев В. «Блики белого света». Студенческий меридиан, 1983. № 1. стр. 20—22.

тән сыршылдықты қоса меңгерген де өзіндік стиль даралығын қатты қадағалаған ақын. Оның стиль даралығы бүгін қазақ поэзиясында дәстүр қалыптастыруы тегін емес. Өзгеше, ауқымды талант екенін көрсетеді. Жанып өткен талантқа тағзым — адамдық қасиеттің ең тазасына тағзым. Әттең, ол жағы әлі қазақ сыны мен әдебиеттануында ашылмай жатыр. Өлең өзегіндегі сарын, құлақ күйі, тетігін тапқан ырғақ күйі тегіс осы қасиетпен тамырлас. Сондықтан «Сам жүйрік армандарыңын тұлпарын қамшылайсың, сен» дегенде стиліндегі әдемі толқын, музыкалы ырғақ мағыналы мазмұнмен сайма-сай келеді. Кейін бірнеше вариациялар тудырған мұндай оралымдар қазақ лирикасына Төлеген арқылы жетеді, бірақ Төлеген қол сермеген алтын ай тым алыста еді. Оның сөз саптауын нгергенмен, жан дүниесіндегі нәзік қылдың тербелісін ауыстыру мүмкін бе?

Шын мәнінде Төлеген қасиетті өлең сөздің бағын ашып, жұлдызын жақты. Шынайы музадан шөл қандырды. Сонымен бірге, қазақ тілінің иінін қандырып, өнер тілінің тетігін тауып берген «тұңғыштың» бірі еді десек түк те оған артық болмас еді. Өйткені, Төлеген өлеңдерін оқып отырғанда қазақ тіліне риза боласыз. Не деген астарлы тіл. Не деген нілгіш, жұмсақ тіл. Бауырыңды езіп жіберетін майдалық мамықтай үлпілдейді. «Сөз аңсап жүрген тереннен, сазан көз — мөлдір көз ем мен». Осы жолдардағы үйлесімнен, сөз таңдаудан туған талғам поэтикалық мазмұнға бай. Әдеттегі салыстыру, бағалаудан өзгеше. Бейнелік көзге ұрмайды. Тігісі білінбей шет пұшпағы көрінбей дөңгелене құбылып жүре береді.

Кезім менің!

Жатырсың жырақты ашып

Қызыл гүлді барады қыр ап қашып.

Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда

Мұнаралар басына шырақ тасып.

XX ғасырды бұдан артық бейнелі тілмен өлеңге айналдыру мүмкін емес шығар. Өндіріс, жұмысшы тақырыбы белгілі мөлшерде поэзияға, шабытқа көп көне бермейтін құбылыс қой. Төлеген соны жыр тілімен көркем лириканың жібек торымен-ақ тұзақ-

тайды. Мұны — сөз ойнату емес, ақын поэтикалық арсеналының кендігі деп бағалаған жөн. Иә, Төлеген творчествосы поэтикалық тілге бай, тым құнарлы поэзия. Қуатты поэзия. Себебі, сонша көк жиегі кең, кеңістігі шексіз көрінгенімен, жүйелілік бар. Өнер құпиясының тереңіне бойлатады. Тіл тылсымын анық сездіреді. Сондықтан оның өлеңдерін бір аспекте қарастыру мүмкін емес. Мөлдір жыр кең ауқымды эстетикалық талдауға сұранады. Мәселен, әлгі жолдардағы мінсіз төгілген лиризм, кідіріссіз еркін оқылатын ұйқас, уақыт таңбасы айқын танылатын өлең құрылысына күшпен емес, өзгеше үйлесім заңдылығымен кірігіп тұрған жоқ па? Қәнігі тұлпардай көсілгенімен ежелгі қара өлең ұйқасы емес, тармақ, буын саны әр түрлі ғой. Бұл кездейсоқтық емес. Уақытпен үндесу, уақыт шапшаңдығына, ерекшелігіне лайық түр іздеу, поэзия тілінде жаңалық ашу. Бұл жердегі ақынның негізгі жаңалығы — интонацияға байланысты болып тұр. Алғашқы жолдағы кең тыныс таза буынға шақсақ шықпай қалар еді. Сондықтан бір тармақ артық болып, әдеттегі төрт жол бес жолға айналып кетеді.

Қазіргі қазақ поэзиясында сыршыл өлеңдер аз емес. Төлеген де — аса сыршыл ақын. Өз сыры өлең сырындай, өлең сыры өз сыр-сипатына айналып кететіндей еді. Ол екеуі бірінен-бірі өткен бай еді, қазыналы еді. Оның арқасы ұстағанда поэзия аспанында қызылды-жасылды жасыл ойнатуы сондықтан. Тек сезімге тізгін бере отырып, өнер-өлең, тіл иірімдерін де сыр-сиқырын өзгеше сезімталдықпен меңгеретіндей еді. Ендеше оның творчествосында сезім — негізгі фактор. Жалпы поэзияға тән дидактика сарыны Төлеген өлеңдерінен мүлде сезілмеуі содан болар. Ол өмірдің прозалық жағымен беттеспей кетті. Өмірге ынтық, інкәр жан өзінің құштар көңілін паш етумен болды. Сондықтан оның жырларынан көктем гүл нісі бұрқырайды. Алайда, Төлегеннің сезім емес, суреткерлікке бой алдыратын өлеңдері де баршылық.

Жарған ем бүршік жанардың
Жалының балап арға мен,
Арқасыменен солардың

Аунаттым талай қарға өлен...
Секілді менің тағдырым
Тағдыры корабльдердің
Сан кепті менің жашарым
Көзінде лала гүлдердің.

Бұл жерде ақын — суреткер. Сезім жетегіне елікпейді. Басынан кешкен сұлу сезім, әдемі құбылысты баяндай отыра өлең өрнегін салады. Шашау шықпас сегіз буын өлшемі. Ұйқас қара өлең ұйқасы. Ақын жанының алауы мен өлең зері әдемі үйлесім табады. Сол баяндау тәсілінің өзінде образ бар. Қазіргі қазақ поэзиясында сезім жетегінен арылып, суреткерлікке бой алдырған алғаш ақындардың бірі де Төлеген Айбергенов еді. Төлегеннің бұл жетістігі де бүгін дәстүрге айналып отыр. Қаншалық игере алдық — өз алдына әңгіме.

Ақ қолғаппен құшақтап,
Сақиядайды қыс ақпан.
Өзен, теңіз, тау, төбе
Тегіс аппақ сәукеле.

* * *

Ақ қыс — сұлу ақ өлең,
Табанымның астында
Таңғажайып ақ әлем.

Осылайша өлең ақырғы нүктесіне дейін бір деммен шыққандай болып құйыла береді. 7-8 буынды жыр үлгісі Төлеген поэзиясында шабыт көзін ашатын кілтке айналып отыр. Бізге белгілі байырғы жыр үлгісі көбіне дәл осылай поэзия мұратын көздей бермейді. Психологиялық өріс бұл өлең өлшемінде Абайдан басталса, жанды динамика, асқақ романтика, нақты сурет нақ осылай келісім тапқан лирика қазақ топырағында Айбергенов қолтаңбасы арқылы туды десек қателеспес едік. Әлгі өлең:

Құлақ күйін он бұрап,
Төнелді аспан төбемнен.
Аппақ қардан омбылап,
Көктем іздеп келем мен,—

деп аяқталады. Қысты қызықтаған осы өлеңмен тең келетін өлең сирек. Қызықтау мен сурет тағы тең жатыр. Әдетте, сурет салқын тартып тұрар еді. Өйткені сезім кейінгі планға ыңғайласатын. Мұнда

керісінше, сезім нақты суретпен ұласады. Төлеген жалпы экспрессивтік мәнді сөздерден қорықпайды. Шабытқа сүйенуден танбайды. Алайда ол халықтық нпровизациядан гөрі жазба поэзияға тән стиль танытты. Мәселен, өзен, теңіз, тау, төбе тегіс аппақ сәукеле. Сәукелеге теңеп тұрған жоқ, балап тұр. Сәукеледен басқа толып жатқан нәрселерге теңеуге де, балауға да болар еді, қыс көрінісі бейнелі қабылдар да едік, бірақ осы жердегі «сәукеле» сөзінің орны бөлек. Маңайына көп сиқыр үйіріп тұр. Орыстың «Снегурочкасы» бізде жоқ ұғым. Ұлттық ұғымда жоқ нәрсені телу де қажетсіз. Ақын өзі көріп, түйсініп тұрған қыс суретін таза ұлттық мәнермен қабылдайды. Сәукеле бұл жерде синекдохаметонимия ролін атқарып тұр. Күнге шағылысқан аппақ қардай сан сәукеле маңайымызда әсем ырғалып тұрғандай. Біраздан соң, сәукелеңіз сәукеле киген қар аруларына айналады. Суреткерлік деп осыны айтады. «Аппақ қардан омбылап, көктем іздеп келем мен» тым астарлы символдық ұғым. Сергек серінің әлгіндегі гаиа көңіл-күйі, суықтан қорыққан жапырақтай жабыға қалуы көп нәрсені меңзейді. Сонда да ашылып-шашылмайды. Тым нәзік, тым бейнелі жеткізеді.

Соншама жаңашыл ақын өлеңнің ұлттық сипатын мөлшерден тыс тереңдете отырып, өнер рухына, жалпы адамзаттық қасиеттерге бас ұрады. Осы сияқты, өнер үшін ең негізгі қасиеттердің синкреттік жиынтығы Төлеген өлеңін асқақ етеді, өміршең етеді.

«Сан кепті менің жаңбырым, кезінде лала гүлдердің». Ешкімде жоқ жаңа оралым. Осы бір тамаша сурет астынан жаңбыр мен гүл иісі бұрқырайды. Екі жол арқылы бізге жететін сурет — ақынды аңсап көз жасын сан құрғатқан сұлу қыз. Сұлу қыз — лала гүл де, жас-жаңбыр. Гүл мен жаңбыр. Гүл жаңбырсыз көктемейді. Яғни, көздің жасына баланып тұрған жаңбыр бұл жерде гүл суарушы, жаңалап тазартушы ұғымда алынып тұр. Осының бәрі қосылып, шынайы, мұңды, әдемі көрініс жасап тұр, көз жасынсыз қыз әдемі көрінер ме? Жан тұнығы мөлтілдеген әсемдік — ару қыз табигаттың өз үйлесімімен (гармониясымен) дәл қиюласады.

Параллель алынып отырған екі ұқсас заттың сыры мен шыны бірдей ашылады. Бақсақ, сол параллелизм өлеңдегі бұрнағы тәсілдермен емес, жаңа тәсілмен жасалады, нақты ұғымнан гөрі символ мәндес тың образдар тудырып тұр.

Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен,
Омырауын шерге толтырып,
Апталап, айлап таңдайын мейлі

тасбауыр шөлде құргатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен
мәңгілік тіпті күн батсын.

Шалкиіз, Асан қайғы сарыны естіледі. Бұл дарындылықтың ғана емес, арналылықтың белгісі. Көріп отырғандай жоғарыдағы шумақтағы образдылық мұнда тіпті де тереңдеп, ұлттық характерге ұласады. Мазмұн байлығы мен шеберлік шындалып бара жатқаны байқалады. Бұл өлеңді қазақ өлеңінің құрылысын зерттеушілер «тың түр» деп жүр. Бірақ оның төркіні бар. Ғайыптан пайда болған жоқ. Әсіресе, жырау толғауларында философиялық ой айтуға көбірек пайдаланған форма. Ескеретін жалғыз нәрсе — 14-15 буынға лайықты жазылған бүгінгі өлеңнің көбі бізге бұл сарынды естірте алмайды. Сарындас болу үшін де өте көп дүниенің ортақтастығы керек сияқты. Ендеше буын саны бірдей өлеңнің бәрін көркемдік табыс ретінде қатар қою әбестік. Өйткені, оның бәрі дәстүр жаңалау емес. Мазмұнмен астасатын рухтастық та емес.

Иә, Төлегендегі арналылық деп отырғанымыз халықтан шыққан философтардың тамыр тартар тереңіне бойлай алуы. Адамнан зерек аруананың әлгі қасиетін Төлегеннен гөрі, онымен көп сыр мінез болған, жанарынан жанын ұғып, қасиетіне табынған халқымыздың көне көсемдері еді ғой. Табиғаттың, адамның ортақ сырларын, киелі қасиеттеріні данышпандықпен пайымдап, ұрпақ құлағына саналы сөзбен де, нар идірген күйімен де, қаймағы қалың қара сөзбен де санамызға жеткізген сол дарынды бабалар болатын. Табиғатты арда емген сол дала қырандары еді. Адам баласын табындырған құдыретті өнер таза ақылдың жемісі емес, ақ-адал

пәктіктің, сезімтал-көрегендіктің де көрінісі болуы керек. Бәлкім Төлегендегі таусылмайтын шабыт көзі ұлттық дәстүрдегі осы қасиетпен тамырлас шығар.

Апталап, айлап таңдайын мейлі
Тасбауыр шөлдер құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен
мәңгілік тіпті күн батсын,—

деген жолдардың берері де, айтары да мол. Ақынның меңзеуінде үлкен мән бар. Ұлттық характер терең отаншылдыққа, бәлік парасатқа, айнымас тұрақтылыққа бояуын қанықтырады. Сөйтіп барып айқындалады, өзіндік жота, мінез танытады. Сол арқылы өнерге де, өмірге де тиск болатын «эпицентрді» дәл табады. Себебі өлеңнің негізгі элементі символ бұл жерде философиялық ауқым алып кетеді. Ең бастысы — осының бәрі өлеңге көркемдік шешім тауып жатады. Түсіндіру емес, әсер арқылы жүрекке жетеді. Еріксіз өзіне баурап алады. Ендеше, Айбергенов өлеңдері өнерлік те, өмірлік те миссиясын бірдей өтейді. Түр мен мазмұнға бөлінбейді. Бүгінгі ақындарымызда осы қасиет жетісе бермейді. Сондықтан Айбергеновтің осы артықшылығы даралана береді. Төлеген шын мәнінде поэзия жұлдызы еді. Ол «Табиғатпен бетпе-бет» деген өлеңінде өзі туралы:

«Тек менімеп бақыты бар даланың,
Менің қолым ертеңді қамшылар
Тек ұшымен мен ұстаған қаламның
Сатыр-сұтыр ұйқасады тамшылар.
Менің жаным лириканың жинағы,
Тарауларының биіктеткен мерейін.
Менің кеудем ерекше бір күй бағы,
Бұлбұлыңның бүлкідеткен көмейін.
Ең сұлу нұр саған менен тараған
Мен болмасам көкірегіңде толар мұң.
Кешіре гөр, жаратылыс — жан анам,
Тентектікпен қатты айтқан да болармын».

Өзін-өзі жаза баспай өнер деңгейінде тани білуінің өзінде қаншама талант жатыр. Өнерде сәл жалғандық немесе артық-ауыс сөз дүниенің бәрін бүлдірер еді. Ал, дөп қағылған жалғыз шеге өнер үшін аса маңызды. Төлегеннің жоғарыдағы өлеңінің шынайылығы соншалық, автор атынан айтылған сөз емес,

өмір шындығының бар қыры жете танығандай әсерде қаласыз. Өзгеше бір сырлы дүниенің ішіне енгізеді. Поэзияның өзгеше бір құпиясын ашып, құдыретті аруағына табындырады, бас игізеді. Мұнда сенім сөз жоқ, ақиқат айғағы ғой. Қалай дегенде де Төлегеннің көп өлеңдерін шеберлікке де, сыршылдыққа да телуге көнбейтін киелі қасиеті бар. Әдеби терминдермен тұзақтауға обалсынасың. Сөзі — құдыретті, сезімі — пәк, жүрегі — жалың, көзі мұңды...

Жалынан тарта шапсам қай күреңнін,
Мен қатар қуаныш пен қайғыны емдім.
Туған жер халқын сүйген азаматқа
Екен ғой таусылмайтын қайғы мен мұң.

Алдымен азаматтығына, жайсаң-жанына бас ұрасың. Сонан соң барып, саналы сабырмен сыр тересің. Осы төрт жолға бір кісінің саналы өмірі сыйып тұрған жоқ па? Жалаң дидактика, арзан патриотизм осы өлеңнен кейін су бетіне өзі-ақ қалқып шығатындай. Шынайы сезім шын шабытқа арқау болады, қолдау табады. Ақын жаиының жайнап тұрған жазын еш интеллектілік өлшемге яғни «ақылды» поэзияға айырбастамауы сондықтан. Қайта, әдеби білігі артқан сайын сезімі ашыла түседі. Ортамен қарым-қатынасы арта түседі. Оның талантының ортаймауында, қайта тынысы кеңейе түсуіне өзімен-өзі тұйықталмауы себепші болады. Өз жүрегінің әнін көптің жүрегіндегі әнмен жамырата табыстырады. Сол ғұрым дала жұпарын көрік-көкірекпен тоймастай жұтады. Оның суреткерлігі салқын қанмен емес, дүниеге іңкәрліктен, өзгеше құмар көңілден шалқып шығуы содан. Сондықтан оның поэзиясы оттағы май секілді еріп тұрады. Жанының көк теңізі қашанда толқынды. Тышшымайды. Тек қимылға, тек жанды өмірге шақырады.

Белинский Пушкиннің көркем творчествоны қаты мойындағанын, өмірдің кереғар жақтарына көп ұрынбағанын атап өтеді.

«...И в самой истории так же как и в природе, видел только мотивы для своих поэтических вдохновений, материалы для своих творческих концепций, — дей келе — лирические произведения Пушкина в особенности подтверждают нашу мысль о

его личности. Чувство, лежащее в их основании, всегда так тихо и кротко, оно всегда проявляется у него в форме, столь художнически спокойной, столь грандиозной!» Яғни әр ақынның жаратылыс ерекшелігіне қарай туған өлеңдер әр мінезді бола береді. Мәселен, Төлегеннің алау жырлары ақыл таразысымен, салмақпен өрнектелетін Жүмекен жырларымен сапалық жарысқа түсе ала ма? Иә, болмаса, таланттары тамырлас Мұхтар Шахановтың өмірлік драматизмі Төлегеннен көре алмауымызға күдіктенер ме едік. Төлеген табиғатында сезім мен сурет ажырамайды. Басына қонған бақты ол Пушкинше түсінеді, басқа дүниеге алаңдаса бар асылынан айрылып қалатындай көрінеді. Ол шын мәнінде өлеңмен өмір сүреді. Ол осылайша берілді, өзін өлең жолына шалды. Өлеңнің «отты селі» көзін қаптап өмірдің драмалық, прозалық жақтарын көрсетпеді. Оған біз реижу орнына, поэзия атынан мол қарыздармыз.

Күн бикеш көк жиектен құлап кеткен,
Самал жел сыбырайды құлақты өпкен.
Сүнгітіп тереңіс жұлдыздарды
Сақырлап қайнап жатыр бұлақ біткен.

Сезім мен сурет дегеніміз осы. Жұлдыздар бұлақтың ішінде жай қайнап жатқан жоқ, сарқырап қайнап жатыр. Ол сезім күші. Ақын дүниені сезім арқылы қабылдайды деуіміз жоғарыда сондықтан. Төлегеннің әсемдікті бағалау, есту қабілетін сол жұлдызды қайнатып жатқан бұлақ айқындап тұр ғой. Түнгі бұлақты қай ақын осылай көре алады? Мөлдірліктің, әдеміліктің символы бұлақ талай ақынның шабытын оятты, әсемдікке жетеледі. Бірақ олардағы түсініктің сәулеленуінде, өлеңге айналып бейнеленуінде жалпыға тән, көз көріп, құлақ еститін қашықтық қана көрініс береді, белгілі дәрежеде сезіміңізді оятқанмен, көзсіз биіктікке сұңқарлардай жол сала алмайды. Қиялыңызды қанаттандырып, жаныңызды шын алмаспен суара алмайды. Қандай сурет болсын, фотоға түсіргендей дәлдікпен көркемөнер мұратын өтей алмайтыны қашаннан мәлім. Сол сияқты дерексіз абстракция да өнерге өз үлесін қоса алмайды. Ендеше, өлең мен өлеңшіліктің жолы екі басқа.

«Нар қамыс сусылдаса жер бауырлап, бақалар тамсанады тандай қағып» бірінен-бірі өткен осындай образдар «дала-дала» деп аһ ұрған құрғақ жайдақтықтың күлін көкке ұшырып, туған өлкеңе деген шынайы сезімді оятады. Өзгеше тылсым әсемдігін дөп жеткізеді. Көзден де, көңілден де кетпейтін сурет салады. Даланы аңсай сағынасың. Туған жерді тұншыға бауырыңа басқың келеді. Өлең мен өмір осылай алмасады.

Шын өнер қуатымен туған дүниенің поэтикалық сыры мен қабаттары да әдеттегі талдауды көтере бермейді. Өзгешелігін айтуға сұрапады. «Күн-бикеш көк жиектен құлап кеткен» деген ерке, еркін жолдағы бейнелік, сөз қолданыстағы шеберліктің ұлттық поэзиямыздың түп-төркіні болғанымен, өзіндігі де мол жолдар.

Туған жерді ақынның бәрі де жырлайды ғой. Әр қайсысының өз орны бар. Ал, Төлеген өмір бойы туған жеріне ғашық, оның табиғатына өзгеше іңкәр (ғұмырының қысқалығын секемшіл жаны сезді ме, кім білсін?). Бұл құбылыс оның бүкіл творчествосының арқауы десе де болады. Ол туған жерін өзінің тал бойындағы барлық қасиеттісіне балайды. Ол туралы сөйлегенде баладай егіліп, данадай көсіледі. Сәбндей тазарады.

Шынында мен үзбей жүрген
Көктемгі бір гүлімбісің.
Телегей-теңіздей сырмен
Тебіренген бұлбұлымбысың?

Бұл жолдар арқылы Төлеген қазақ лирикасының көркемдік көгіне өзгеше өрнек әкелді. Сезімді бейнелеу құралдары тым тосыи, тым жетілген. Бұл сезім сәулесін, суреттеу ғана емес, яки субъектінің объектіден алған тікелей әсері күйінде емес, объектінің субъект лабораториясында оның алуан түрлі сезімдік реакцияларға түсуі. Ақынның сол көп қырлы сезімі бір жақты не жалпылама абстракциялық ұғымдарға айналып із-түссіз кетпей, нақты ұғымға бас тірей отырып қиялды шарықтатады. Бұрын біздің қазақ поэзиясы сезімді абстракциялы бейнелеу тәсілін көбірек пайдаланғанын. Ол әсіресе ауыз әдебиетіне тән дағды болатын. Абайдан бастап күрт өзгерген бұл тәсіл Төлегенде айрықша көркемдік

деңгейге көтерілді. Ешкімге ұқсамай өзіндік өрнек тапты.

Өлеңнің композициялық құрылысының өзі өзгеше. Өңкей сұраулы сөйлемге құрылған, поэзиямызға әбден қалыптасқан үлгідегі монолог емес. Өлеңнің драматизмін күшейтіп тұрған риторикалық сұрау мәндес сөйлемдер Махамбет өлеңдерінің құрылысын еске салғанымен көркемдік шешім басқа. Мұнда Махамбеттей (мысалы: «Қызғыш құс») психологинлық параллелизм емес, символдық ұғымға бастайтын астарлы метафора, жігі білінбейтін тұтас теңеу, эпитеттер тізбегінен тұрады. Туған жерді гүлге, әнге, бұлбұлға теңеу, балау поэзияда көп кездесе қоймайтын тәсіл. Бірақ Төлеген баламасында осылар өзгеше жарастық тауып тұр. Неге? Төлегеннің көркемдік тәсілі күрделеніп тұр. Төлегенге дейінгі классикалық поэмада метафораның күрделі түрі мен метафоралық эпитеттің кездесіп отыратынын жоққа шығармаймыз. Мысалы: «Демалысы — үскірік, аяз бен қар» бір нәрсені бірнеше нәрсеге балау. Немесе «Мен — тауда ойнаған қарт марал» бір нәрсені екінші нәрсеге балау үшін әуелі балайтын нәрсені суреттеп алу. Әйтпесе «Иісі — гүл аңқыған» Иісі жай гүл емес, аңқыған гүл. Бұл жердегі эпитет Қ. Жұмалневтің анықтамасы бойынша метафоралық эпитет. Ал, жоғарыдағы Төлеген қолданылып отырған метафоралық эпитеттің құрамы, өлеңдегі қызметі әрі күрделеніп, әрі кеңі түскен сияқты. «Мен тауда ойнаған қарт марал» дегендегі маралды анықтап тұрған үш сөз, яғни күрделі метафора маралдың сипатын ғана білдірер еді. Ал, Төлегендегі туған жерді гүлге балап отырған гүлдің алдындағы анықтайтын сөздер саны біріншіден, алты сөзге дейін құрамы өскен, екіншіден, гүлдің сипатын емес, ол сөздер гүлдің — туған жердің символдық мәнін — ақынның терең сезіміндегі мәнін ашып тұр. Сонымен тығыз астасып жатыр. Яғни, суреттеу шеберлігі сезімді әлі де болса дәл, бейнелірек жеткізудің биігіне қол созады деуіміз осыдан.

Өлеңнің алғашқы тармағындағы осы тәсіл өлеңнің өн бойында бірдей қайталанатын. Онда да тұрақты буын өлшемімен (8 буын) симметриялық тепе-теңдік сақтайды. «Бұлбұлдың», «Әннің» ал-

дындағы эпитеттерге назар тігіңіз. «Гүлдің» алдындағы эпитет мәндес. Бұрын-соңды бұлбұлдың алдына «телегей-теңіз сырмен тебіренген» деген эпитетті ешкім қойып көрген жоқ. Әннің алдына «Көгімнің қаз әнімісің» дегенді де кезіктіргеніміз жоқ.

Міне, Төлеген бейнеліліктің не түрлі қыртыстарын осылайша тыңнан іздестіреді. «Аспанға шапшылып қалған ақ сүңгі заводтармысың». Ақын рухани дүниесінің барлық негізі мен тылсымын туған жерден таба отыра, немесе соған балай, екеуін тұтастыра отырып, жоғарыдағы жалғыз сөйлем арқылы бүгінгі жасампаз өмірдің жанына жат емес екенін білдіре кетеді. Тұтас өлең композициясындағы осы бір шағын деталь өлеңнің түйіні, ақынның негізгі концепциясындай.

Ендеше ақын интеллектісі сезімнің құлы емес, керісінше, ондағы рух асқақтығы материалистік негізден өрбиді. Болмыстың өзінен туады. Ал өлеңнің эстетикалық өрісі, ұшқырлығы ішкі сезім иірімдерінің қуаттылығы жағынан да қазақ лирикасының биігінде тұр. Төлегендегі нәзік сыршылдық оның асқақ арынымен үндесе кетеді. Ой, сезім күрделілігі оның стиліне де өзгеше ықпал жасамай қоймайды. Жоғарыда біз талдап өткен күрделі метафора мен метафоралық эпитеттер соның айғағы. Алдымен, ой мен сезім тығыздығы көзге ұрады. Сол сабақты сезім тұтастығын сақтау үшін ақын қазақ лирикасында көп қолданыла қоймайтын 12—14 буынға көбірек қайырылып отырады. Бейнелі тілдің небір үлгілерін тудырады. Бұл салада нақты зерттеуді қажетсінеді-ақ. Сайып келгенде, қазіргі қазақ поэзиясында оның ішінде лирика жанрының аспандай қанат жаюына Т. Айбергенов ықпал жасады. Жаңа бағыттағы көркемдік даму тенденциясының мықты бір қазығы болды. Себебі, қазіргі қазақ лирикасында өзіндік жол, жаңашыл дәстүр дамытқан Қадыр, Өтежан, Мұхтарлар (Шаханов) өлеңдерінен кейде Төлегенді ұшыратсақ, таңдануға болмас. Кейбір салыстырулар жасап көрейік, Төлеген:

Жыл сайын сан өзгеріп дала мынау,
Мен де осы кексе тартып барамын-ау,
Жоғалтқан ақ қайындар арасында,
Он жетім, сенде жүр ғой, қарағым-ау!

Қадыр:

Боз дала құшағынды аш қызың келді
Боз тарта бастадым-ау өзім де енді.

* * *

Бой жеткен бұла қызға хабар беріп,
Боз жорға кісіней ме қыр астында?

Ешбір еліктеусіз дара талант ерекшелігімен туған
екі өлеңде үндестік, сарындастық сезілмей қой-
майды.

Төлеген:

Сәкенбісің, жазбаған Қасымбысың,
Әлде менің маздаған жасымбысың,
Әлде сен өзгеше бір ғұмырмысың,
Немесе менен басқа ғасырмысың?!

Мұқағалида да, Қадырда да кездесетін қайырма-
лар. Қайсысынан қайсысына жүкса да 60-жылдар
лирикасында бір соны леп еді. Лириканын түрлік,
мазмұндық даму тенденциясының айқын бет алы-
сындай. Әрі қарай бұл ақындар мүлде өзіндік стиль
қалыптастырды.

Төлеген табиғатты өте көп жырлаған ақын. Он-
да да пафос пен суреттің терезесі тең жатады. Тәу-
елсіз, табиғаттың объективтік бейнесін жасайтын
өлеңдері де аз емес.

Ұқсаған көктегі ай асқақ шамға —
Аспанға бейне шоқтан басқан таңба.
Жұлдыздар жез шегедей жымьыдаған.
Шашылған ақ шекердей дастарқанға.
Суықтан дала жатыр тымауратқан,
Мұртына теректердің қырау қатқан.
Айналып қуғыншы жел жүгіріп жүр.
Әуілдек үрген иттей құр аулақтан.

Міне, бұл «Желсіз түнде жарық ай» дәстүрі. Ал,
кей тұстарда ақын жаны табиғат тылсымына еріп
бара жатса да сезімнен гөрі суреткерлігінің басым-
дығын көрсетіп отырады. «Аймалап ерке желі жан-
денені» деген жалғыз жолда қаншама сезім күші
жатыр. Бірақ барыиша поэзиялық тілге бағынып
түр. Жүрек тілімен емес, поэзия тілімен сөйлейді.
Осы жалғыз жолдағы сезімді жалаң көрсетіп ал-
мау үшін әрі қарай әдеттегідей табиғаттың әсем
көрінісін табиғи бояулармен келістіре суреттейді.

Сезімге бай, ойға жүйрік ақын субъектісің, интелектің объективтік шындық сәулесі ұштай түседі, жетілдіреді. Гете, Лермонтовтармен оны жақындастыратын жер — осы.

Аймалап ерке желі жан-денені,
Бозарып қылаң беріп таң келеді!
Малынып шығар күннің шұғыласына
Көк құрақ мың құбылып сәнденеді.

Төлеген бұл орайда табиғатты суреткерлікпен бейнелеумен қатар табиғатты жан жүрегінде әлдилейді. Сәбиің әлдилеп отырған ана секілді. Осы қасиетімен ол өзіне дейінгі табиғат жырларына биіктей алады, ерекшеленеді. Міне, Төлеген Айбергенов бір ғана табиғат лирикасының көркемдік көкжиегін кеңітіп, поэтика арсеналын байыта түсті дегенге біраз мысалдар келтірдік.

Төлеген поэзиясын даралағанда, жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның өмірдің драмалық жақтарынан поэзияның асыл мұратын, жасампаздық құдыретін жоғары қоятынын баса айтқымыз келеді.

Басқасынан ажалым жетпес менің,
Жауыздықпен өйткені шектеспедім.
Мен жарақат салмаған семсер едім,
Сондықтан жаркылдаймын,
Әйтпесе өтпес те едім.
Өле берсін күншілдер күйігінде
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен өлемін өзімнің биігімде.

Бұл — сөзбен шындықты айта білген қабілет қана емес. Поэзиямен түлеген рухтың асқақтығы. Көрегендік қана емес, көсемдік. Поэзия сынды құдыреттің көсемдігі.

* * *

Поэзияның өнер мүлкі ретінде қыр-сыры мол жанр. Сезімнен тыс поэзия болмайды. Оның ішінде лирика тікелей сезімдік туынды екені мәлім. Алайда, әр ақынның сол сезімді поэзияға өзек етуінде эстетикалық арсеналдары түрліше. Сондықтан мұндай жағдайда өлшем талант ерекшелігі болуға тиіс. Әсіресе, лирика ядросы — сол.

Күрделі теориялық ойға, ғылыми талдауларға арқау болатын негізгі объект ең алдымен талант қырларында жатыр. Айту мәнері шабыт көзінде жатыр. Жанрдың бұл табиғи болмысының үстінен теория іздеу, табиғатынан тыс графикамен шұғылдандану көркемөнерден бізді алшақтатпаса, жақындатпайды.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында сөз сырын, поэзияны В. Белинскийше тану мәселесінің айрықша бір тың қуатпен алға қойылып отыруы тегін емес. Бұл методикалық мәселе ғана емес, түбегейлі методологиялық сауал. Яғни, таным мен талдауды ұштастыру жанр жаңалығы, жанр қасиетін теориялық моделдеу тәсілімен емес, талант ерекшелігімен, өнерлік-танымдық тұрғыда табандылықпен талдауды алдыңғы қатарлы азамат-ғалымдарымыз қолдап, қорғап отыр.

Қазіргі қазақ поэзиясының қос жұлдызы — М. Мақатаев пен Т. Айбергеновтің поэтикалық ерекшелігін жанр табиғатымен сабақтастыра қарастыруымызда да осы мақсат көзделді. Неге десеңіз, шын мәнінде бұл екі ақын арқылы қазақ поэзиясы ой мен сезім тұрғысынан классикалық дәрежеге көтерілді. Жалпы ой мен сезімсіз поэзия болмайды дедік жоғарыда. Бірақ оның творчествода іске асуы, көрініс беруінің тағы да табиғи заңдылықтары ішкі жанрлық түрлерге, ерекшеліктерге саяды. Белинскийдің Шиллер, Гете, Пушкиннің ақындық ерекшеліктерін саралайтын тұстарын еске түсірейікші. Сыншы ақын лабораториясын жетік білумен бірге оның негізгі қасиеттерін жинақтап, топтап ғылым мүлкіне айналдырды, басқа жанрда олардың типтік тұлғаларын сомдай білді. Сыншы еңбегінен поэзия лебі есіп тұрғанымен бажайлап қарасақ сөзінің нақтылығымен, ойының анықтығымен өте нәзік тәсілмен зерттелген ғылым еңбек екеніне көз жеткіземіз. Сезімнің, көркемдіктің (яғни өнер) қалың қабаттарын аша отырып, олардың нәзік иірімдерін бір-бірінен шатыстырмайды. Оның бәрінің басын құрайтын жібек арқауды сыншы берік ұстап отырады. Иә, бұл сияқты поэзияның табиғи классификациясын жасаудың өлең жөніндегі танымды тереңдетуде маңызы зор. Шын мәнінде Бе-

линский ақындарды жіктегенде олардың дарын даралығын негізгі нысана етеді. Осының бәріне ғылыми, жаңаша формулировка берсе, сөз жоқ, бүгінгі күннің көкейкесті мәселесімен орайласа кетер еді.

Ой мен сезім мәселесін біз неге бөліп алып отырмыз? Лирика басқадай эстетикалық атрибуттардан гөрі ой мен сезімнің биіктігімен өлшенеді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ поэзиясының аспанына сөнбес жұлдыз жағып кеткен ақын — Мұқағали Мақатаев. Ол соңғы минутына дейін армансыз жанып өткен ақын. Тағдырымен, ажалмен бетпе-бет келіп сан-сайыста оның рухын жеңгізбеген де сол ой мен сезім күші еді. Бойын жеңген ажал оның ақыл-ойын, сезімін жаулай алмады. Керісінше, күрес үстінде, әлсіз жүрекпен-ақ ми қатпарындағы сезім сәулесі сыртқы өмірдегіден де артық бояумен, өмірден де артық құдыретпен, өзгеше бір ой ағыны тасқындап құйылып жатты: Ол поэзия қуаты — сезім қуаты болатын. Адам рухын асқақтатқан сол сезім құдыретінен поэзия жаратылады. Ол — ақылдан да, әлемдегі бар тіршіліктен де биік өзіне бас игізетін тылсым күш. Мұқағали ешкімнің уысына ілінбеген осы тылсыммен тыныстады. Осы тылсымның сырын ашты. Қазақ лирикасын осы тұрғыдан байытты.

О, Муза,
Тағдырыма немісің?
Күрсініп, көкірегім, күйеді ішім.
Мен сені жаңартам деп келгенім жоқ,
Сен мені жаралғансың сүйеу үшін, —

дегенде ол өнер аруағын армандап отырған жоқ, нық тірестіре қатар отыр. Тең отыр. Өлеңдегі реалистік сипат — сол. Ал, бұрын поэзияда муза қашанда романтикалық сипатта жырланатын.

Мұқағалидың поэзиядағы аруағы мен арқасы біздің өткендегі арқалы ақындардан мағыналық та, мазмұндық та жағынан ірге бөле бастайды. Біздегі арқалы ақындар көбіне импровизациялықпен шектелетін. Оның бәрінің жиынтығындай Иса творчествосы дара тұр. Ал, Мұқағали Исамен тікелей сабақтаса алмайды. Тамырынан нәр алғанымен өзгеше өнім береді. Мұқағали Абай, Қасым дәстүріне бой

ұсынды. Әлем әдебиетінің озық жетістігі қайткенде де ұлттық сананы, ұлттық болмысты жаңалады.

Үнемі жаңара жетіліп отыру — өнер біткенге тән сипат. Дүние жүзі мәдениеті тек осы жолмен ғана жетіліп келеді. Шыңдала тазарып келеді. Ендеше Абай арқылы жер бетіндегі дария мұхиттар мен ұлттық жыр бұлағының жалғасуы да заңды құбылыс еді. Мұқағали осы мектептің түлегі. Халық поэзиясының бар құдыреті шоғырлана келе дара тұлға арқылы жарқырай көрінетіні бізге өнер тарихынан мәлім.

Ал, Мұқағали бұлардың биігіне қай тұрғыда көтеріле алды? Осыны кім біледі? Абай мен Пушкинді туғызған тарихи кезең ұқсас. Әлбетте, поэзия тарихының кезеңі. Өсіп-жетілу эволюциялары ұқсас. Яғни, объективтік-субъективтік жағдайлардың толысып пісуі бірдей. Міне, ғасырда бір рет туатын бірегейлер осылайша тарихи үндес еді.

Жоғарыда да айттық, Абай, Пушкин, Лермонтов творчестволарын жетік білу арқылы қазақ поэзиясын Европа мәдениеті деңгейіне көтерді. Жаңа сапа енгізді. Талант қуатының қайнар бұлақ көзін тапты. Алайда, бұл ұлы тұлғалардың ақындық сыр-сипатының барлығы бірдей еді деген сөз емес. Сөз саптаудағы ұлттық ерекшелікті айтпаған күннің өзінде талғам, ойлау мәнері — поэзиядағы ішкі ырғақ тұрғысынан екі ақынның өз ерекшелігі жеткілікті. Ол — өз алдына сала.

М. Мақатаев творчествосының бастауы да осы жер. Оған Пушкин мен Лермонтов емес, «қазақтың қара өлеңі құдыретім» дегізіп отырған да солардың мәдениет биігін игергендігінің белгісі деп қарауға болады. Неге десеңіз, қазақтың қара өлеңі бұрын бұлайша ой мен сезім кілтіне реалистік жолмен көтеріле алған жоқ-ты. Жазба әдебиеттің Абай дәстүріндегі сұңғыла тұлғасы Мақатаев еді деу ләзім сондықтан. Поэзиядағы ой мен сезімнің кемелдік алуы, егіз өрімдей бір-бірімен астасуы, өзгеше бір бусана, бұла күш танытуы — субъект тегеуірінінен хабар береді. Абайдан да, Пушкиннен де еиші алатын тұс — осы тұс. Әбекең Абай мен Мұқағалидағы талант күшін Пушкинмен тым жалпы мағы-

нада салғастырады¹. Ал, шын мәнінде олардың іштей үндестік жақтары да бар. Дүние қабылдау, бағалау, айту тәсілі жағынан бұлар бір-бірімен рухани туыс. Ақын өз ойынан қаншалық сезім кешсе, телегей-теңіз сезімнен ой түйеді. Осыдан оның рухы асқақтайды. Сөйтіп, адам пешенесіне біткен сезім атаулының кульминациялық нүктесіне көтеріледі. Яғни, өнерге, поэзияға тән сезімдік сатыға жетеді. Сөйте-сөйте субъект объектіге айналады. Мұқарали творчествосы осылардың толық айғағы.

Оның сол ойлы сезімі — бір өмір. Ғұмыр кешесін, тыныстайсың. Ой мен сезімді бұл жерде бөліп тастай алмаймыз. Сезім күші ме, жоқ әлде қызулы сезімнің тұтануына ой түрткі ме? Ажырату қиын, қажет те емес сияқты. «Бейуақ інірдегі көңіліме күй болып күңіреніп енші далам» деген жолдарда ақынның сарғая күткен сағынышынан гөрі уыздай ақ махаббаты басым. Күйректік емес, күрескерлік, мұң емес, жігер ғой. Контексте «дала» деген сөзі синехдоха қызметін атқарып тұр деуімізге тура келеді. Өйткені, бұл жалғыз сөзге көп мағына сыйып тұр. Жалқы арқылы тым жалпыны меңзейді. Халық деген ұғыммен ұштасады. Оның тағдырын, өнерін, жайсаңдығын, асылын, жасығын, ойпаңдығын, улылығын, кішілігін ақын түгел құшуға әзір. Ақын осының бәріне ортақтасады. Ақын осының бәрін сүйеді. Ақын осының бәрін қылша мойнымен өрге сүйреуге бар. Неткен күш, неткен еңбек, неткен сезім! Ақынның әрбір өлеңі осындай ұлы мақсаттың бір-бір шақпағы. Бірақ ақын сезімін жарнұламайды, сезімін шағады.

Өзін-өзі қызықтаудаң, түсініксіз бұлдырлықтан ақын аулақ. Жұрттан тон-теріс айналмайды. Сондықтан оның әр шапағы анық, айқын, таза халық тілінде жетеді.

Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:

Анау жерде — құрбылармен алыскам,
Анау жерде — құрбы жанмен табыскам,
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,

¹ Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы. Қазмемкөрөд-бас, 1960, 482-бет.

Таулар әне ұйықтап кеткен даньшпан.
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан.
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Осы жолдарда керемет сурет жатқанымен ақын осы жолдар арқылы суреткерлікті мұрат тұтып тұрған жоқ. «Сүйем» деген сөзді бір рет те естімейміз, бірақ мұнда суреттен сезім басым. Тілдің ұшымен емес жүрекпен сүйген ақынның сезімі де қарапайым, жер бетіндегі адамға тән, түсінікті сезім. Қазіргі көп ақындарымыз «Сүйемсіз» сөз сабақтамайды, соның салдарынан поэзиядан гөрі өзін-өзі жариялау болады да шығады.

Мұқағалидың шынайы ақындығы, поэзиясы осы фонда анық көрінеді.

«Шабындықтар, Егістіктер, Тоғайлар. Төбелердің төбесінде көк айдар. Ақ сағыммен араласып аулаққа, сағым болып бара жатыр көп ойлар» әлгі жолдардың жалғасы. Әлгі сезім шабытқа айналып бара жатыр. Сезім шарықтау шегіне көтеріліп келеді. Бірақ стильде бәлендей өзгеріс жоқ, бар болғаны сезім қоюланған сайын, сөз маңызданып барады. Яғни, сезімнің шарықтауы — ойдың бастауы екенін ақын өзі де айтып отыр. Қашанда биік сезім ойға жетелейді. Сезім ләззатымен тұңшығып қалу ақындарда көп кездесетін жәйт. Мұқағали поэзиясының кеңістігі кеңі түсетіні сол, шырқау сезімнен ой өріс алады. Қанаттанады. Бұл, әрине, талантты ақындарға тән қасиет. Сол ойды түйіндегенде барып ақын жаны тоят тауып, тыныстайды. Шырқау сезім шешіледі. Көріп отырмыз, шағын өлең күрделі шығармаларға тән композициялық құрылысымен ерекшелседі. Мына жолдар:

...Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен!

Шығарманың шешуіне лайық. Лирикалық өлеңде мұның бәрі сезімнен өрбіп жатуы шағын туындыға табиғи рең береді. Яғни, ақын сезімінің ғана құлы емес, оймен тиянақтауға машық.

Мұқағалидың өте көп өлеңдерінде сол биік се-

зімді жырлау, сол биік сезім билеген күйін шерту негізгі орын алады. Өлеңнің мазмұнын құрайды.

Осы шынайы сезім оның творчествосының соңына қарай алмастай суырыла түседі. Ақынның қалыпты, шуақ жаздай лирикасы сезімдік драматизмнің шытырман үлгілерін туғызады. (Бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз). Ал, негізінен Мұқағали қайталап айтамыз, анықтықты сүйеді. Реализмге бас ұрады. Бос қиялға берілу, жел сөзге желек арту— ақынға мүлде жат қылық. Оның романтизмі шын мәнінде реализммен қанаттас. Бұл әдістің поэзияда салтанат құруына ақын қосқан үлес мол. Бұл — ерекше назар аударарлық мәселе. Оқыған жерде ұмыт қалатын арзан өлең, жалған сезімді өмірдің өзімен суарылған Мұқағалидың бағалы жырлары жер бетінен ысырып тастағандай. Өзі ғана шолпандай сәуле шашады. Өзі ғана зорайып иелік ететіндей.

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,

Қайтейін кетті бәрі қараламай.

Айтарын ашып айтқан абайламай.

Дарига-ай,

Махамбеттер, Абайлар-ай!!!—

деген қарапайым ғана, ауыз екі тілдегі өлең ұйкасында терең, ақындық кредо жатыр. Абай, Махамбет мектебіндегі өмір ғой ақынның көздеп отырғаны. Ынтығы да, жыр етері, пір етері де сол — өмір. Оның өлеңінің өмір мінездес болуы да содан.

Бөрікті аспанға атып, аттан салып,

Жігіттер, мақтанбалық, мақтанбалық

Қашаннан қазақ деген сыр мінезді,

Мақтаусыз да мақтансыз жатқан халық,—

дегенде де ақын өмір маңызын көксіп отыр. Поэзия өзін-өзі жариялаудан, жар салудан емес, өмірлік мұрат, түйінді тоқтам екенін тереңнен ұққан ақынның лебізі, реакциясы.

Қысқасы, Мұқағали арқылы қазақ поэзиясы жел сөзден арылды. Жұрт жоқтан-бардан ұйқас құрудың өлең емес екенін түсінді. Мұқағали жырларынан кейін өлең жазу қиындады. Ал таланттар үшін, о, тұман арасынан жарқырап күн шықты! Сөздің ғана емес, ой сәулесі сыңғырлап, аққу қанаттары қазақ даласын думанды мерекеге бөледі. Шынайы

музамен жолығысты. Шын мәнінде ақынның поэтикалық ерекшелігі сөзден гөрі ой ауқымымен қиял дүниесінің байлығымен өлшенетіндей.

Ақынның суреткерлік қиялы қанша биік болса, сонша дәрежеде оны жер бетіне жақындатады. Мұқағали сияқты аса дарынды ақынның шабыт көзінде, әсемдіктің нелер сиқырына тартатын құдыретті музасы да аспанда емес, жерде екеніне көз жеткіземіз. Адамның ғана ойлау, қиялдау мүмкіндігінің құдыреттілігіне көз жеткіземіз. Яғни, әсемдік көзі тек өмір екеніне көз жеткіземіз. Иә, өмірдегі әрбір тыныстың бір жұтым ауаның құнына жеткен, бағалаған сирек ақын еді Мұқағали.

Мұқағали — жер бетіндегі адам табынатын қасиеттен ұғым-дүниелердің бәрінен «құдай» жасаған ақын. Туған жер, адам қадірі, ананың да ақ сүті, адалдық т. б. ең жоғарғы нота тіліне айналады. Міне, осы жерде оның өлең техникасын сөз етуге болады. Поэзияның алғы шарты саналатын ұйқас мәселесі өз мәнінде ақынның ойлау арсеналына сай. Жалпы өлең техникасына мықты мән берген ақын. Бұл — аса үлкен мәні бар мәселе. Өйткені, көркемөнердің негізгі мақсаты — сезімді екінші кісіге жеткізе алуында ғой. Иә, осылардың бір-бірімен үндестігінен поэзия шамы жанады.

Мұқағалидың ақындық лабораториясы шынында да күрделі. Өйткені, ол алдымен, адам болып өмір сүрді. Онда да от пен судан жасқанбайтын, сәби көңіл, батыр қолды, ақын жанды жаратылысымен өмірлік ситуациялардың қайсысымен болса да бетпе-бет келіп жүрді. Ендеше ол үнемі муза қууға туған жан бола тұра өнерден гөрі өмірмен қоян-қолтықтасуға мәжбүр болды. Ақынның осы адалдығының өзі (өмірге) поэзиясына қолтаңба қалдырды. Ақын образын, стильдік бет алысын айқындады. Ақынды өлтірмейтін негізгі қасиеті — осы. Ақын өз поэзиясымен тірі тұлғасын сомдап кеткендей. Өмір мұраты — адамзат көшінен еш қалмайтын, ескірмейтін мәңгілік мәселе ғой. Осы тұрғыдан Мұқағали мұрасының ғұмыры ұзақ.

Жер мен көктің желініп арасында,
Желігесің түсесің қара суға.

Күйын қуған қаңбақтай аласұра,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?

Өзін — тап басып таныған шынайы жолдар. Қабаттардың қабаттарына өтетін ақын назары, ақыл-зеректігі ие түрлі жұмбақ сырлардың шешуін шешіп тастайды. Ұшқыр ойдың даналығы поэзияға қандай келіседі.

Шаң шығарып ізінен күйындаған,
Барасың ба, өмірім, қиындаған!
Сыйың маған,
Ей, өмір, сыйын маған,
Сыйынды алам мен сенің бұйырмаған,—

деген ақындық пафостан туған өктем үн ғана емес, ақындық алып күшті сезінуі, көркемөнерге лайық субъектінің қатпарлы шыидығын ақылмен дәл ажыратуы.

Көркемөнердің жібекше судыраған сусымалылығы сонда, Мұқағалидың әлгі пафосты жолдарын әркім-ақ қолданады. Бірақ дарымайды. Оның тұтас тынысына, бітім болмысына үйлеспейді. Мұқағалидан ондай кездейсоқ жолды кездестірмейміз. Ол — бүтін. Әрбір жолы сол бүтіннің кішкене бөлшектері. Сол бүтіндікке жетпейінше ақын дара-ланбайды.

Бәрі де бар...
Басымда бәрі де бар.
Жан емесін жарымжан дәріге зар.
Жетпейтіні — жүректің әні болар,
Бақыт, бақтың тарыдай дәні болар...

Жүрек сөзі ұлы шындықпен үйлеседі-ақ. Шынайылық пен шындық келісімі поэзия тудырып тұр. Шындыққа жүгінесіз, шынайылыққа елжірейсіз. Қуанып, шаттанасыз. Табиғаттың алдында бас нетін әрбір адамды аялап мұңға батасыз. Поэзия осындай табиғи да терең сезімді оятудың құралы. Адамға деген сүйіспеншілік туғызатын поэзия ғана — шын поэзия. Мұқағали жырларының бұл тұрғыдан орны өзгеше. Мұқағалида абстракциялы еш нәрсе жоқ, бәрі нақтылы. Шығармасына алыстан тақырып іздемейді. Ешкімде жоқ «махаббат» жырланбайды. Бәрі таныс, бәрі түсінікті. Бірақ күйкішүйкі емес, ең маңызды, ең мықты өзіндік өзгешілігі мен қасиетін паш етеді. Сонша асқақ шындық

адам жүрегінің қалыпты ырғағымен жетеді. Ең ғажабы сойда, оның жүрек сөзі — тұнған поэзия. Жүрек лүпілдеп соққан сайын сырмен бірге муза төгіледі. Ақын өзінің ешкім қол созып ала алмайтын шабыт шалқарына да осы майда қоңыр үнімен көтеріледі.

Көбейте берме, жаным, шашың ағын,
Жаным, сен жасымағын, жасымағын
Нөсерлетіп, бір сәтте басыламын,
Шашылады шұғылам, ашыламын.

Үлкен мінбеде емес, ақынның жарына айтқан жалғыз ауыз сөзі ғой бұл. Алайда, бусанған поэзия буы бұрқырап тұр. Тіпті, ақынның қара көзі де — поэзия. Қара көздің өн бойындағы үйлесім мен үндестік, келісім мен кесектік, ұйқас пен ырғақ таңдапдырады. Силлабика құдыретін ашып бағады. Біз ақынның ең қарапайым шумақтарындағы поэзия элементіне әдейі үңіліп отырмыз. Оның болмысының өзі поэзия екеніне көз жете түседі.

Сауығып келем,
Жинап та келем есімді,
Сағынып қалдым,
Саламат өмір кешуді,
Тағат таппастан,
Тартамын алға көшімді
Жазып бітпестен жазбаған маған өшуді.
Қиын ғой
Қиын...
Көшімді жолға доғарған.
Жана алмай бықсып, ошақта отын жоғалған.
Жаға алмай сенсең жалын мен отты
Сол арман.
Жалындап тұрып,
Өртеніп кетсен, жоқ арман!

Ақын өлең жазып отырған жоқ, көңіл-күйін сізге баян етіп отырғандай: сол ауызекі әңгімеде үлкен өмір жасап жатқан үлкен жүрек тынысы бар. Бүкпесіз тура жетер жүрек сыры ешбір бейнелілік тілемейді. Сол тұнық қалпында поэзиядай бұлды, поэзиядай құнды. Мұқағалидың көп туындылары осындай. Әсіресе, бояу, жалған жалаудан аман.

Сондықтан да Мұқағали әр сөзіне орын іздеп ұйқас құрамайды, оның ой жүйесі сезім қабаттарының өзі табиғи поэзия ұйқасынан тұратындай. Жоғарыдағы жолдар ұйқасында мін бар ма? Бел-

гілі он бір буынды не жеті-сегіз буын өлшеміне қамалып отырған жоқ. Еркін ой, ерікті ұйқасқа жетелейді. Бірақ ақ өлеңдегідей «қара кесек» емес, ағып тұрған поэзия шумағы. Өлең формасы оның текшелі ой айшығын бұза алмайды. Ендеше сол төкпелі поэзияның ішкі мазмұн байлығы қосылғанда өлеңнің өрісі биіктей береді. «Жалындап тұрып өртеніп кетсең, жоқ арман» деген кесек қимыл ғой. Қасымды еске түсіреді.

Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,
Сынауға тіптен құмар кім көрінген.
Бірақ та,
Білесің бе, ей, кім көрінген,
Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!

Бұл да әлгі шумақтың стиліндегі, характеріндегі өлең. Сонымен бірге өмірдегі ақын тұтынған принцип пен ақын поэзиясынан хабар беретін, азаматтығын анық көрсететін жолдар. Жаны жайсаң, адал жан өмірдегі тұрақты тартыстан бойын аулақ ұстай алмайды. Ақынның поэзиядағы бұл мінезі де Абай, Қасым дәстүріне жалғасады. Азаматтықтан биік ақындық болу мүмкін емес.

«Кей-кейде мына өтірік күлген көзіңнен сұмдық бір жаттық сезінем. Безінем онда өзіңнен, өзіңе деген достығымнан да безінем» деген өлең шумағын қара сөзге оп-оңай айналдыра салдық. Ал, өзге ақындардың кез келген шумағын қара сөзге айналдырып дәл мұндай мархабат таппайсыз. Яғни, Мұқағали өлеңдерін поэзия етіп тұрған оның ырғақ, ұйқасы ғана емес, сөздің ішкі құнары, өңін қалай айналдырсаң да ойсырамайтын терең мазмұндық қасиеті. Мұқағалидің әрбір өлеңінен біз осындай қасиет көреміз. Табиғи ұйқас деп отырғанымыз мүмкін сол мазмұнның саралығы болар. Әйтеуір Мұқағали өлеңі жұғымды да сенімді. Мөлдір бұлақ суын сіміре бергендейсің, сарайың ашыла түскендей.

Табиғат құбылысымен егіз ақын оны жан сезімімен қоса өреді. Өйткені оның бойын алған алаулы сезім не берместей тасқынды еді. Суреткерлікке мойын бұрғызбай, өз жетегінде ұстады. Бірақ ақын өз сезіміне өзі өртеніп, құзар шыңның басынан құлаған қырандай мерт болған жоқ. Елін-жерін, ту-

ған жер топырағын армансыз құша, қай тәсілмен болса да өлең жолдарына айналдырып кетті. Асқақ сезімде қайта түлген табиғатпен мәңгілік табыстырып кетті.

Өткінші жаңбыр өрекіп барып өткенде,
Үздік те создық тырнаның үні жеткенде.
Киіз үйлерге қараймын дағы бөктерде,
Ырза боламын осы бір ырғын көктемге.

«Апыр-ау, мынау аңсатып жеткен көктем бе?» табиғат бұл жерде де сезім факторы. Тұтануды ғана күтіп тұрған сезім лау стеді. Жанып біткенше тоқтамайды, сіздің де дегбіріңіз бірге ұшады. Бұған ешкімнің ортағы жоқ, ешкімнің игеруіне көнбейтін таза «Мұқағалилық» стиль деп қараған жөн. Ал, мына жолдарда:

Аспан кетті араз боп наурызбенен,
Наурыз жүр жоғалған бағын іздеп.
Көктем жетті көрісіп, жашын үзген,
Қыс аттанды қоштасып, тағы бізбен.
Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,
Қыс барады қиылып, жылап тұрып,
Шатырында үйлердің наурыз жүр,
Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

Жұмекеннің, Төлегеннің, Қадырдың, Өтежанның да ортағы бар. Абайдың «Қысынан» басталған бейнелілік көрінісі бұл. Осы типтес өлеңдерге ақын таланты көп тітіркене қоймайды. Поэзияда игерілген анда-санда жәй ермек ететіндей. Алайда, көп ақындар осы тәсілді творчестволарына арқау еткенін де көрдік. Поэтикалық өлшеміне айналдырады. Мәселен Өтежан мен Жұмекен негізінен осы ырғақ, осы тәсілде жазады.

Ілініп түн тұр тауларда,
Дамылдап тірлік қалған ба?
Алыстан оттар жанады,
Жай таппай мына жалғанда
Адасып жүрген арман ба?

Міне, Мұқағалидың қасқа жолы осылай көсіледі. Қас тұлпар бауырын жазғанда маңына жанды жуытпайды. Қамшы тұрмақ тізгінді де тигіздірпейді. Осылай көсіле берер еді, талуды білмей көсіле берер еді, оны ой тоқтатады. Ой ғана алаңдатады.

Жарқ етіп, кейде бір өшіп,
Бұландап шалқып, түр есіп,
Сөндірмек болған самалмен,
Сөнгісі келмей күресіп,
Бір жапады оттар, бір өшіп.

Жанарын сонау медненге қадап, шарпыған сезім отын ой елегінен өткізіп, бары мен базарын безбенге салады. Осы тұстағы ақынның қол жеткен табысы, поэтикалық биігі тым жоғары. Абай жеткен психологиялық өрнек, Абай жеткен терең сезім аналиті, Гете масштабы.

Мұқағали творчествосы бүгінгі қазақ поэзиясында өркен жайған дәстүрімен бағалы. Әсіресе, лирикалық баяндаудың өзгеше бір саздылығы, қоңыр самалдай жағымды әуені Мұқағали арқылы келеді. Жалпы Мұқағали стилі лирикалық баяндауға келгенде су төгілмес жорғадай бүлкілдейді. Осы стиль оны поэмаларға жетеледі.

Есіңде ме?
Екеуміз де елде едік.
Екеуміз де жоқ нәрсеге шөлдедік.
Есіңде ме тар лашық аласа,
Еденіміз текемет пен алаша,
Аласа үйде — асқар таудай тамаша
Аласұрып қуанушы ек балаша,
Сонда біреу екеумізге қараса,
Тамыз еді...
Жылға, тоғай.
Оңаша.
Шіркін, сол шақ!
Тамаша еді тамаша!
Онда тамыз, мұнда, міне, қараша...

Міне мұнда лирикалық баяндаудың өзгеше бір үлгісі бар. Лирикалық жолдардан сезім мен сөзді ойнатудың үндестігі сезіледі. Сөзді поэзия тілінде ойнатудан нұқсан келмейді. Мұндай тәсіл көпшілігінде сезімнің графикалық формасына айналатынын көріп отырмыз. Жаңа үлгі, тың табыстары ақынның негізгі құярынаи, негізгі творчестволық методынан ешқашан жырақтамайды. Қайта, толықтырып, жетілдіре түсудің жолдары секілді. Оның қандай да жаңалығынан арналылығының салқыны сезіліп тұрады. Жоғарыдағы жолдарда тармақ өзгергенімен, ойнақы мінез, өзгеше бір жеңілдік дарытқанымен он бір буынды қара өлеңнің қойнауы-

нан шығып жатыр. Сырттан телинген еш нәрсе де жоқ, бұл тұрғыда бірінен-бірі өткен жыр моншақтарын Мұқағали томдарынан молынан ұшыратамыз. Сусын қандырып, рухани жасайсың-ақ.

Мұқағалидың шын талант биігіне көз жіберсеңіз бас айналады. Бақсақ, көздің жауын алатын жырдан гөрі поэзия сиқырымен бойыңды булайтын жырлары көп. Соның ішінде оның поэзия асқары адам психикасы мен дүниетанымындағы штрихтарды тап басуы биіктеп кетеді. Философиялық ілімнің поэтикалық тілмен жазылған трактатына айналады. Философиялық мәні зор шындық поэзияға айналып, тұнып тұр.

Иә, Мұқағали психолог қана емес, психологияны кеңінен меңгерген ақын. Әсіресе, оның сезімдік психика циклы — эстетикалық өріс емес, зерттеу. Ол өмірді зерттейді. Өзін-өзі зерттейді. Осы жолда адам өз сезімі арқылы қалай биіктеп, қалай аласартатынын ашты. Адамдық пен хайуандық шегарасын бөлді. Адамдық сезімінің осынша көрнекілігінің өзі жамандықты әшкерелеудің құралы бола алады. Абайша ашық күрес Мұқағали талантынан осылай жаңаша жол тапты.

Сезбейсің ғой, сезбейсің ғой сен мені,
Көрмейсің ғой кереметті мендегі
Түсінсейші сарсаң болған пендені
Түсінсеңші
Ақыл-ойым кем бе еді?!

Бұл дір еткен сезім, мөлдір лирика тамшысы ғана емес, бойды бұған бұла күш — талант күшінің сыртқа шыға алмай бұлқынған сәті. Іштегі ұлы дүниенің жарыққа шығардағы заңды толғағы. Зәр жұтқандай қиналыс, ерні кезере шөліркей, перзентін көруге зарыққан ананың «жыр» келбетін көргендей боламыз. Бір сәт ақын поэзия анасына айналғандай, қасіретіне, қасиетіне қанығамыз, қамығамыз.

...Қулары таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен
Менің нәзік жанымды кім түсінер?

Мұнда ақын сол жыр-перзентін аңсайды. Іштегі асыл қазына-адамдық асыл сезімнің нелер жаһұтын қатарын бұзбай түсіріп үлгере алмағандай болады.

Адамдарға бәрін жарқыратып ақтара алмағандай көрінеді. Адамдықтың шынайы асылын жайып салса пенделік құлқын жат қылығын жояр ма еді...

Текстің сыртындағы мұндай ойлар ұшығын ақынның өзге де жырларынан оқыған сайын тереңдей түсінеміз. Текске сыймайтын тылсым сырдың қадіріне көпке дейін өзінен өзгелер бойлай алмасын да ақын көріп отыр. Өз биігін өзі бағдарлап отыр.

Ақын алдымен жарық дүнне, жақсыны сүюден бастап, өмірді сүюдің құлына айналады. Сүюден жүрек пәк сәбиге, періштеге айналады. Күрделіліктің көгіне көтерілген ақын о бастағы сәби күлкісіне қайта оралады. Адам болып айқасқан арыстан жүрек қанатты періште болып қалықтайды.

Жер бетіндегі нағыз адам өлмейді, періштеге айналады екен-ау. Ендеше оның интеллектісіндегі осы ерекшелік бүкіл творчествосының арқауын белгілейтін өлшем. Азамат ақын адам боп өледі. Нағыз ақын мен азаматты бөлу қиын. Олай болса, Мұқағали творчествосы ақын-азамат адамша ғұмыр кешкен парасат иесінің жазбаларынан бөтен ештеңе емес. Жоғарыдағы үш атаудың қасиетті киесі оның әрбір демімен сыртқа шығып отырады. Оның шеберлігі де поэзиялық қуаты да тек сонымен сабақтас. Лирика мен ақынды біте қайнастыратып да осы қасиет.

«Алайда, аласапыран тіршіліктің, алдында күресе алмай тек сілейдім» азаматтық борыш, адамдық хақысы емес пе? Дәрменсіздікпен беттескенде қандай қайғылы күй шығарып, лирикалық бояу шашады. Атамаңыз, мұнда күйректік тұрмақ элегиялық та сарын жоқ. Оптимстік лиризм.

Доссызбып деп айта алман халқым барда
Саясында хақым бар салқындауға.
Қарғамаса болғаны халқым мені
Айналмасам болғаны нарқым дауға...
Қалт-құлт етіп мейлі мен күн кешейін
Күн кешейік, еліммен бірге өсейік.
Мені әзірге, ей, тағдыр, мазалама,
Емін-еркін жұртыммен тілдесейін!

Ақтық дем қандай жалынды жігерге толы. Іргелі ізгілік, сарқылмас сағынышқа толы. Көл-көсір се-

зім мен парасат биігі, азаматтық пафос өзгеше үндеседі. Алдын болжаған интуиция-данышпаны лирикалық жанрлардың шырақшысындай. Сөйбейтін поэзия шырағының кепіліндей. Алаулаған от сезім күңгірт тартса сөнбес шыраққа айналып жан түкпіріне жарық түсіреді. Сәуле түспес жан толқыныңды жылытады. Тозбайтын, түгесілмейтін ақын сезімі түсін өзгерткенімен маңызын жоймайды. Осылайша жалғаса береді, жалғаса береді. Кеудесінде жаны бар сезім көші тарих керуеніне айналғанымен ұшар басында ақынның зор тұлғасы, тау тұлғасы жасырынбақ емес. Ғасырларға қол бұлғайды. Ұрпақтарға құшақ жаяды...

Ақынның шын мәніндегі поэзия отанынан алатын орны біздің жалаулы жолдарымыз деп қана түсінбеу керек. Өйткені, ақын сезімінің драматизмі тым нәзік. Қатпарлары күрделі екенін естен шығармау керек. Әсіресе, өзгеден гөрі өзгеше бағасын білетін, құнына құныққан ақынның өмірмен қоштауы сезімнің нелер тылсым нiрiмдерiн үйiрдi-ау. Мәселен:

Туған жер сағындырды, келді есіме,
Өзім кепіл енді оны көрмесіме,
Тағыдай тауда өскен тарлан едім,
Таңылдым емхананың бөлмесіне.
Кім кепілдік береді өлмесіме!
О, дәурен, неткен ғажап сүйікті едің!
Жайылған жасыл маңда кнiктерi
Таңғы самал жататын сүйiп менi,—

деген жолдарда ынтық жүрек лүпілі өзгеше әлем жасайды. Туған жер енді бір кездегі «шыршаларым, аршаларым, бәріңе арнап мен бүгін ән саламын» дегеннен бөлекше бебеулейді. Көз алдында бал-бұл жанған туған жер табиғаты енді сазды мұң ойнаған бейіштің кең сарайына айналады. Мың күндік бейіштен бір күндік жарық артық екені еске түскен сайын сағыныш сазы асқындай түседі. Амалы таусылғандай күй кешеді. Бірақ санадағы сарқылмас муза салтанат құрады. Еш толассыз өз міндетін өтеуде.

Қасқа бұлақ басынан неге кеттім?
Не деген жел айдаған көбелекпін.
Еркіндік, еркелікті місе тұтнай,

Тасқа әкеп өзімді-өзім шегелеппін.
Пай, пай, пай!
Сағындым-ау, сағындым-ау!
Талықсып тар төсекке таңылдым-ау!
Қапыда қалтылдаған жаным мынау,
Жаратқан, неғылдым-ау, неғылдым-ау?!—

деген жолдар әл үстіндегі адамнан қалай тұмақ?
Ақын жаны жол таппай шарқ ұрған сайын поэзия әлемінде жасын ойнайды. Бұл бір тітіркенген сәт қана емес, Мұқағали поэзиясының бір бөлігін қамтитын лиро-психика философиялық мәнді саласы. Иә, ақын бірде асқақтап кетеді, қырандай қалықтап, көз ұшына көтеріледі, бірде балаша егіледі, құшағындағы сәбиге айналады, енді бірде дүние тұтқасын қолына ұстаған әмірші. Ең ғажабы, осы мәнді мазмұн мінсіз поэзия мүлкіне айналады. Ақын поэзиясының сөнбес күні шығады жарқырап.

Жоғарыдағы жолдарда сезім драмасы бар болмысымен ширьқан шытырман күйінде жүректі ғана емес, санаңды да билейді. Яғни, ақын лирикалық сезім-күйді бейнелеу миссиясынан жоғарылап кетеді. Сын сағатта тығырыққа тірелмейді жанының бар трагедиясын өзгеше бір шабытпен аша отырып, философиялық ұлы шындықпен беттестіреді. Адам мен табиғаттың мәңгі қауышар сәтін лирика құтымен өрнектейді. Тым нәзік табиғи сезіммен жеткізеді. Ақынның мәңгілігі, ұлылығы осында. Дәл осы тұстағы талант құдыретінде. Диапазон кеңдігінде.

Ақынның бұл қатардағы лирикаларының характері әр түрлі. Жоғарыдай сезімді тура жеткізетін ұшқыр үлгілермен бірге ойын астарлы жеткізетін аса бейнелі өлеңдері де баршылық.

Күн бүгін тұрып алды күңіреніп,
Шіркіннің ашылмайды рені түк.
Күреніткен ауылдың сырт жағында,
Мені де отыр ма екен біреу күтіп
Күн сияқты ол дағы күреңітіп.

Психологиялық күй қандай бейнелі өрнектелген. Поэзияның өрт-желі басылып күздің қоңыр лебі көңілге біруақ байыз тапқызғандай. Жанған жүрек табиғаттың мәңгілік құдыреті алдында кішілік танытып, мойын ұсынғандай. Бұл мою емес, табиғи

мойындау. Жеңіліс емес, жете түсіну арқылы жеңіске жету. Биікке көтерілу.

Кім күтсін, кім жоқтасын онда мені,
Күтетін бір махаббат болған еді,
Күте-күте күдерін үзген шығар
Күреңіткен мына күн сол ма тегі?!—

дегеиде де пессимизм емес, оптимистік лиризм аңғарылады. Әдемі мұңиан нәр алып, өзгеше өмірмен тыныстайды ақын. «Бұл күнде жоқ әжелер, аталарым, кім күтсін, кімнен барып бата аламын».

Көріп отырмыз, ақын бар қасиет тұтар «пірлерін» шақырады. Жан жайлауында солармен ақырғы рет сайрап құрады. Өзгеше бір ынтық деммен қауышады. Жоғарыдағы жолдардағы сезімге әсер етерлік күшті лирикалық қуат осы факторлардан туып тұр. Сонымен бірге ақын сезімінің жетегінде кетіп, тасада қалып бара жатқан әлгі жолдардағы сөз құдыреті, шахмат жүрісіндей орын тапқан сөз кестесінің де ролі айрықша. Бұл жазбалар сөз жоқ, ақын рухының талмай іздеген, айнымай ілген қасиетті еңбек жемісі. Сондықтан «Мені де отыр ма екен біреу күтіп, күн сияқты ол дағы күреңітіп» дегендегі немесе «Күте-күте күдерін үзген шығар, күреңіткен мына күн сол ма тегі» сияқты символдық бейнелі сезім, өмір сырымен бірге поэзия сиқырын игергендігінің кепілі. Бұл — өмірден гөрі поэзияға ғана тән тылсым. Тым астарлы, терең қабаттағы символ. Ол айтып отырған қыз оның нақты махаббатынан бөлек. Өмірге деген өлшеусіз махаббаттың қылаң берген қызыл түлкідей бір көрінісі іспетті. Сол арқылы өлеңге тарап тұрған сазды мұң, тым-тым әріден маздаған өмір оты, махаббат ұшқыны, көркемөнер үлесі. Романтикалық асқақ рух қана іле алатын алтын құс, сол ғана қона алатын алтын тұғыр.

Біз жоғарыда да баса айттық, Мұқағали айтқыш ақын. Оның айтқыштығы анықтықпен ғана бағаланады. Не құдыреті тек реализммен тұғырықтайды. Бұл сыншы емес, ақындыққа сирек бітетін қасиет. Поэзия табиғатына тән бейнелілікті де ақын жете меңгергеніне жоғарыда көз жеткіздік. Әсіресе, ақының реалистік пландағы стиліне сыналап қана өтетін бейнелі деталь Мұқағали поэзиясына ауқым-

дылық береді. Өмірдің ар жағындағы кеңістікті меңзейтіндей.

Сүйгісі келе берер сүйген ерін
Сүй, жаным!
Сүйкімді бір күйге енемін.
Жүрегіміз жақынан бірге соқсын,
Ағытшы бешпентіңнің түймелерін.

Қатты ескертетін бір нәрсе — бұл сияқты интимдік өлеңдер Мұқағалида жалғыз-жарым ғана. Оның ұлы махаббаты интимдік дүниелерге мойын бұрғызбайды. Ал, мынау өлең ашық сырды әдемі жеткізеді. Дөрекіліктің ізі де жоқ. «Ағытшы бешпентіңнің түймелерін» деген жол ұлттық инабаттың символындай. Бірақ ол махаббаттың қалқанын бетке ұстап жасқаншақтап тұрған жоқ. Еркін сезім, еркін ой кідіріссіз төгіледі. Алдау-арбау, бөгде қылық, бөтен сөзге орын жоқ. «Тар төсекте төсінді ніскер ме едім жалаңаш» деген Абай жолдарының әсем толқынды биязы ғана бір түрі. Олай дейтініміз осы шумақ характері өлеңнің өн бойында бірдей емес. Келесі шумақ импровизаторлық сипат алады. Әлгіндегі қалыпты шындық динамикалық өріске ұласады.

Сүй, жаным,
Сүйе бергін, кім біледі.
Бір кезде еске аларсың, түнді, мені.
...Жалт етіп өте шыққан баяғыда,
Жастықтың толықсыған бір күні еді.

Тармақ саны бірдей болғанымен өлеңнің композициялық құрылысы өзгереді. Соңғы екі тармақ уақыт аралығын кеңістікпен жалғайды. Міне, бұл Абайдың реалистік дәстүрін ақынның жаңаша өрнектеуі. Өлеңнің үшінші шумағындағы мынадай романтикалық бейнені де Мұқағали Абайдан алған жоқ:

Ұялып барады етіп бұлақ бала,
Бұйығып үн қатпайды жылзп қана
Баланың мандайынан сипалаған
Дірілдеп айдан тамған шуақ қана.

Өлеңнің интонациялық дәстүрінде Сұлтанмахмұт, Ілиястың үлестері бар. Табиғатты тану, оны сезімде бейнелілікпен тірілту реалистік әдебиетімізде Абайдан басталғаны рас. Мына шумақта да сол

дәстүр бар, бірақ Абай стилінен іргелі өзгешелігі ақынның ғана емес, поэзиямыздағы тың тыныс ретінде сезілмей қоймайды.

Біріншіден, тұтас шумақ тек бейнелі тіл айшықтарынан құралып, символға тұтасуы — ұлттық поэзиямызда сирек кездесетін құбылыс. Ақын шеберлігі сонда — ол сирек таланттар ғана көтерілетін символдық табыстарын реалистік өрнекпен ұштастыра біледі. Еліге құмартумен символикаға бой алдырмайды. Мәселен, жоғарыдағы бес шумақ өлеңнің жалғыз-ақ шумағы символ мәндес. Алайда, оның өзі терең мазмұнмен, бейнелі тіл құралдарының тың, ойының сонылығымен символдан гөрі өзгеше эстетикалық категорияға ойысады.

Екіншіден, бес шумақтаи тұратын таза сезімдік өлеңге сюжеттік желіс алғандай бір қызмет атқарып тұр бұл шумақ. Бұл көркемдік шешімде лирикалық өлеңдерімізде көп кездесе қоймайды. Жалпы бұл тәрізді шумақтар кей сәттерде талант қырынан жалт ете қалғаны болмаса, негізінен Мұқағали творчествосына етене тән сипат дей алмаймыз. Эстетикалық өзегін, поэтикалық жұмбақ сырын нақты көрсетуге еш көнбейтін сан қырлы поэзия шұғыласы табиғаттың өзімен өрелес қанша асқақ болса, сонша құпия. Ақынның асқақ үні — сол поэзия болмысы. Бұл екеуін ажырату мүмкін емес. Үшіншіден, өмір шырынына қанбастай шөл ақын өлеңдерінен жалын атады. Көп жағдайда ондай сезімді оймен өріп, ақылмен тұзақтаса да, патетика сезілмей қалмайды.

О, өмір!
О, не қылған сиқыр едің!
Қалай-қалай соғады құйты желін?!
Діңкелеп, шаршап келіп жантайғанда,
Тәтті бір түс көрсеткен ұйқы ма едің?!

Осы өлеңнің негізгі эстетикалық мңрасы мынау еді деп тап баса аламыз ба? Бірақ жалғыз шумақ ақынның жалын атқан жан лебіндеі естіледі. Ең алды ақынның көрік-кеудесінен ұшқан от ұшқыны жетеді бізге. Содан кейін барып поэзияның өзге қасиеті — көркемдігі, терең мазмұнды философиялық астары, сөз кестесі т. б. көңіл аудартады өзіне. Уақыт талабына орай туған поэтикалық орамдар

ақын талаитының биік деңгейінеи шешім табады. Қанондық схема өлеңде жоқ. Оқырманмен бетпестелік келетін ауызекі стиль. Бірақ мәселе осы биік поэзиялық деңгейде. Бұл жерде әңгіме ақынның сөз саптауында ғана емес, немесе, өлеңнің интонациялық өзгешелігінде де емес. Оның бәрі екінші планнан көрінеді. Мәселе, поэзияның тұзақтауға көп көне қоймайтын эпицентрін ақынның аша алуында. Ол қарапайым сөздерден құрала ма, күрделі, метафоралық айшықтардан тұра ма — қатаң заңдылық жүрмейді. Қай жолмен болса да көздеген поэтикалық «қамалдың» алынуында. Бір-ақ ауыз қарапайым шумаққа сонша тоқталуымызда осынша сыр бар. Әдеби сауатымыз бен зерттеу сауатымызды жнып қойып осы шумақты оқығанда қандай әсер алып, күй кешеміз. Әңгіме өлең сөздің сол қадыр-қасиетінде жатыр. Ақынның өзегін жарып шыққан сөз қуаты мен ой маңызында жатыр. Поэзия дегеніміздің өзі ұйқас пен ырғақ қана емес, аз сөзге көп мағына сыйғызарлық өмір философиясы ғой. Нағыз ақын текстісінің артында ұйқасқа ілікпеген тұтас дүние танымы, өмірбаяны, эстетикалық мектебі жатады. Ендеше, Мұқағали өлеңдерінің де қалың қабаттары том-том еңбек. Олай болса, оның творчествосы, поэтикасы поэтикалық ерекшеліктерін саралаумен тынбайды. Оның философиясы, эстетикасы ауқымды зерттеулерге сұранады.

Мәселен, «Діңкелеп, шаршап келіп жантайғанда, тәтті бір түс көрсеткен ұйқы ма едің? Қандай нәзік, сазды жетсе, астары сонша кең жатыр.

Ақынның өмір жайлы түсінігінің өзінде көркемдік мағына, эстетикалық мұрат, философиялық ой тұр.

Ақын бейнеттен зейнет күтуді өмір деп ұғады. Адамша ғұмыр кешудің шын бақытын нұсқайды. Сондықтан бұл екі ұғымды қашан да қатар қояды. Оның поэзиясынан тоқмейілісіну, табысқа мас болу, шаттықа шалқу сияқты көңіл күйдің сезілмеуі де содан. Ақындық пен ақылды тең ұстай білудің өзі талант. Азаматтық деңгейдегі шынайы суреткер дегеніміз сол.

Мұқали поэзиясының басты ерекшелігі ауқымды прозалығында. Роман, повесть жүгін арқалайтын

өлеңдері аз емес. Мазмұнға негізделген сюжетті өлең-позмаларының әңгімелеу шеберлігін көздеп отырғанымыз жоқ. Ол өз алдына әңгіме. Мұқағали шығармаларының эпикалық тыңшысы кең. Бір қарасаңыз сезімдік штрихтардан құралған роман оқып отырғандай сезінесіз. Сезімнен гөрі өмірді терең зерттеген жазушымен жолығасыз. Терең ойлы философты көресіз. Бұл жалпы жәйді әр ақын творчествосына телуге болмайтынын ескеріп, нақты дерекке жүгініп көрейік. Біріншіден, ақынның бұл қасиеті өлеңдерінің композициялық құрылысына қатты әсер еткен. Лирикалық сипатты өлеңдерінен біз көбіне «мазмұн» көреміз, философиялық толғаныс танымыз.

Не керек осы адамға?
Бүгін бе, болашақ па?!
Ақылгөй кәрілік пе, бала шақ па?!
Қнын-ау, өзін жатып жерошақта,
Жансыз тән, жанарсыз көз — болашақта.

Мінсіз лирикалық шумақ, сезімдік өлең алдымызға өмірдің күрделі сауалын тосады. Елестетіңізші, өнердің қай саласына да объект болатын эскиз ғой. Ғылымның да мәңгілік мәселесі:

Дал осы көшеменен кім жүреді,
Он жылдар, жүз жыл өтер кім біледі,
Оны тек сол шақтағы күн біледі,
Оны тек сол кездегі түн біледі.
(Бұлардың уақытпен бір жүрегі)
Кім салқындап отырар мына бақта?
Ойын-сауық ана жақ, мына жақта.
Сонда қалай?
Осы бақ орнында
Адамдар алма-кезек құламақ па?!

Лирикалық өлең прозалық өлшемге қалай ауысқанын сезбей де қаласыз.

Мұқағали өзін алғаш ақын етіп әйгілеген «Махаббат диалогы» «Қарлығашым, келдің бе?» снықты дүниелері арқылы-ақ лирика табиғатына проза еңгізген еді. Жанр ішіндегі осы бір жанрды ой шеберлік жағынан шынғады, мазмұн жағынан тереңдетті. Ақын диалог пен монологты қатар өрді. Негізгі тәсіліне айналдырды. Поэтикалық сыр-сипаты өзінше. Мұны алдымен түрлік жаңалық деп таныған жөн.

Қазақ лирикасында психологизмді Абайдан кейін айрықша тереңдеткен І. Жансүгіров еді. Бірақ Жансүгіров қазақ өлеңінің қаймағын бұзбай отырып сезімдік динамика жасайтын. Ал Мұқағали болса детальдік штрихтарға ерекше ден қойды. Жоғарыдағы диалогке құрылған өлеңнің мынадай финалы бар:

Білдім де артқа мойын бұрмасымды,
Тауға да, тасқа да ұрдым бұл басымды.
Сені еске алсам, келеді өмір сүргім,
От сөнді
Отауым жоқ.
Жын басылды...

Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер» арқылы көтерілген поэзиядағы психологизмнің жоғарғы сатысы, сезім арқылы симфония ойнатуының мәнері бар. Сөз қойнынан ақтарылған маржан тек мағынамен ғана асылданатын, жанды психикамен ұштасатын дәстүрі бар. Сонымен бірге, өлеңде формалдық ізденіс бар екенін де көріп отырмыз. Өлең алты тармақтан тұрады. Тармақ саны әр түрлі. Алайда, өлең тек буынға негізделгендіктен тармақ саны ырғақ пен ұйқасқа бәлендей өзгеріс әкеліп тұрған жоқ. Мәселен, соңғы үш жолды бір тармаққа сиғызсақ он бір буын қара өлеңнің бір жолы шығады да қояды.

Бұл өлеңдегі негізгі жаңалық үшінші тармақта. Ұйқасқа ешбір нұқсан келтірместей қиысып тұрғанмен ол он үш буыннан құралып, қалған шумақтағы қара өлең табиғатындағы ұйқастан шығыңқырап тұр. Өйткені бұл — ерікті ұйқас элементі. Өлеңге ауызекілік сипат беріп тұр. Ақын шеберлігі сонда, үңіліп зерттемесеңіз, сезілмейді де.

Ақынның туған жерге арнайы айтқан «арнау» өлеңдерінің де денін монолог пен диалог элементтерімен өрнектейді. «Сағындым ғой», «Арулар, хош болыңдар», «Саржайлауым» өлеңдері арнау сарынды, риторикалық қара өлең ұйқасты жырлар. Соның бәрінің керемет келісімінен туған жырлар.

Сағындым ғой, саялы тау арасы,
Сағындым ғой, жанымды дауалашы!
Көрсетпестен көк шалғын көміп таста,
Қарағайлы қалың ну қамалашы!

Жапырағын жамылтып, гүлін төсеп,
Бірін жастық болсаңшы, бірін төсек.
Екеумізге, ерке өзен, жараспай ма,
Тыным алмай күн бойы күбірлесек?

Адам баласына бітер сезімнің мұң мен қуаныштың, ерлік пен нәзіктіктің символы ғой бұл. Шынайы трагедия мен шын бақыттан өрілген өрім секілді. Бұл сияқты, өмірді өнерге айналдырудағы құдірет адамға дарыған сый әрі өнерді өмірден де биіктететін тұс.

Лирикалы сөз төгіліп тұрған сезім мен ұйқас құдіреті болғанымен, өлеңнің композициялық құрылысындағы риторика, арнай айту элементтері де белгілі дәрежеде көркемдікке қызмет етіп тұр.

Ақын көркемдіктің көгіне көтерілген не бір пафосты, поэтикалық сәтті табыстарынан да біз осы тәсілді танимыз. Мәселен:

Аққулар, кешіріндер, жазықтымын,
Қараймын керуеніне қажып бүгін.
Адасып кетті-ау бүгін сендерменен.
Алапат күшім менен нәзіктігім!
Ақ көлдің айдын төсін шнмайлаған,
Сұлулар, жатыр сені қимай далам.
Аққу боп неге ғана жаралмадың.
Адам боп өзіме-өзім сиямай барам.
Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің?
Қош енді, қанатым жоқ самғар менің!
Нуларым сыңси жылап қалды-ау менің,
Суларым жетімсіреп қалды-ау менің?

Осы өлеңдегі ақын сезімінің трагедиялық нүктеге көтеріле алған асқақ романтикасын формалық жағынан оның аққумен тілдесуінен, сырласып-мұңдасуы арқылы жүзеге асып тұр ғой. Яғни, мұнда да өзіне қарата сөйлеу, әңгімелесу, сұрақ-жауап іздері бар. Риторика өзгеше бір нәзік арқауға айналады.

Ақын халық поэзиясының үлгісін өзгертпей пайдаланатын тұстары да бар. Үлгі ұлттық дәстүрді еске салса, ішкі мән Мұқағалилап атой салады. Екеуі де жүрекке ыстық ұялайды.

Керімсал менің кең өлкем,
Жетемін саған мен ертең,
Аймалап мені қарсы алар,
Желпуіш — самал, жел — еркем,
Саялы салқын көленкем,

Байқайсыз ба, ұлттық көне дәстүрге келгенде ақын бауырын жазған тұлпарша көсілмей ме? Шын мәнінде еркіндік алады. Сезім драмасында от боп өртенген ақын толғақты сезімді толғағанда қанатын қақпайды, қалықтайды. Сөздердің қойындасуы мен ұйқас қандай! Әр тармақтың соңғы бунағындағы үйлесім — өзгеше ұйқас жемісі. Соңғы сөздердің ұйқасына мән берейікші: «тауларын — талдарын — орманың — жан-жағым — арманым». Немесе, «алып ұш — сағыныш — қанып іш». Яғни, түйдек Абай дәстүрлі реализммен қоса суарылып тұр.

Талантты ақындар творчествосы өнермен егіз екені мәлім. (Ән, күйді айтамыз). Өнерді Абай өлеңдеріне объекті етіп, тақырып етіп жырлағанын білеміз. Одан кейінгі Ілияс мектебі де, өз алдына сала Қасым, Сәкендер ше? Ал, Мұқағали олар салған дәстүрден сәл ауытқитындай. Біріншіден, ол өнерді арнайы тақырып етпейді. Бірақ оның барлық творчествосының арқауы — өнер. Оның өлеңдерінің саздылығы, яғни музыкалылығы тікелей ән-күйден сабақ алуында. Бірғақ төңірегінде ғана емес, ақындық рухын, өнер рухымен суарып отыратындығын айтамыз. Бұл тылсым сырды Мұқағали өзінің «Домбыра», «Ән» деген екі өлеңінде тереңірек ашып береді. Қара сөзбен, ғылыми стильмен емес, ақындық стильмен-ақ өнер өңірін ашады. Өнер құдыреті мен өзіндегі сезім құдыретінің шарпылысын бірінде драмамен, бірінде эпикамен жеткізеді. Екеуінде де шынайы өнер аруағымен жолықтырады.

Ал, Мұқағалидың «Ән» атты өлеңін түгел болмаса да, толығырақ келтіруге тырысайық. Өйткені, ол жеке-жарым сезімдік шумақтан құралмайды, тұтас драмалық-сезімдік симфония.

Сұмдық-ай, осы біреу мұң дауысты
Шыға алмай көкіректе туған ұшқын.
Күй тартып көкіректе боздатады.
Сұмдық-ай, осы біреу мұң дауысты.
Іздеп мен ойға да ұштым, қырға да ұштым.

Өлеңнің экспозициясы. Ерiкті ұйқас, еркін жол. Ақын емес, кейiпкер сөйлеп отыр. Сөйлеп отырған

жоқ, алдағы драмаға психологнялық ситуация жа-
сап отыр. Сахна әзірлігі, оқиға алда.

Осы бір боздау үнді естігенде,
Ән болып көкейімде есті жел де.
Ойыма ойран салып осы бір үн.
Бауырымды ұстарамен кескілеуде.
Апыр-ай, қайдан шықты, қайдан келді?!
Астаң-кестең сапырды айран — көлді.
Адамдар, айтыңдаршы, әлгі бір үн,
Апыр-ау, қай маңда еді, қай маңда еді?!
Толқытты-ау, көңілімнің айран — көлін.

Міне,— драмалық коллизия. Ән әсерінен ақын осындай күй кешеді. Есінен айрыла есеңгірейді. Өнер аруағы ләззаттан да өзге, өнер аруағы ша-лықтатады. Япыр-ай, ақыннан гөрі өн бойын дыбыс билеп алатын күйші композиторлар қасиеті ақын бойына қайдан біткен дейсіз. Бірақ ол ән жазбады, сөзге құлады. «Өнер алды қызыл тіл» деді, ақылы Абайды сыбырлап. Ақын сол музыка құдыретімен сөзді жарысқа салды. Өлең құрылысындағы, сюжетіндегі драма элементі содан туындайды. Сезім динамикасының өзі табиғи драмалық сюжетке айналады. Әлгіде коллизияның шешілуі мына жолдардан анық көрінеді.

Жүрегім жетімсіреп қалды-ау менің,
О, құдырет, әлде бір алдау ма еді?!
Тұлпардың құлыныңдай бұла дауыс,
Тұтқындап жан-жағымнан алды-ау мені.

Ақын жаны жұмбақтың шешуін тауып, тыным тап-қаидай. Сезім қысқан қыл арқан алқымын босат-қандай. Сезімнен титықтаған ақынның құр сүлдері қалды. Боп-боз құр шүберектей өңіне дейін көз алдымызда тұр. Міне, мұның бәрі драмалық қуат. Шекспир, қаһарманынан қай жері кем? Гемлеттің жанын қиған сезгендік, Отеллоның бойын буған сезім күші де осы емес пе еді?

«Тұлпардың құлыныңдай бұла дауыс тұтқындап жан-жағымнан алды-ау мені» деген қандай азапты да, аруақты еді?! Қалыпты шыидық. Әдеби бейнеліктен өзгеше ақиқат. Періштеге айналған пәк сәбидің кнелі үніндей естіледі. Тазалық пен дәрменсіздік қана қалғай ақын жанын құдыретті муза

ғана тербейді, әлдилейді, актық сағатта аңсаған жер-суы, топырағымен емес, музасымен ғана тіл-деседі. Сөйтіп азаматтық арманынан биіктейді. Жерге емес қанатын қомдай көкке ұшады.

Ал, «Домбыра» атты өлеңнің табиғаты кең тынысты эпикамен сабақтас жатыр. Сезім шырғуы жоғарыдағыдай драмалық қактығыстармен емес, шексіз кеңістікпен өлшенетіндей.

Дариға, домбырацды берші маған,
Жаныма келші, жарым, келші, балам!
Бейуақ інірдегі көніліме
Күй болып күңіреніп енші, далам! —

дегенде қаншалық кең пішімді сезім дархандығы жатыр.

Ақындық парасаты мен асқақ сезімі тасқа басылғандай анықтық табады. Ешкім орап өте алмайтын кеңдікпен, ешкім өшіре алмайтын мәңгілікке ұласады. Сезімін сабыр мен санаға бағындыра отырып, оның бар мәйегіи шығаратындай. Бар маңызын ұсынатындай.

Қорыта айтқанда, өкініш пен өмір қатар өбкен зор тұлға өнердін де ең биік тұғырына көтерілді. Иә, Мұқағали поэзиясы — өзгеше өлең, өзгеше өнер.

* * *

Біз қазіргі қазақ лирикасының даму тенденциясын айқындайтын лириктерімізге талдау жасағанда тарихи поэтика тұрғысынан келдік. Алайда, тарихи поэтика поэтика теориясынан тым алшақ ұғым деп түсінбеу керек. Бұлар бірін-бірі толықтырып, алмаса дамып отыратын категориялар. Сондықтан, стиль мәселесінде болсын, поэтикалық тілдің образ жүйесін зерттеуде болсын біз қашан да поэтика теориясына жүгініп отырдық. Алайда, біз «технологиялық» эксперимент жасаудаң бас тартып, аналитикалық талдауға ден қойдық. Қ. Аманжолов, М. Мақатаев, Т. Айбергенов, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, М. Шахановтар бүгіндік поэзия өкілі ғана емес, ұлттық лирика тарихын аңғартатын ақындар. Поэтикалық ерекшелігі мол, күрделі ақындар. Біздің бұл еңбегімізбен бұлардың творчество-

сы тамамдалды деу әбестік. Бұлардың творчестволық потенциялымен өлшегенде біздің еңбегіміз бастау ғана.

Мәселеи, әрқайсысының стильдік ерекшелігі, сөз қолданысы, көркемдеу тәсілі әлі де әр қырынан келіп зерттесе, әлденеше еңбекке жүк боларлық. Ең негізгі мәселе — өлең құрылысы әлі тың жатыр. Біздің алып отырған объектіміз — әр уақыттың талабына орай саидаған еңбектер тудыратыи күрделі объект.

МАЗМУНЫ

БҮГІНГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ	
ЖӘНЕ ПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ	3
БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ	
БАСТАУЛАРЫ	8
АВАРДАН БАСТАЛҒАН ЖАҢА	
ӘДЕБИЕТ ЖАЛҒАСЫ	28
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ	
ҚӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР	48
ЖАНР ТАБИҒАТЫНДАҒЫ	
ОЙ МЕН СЕЗІМНІҢ РОЛІ	110

Бакыт Қарибаева

**ПОЭТИКА СОВРЕМЕННОЙ
КАЗАХСКОЙ ЛИРИКИ**

Литературно-критические статьи

(На казахском языке)

Редактор *К. Қасымбеков*
Художник *Н. Нурмухаметов*
Художественный редактор *Ж. Қасымханов*
Технический редактор *Н. Сайфуллина*
Корректоры *Г. Ескубекова, З. Тулетаева*

ИБ 4051

Теруге 02.11.87 жіберілді. Басуға 28.04.88 қол қойылды. УГ № 21078. Қалпы 84×100^{1/32}. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 7,41. Шартты бояу көлемі 7,79. Есепті баспа табағы 7,65. Тиражы 2600 дана. Заказ 1303. Бағасы 55 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы ордені «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Қарл Маркс көшесі, 15/1-үй.